

ISSN (Print) 2616-6887  
ISSN (Online) 2617-605X

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ.  
ТҮРКІТАНУ сериясы  
POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES.  
ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series  
Серия ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ.  
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ**

**№1(150)/ 2025**

**1995 жылдан бастап шығады  
Founded in 1995  
Издается с 1995 года**

**Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год**

Астана, 2025  
Astana, 2025

**Бас редактор: Дәлелхан А.,**  
*PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары: Жолдыбалина А.С., PhD, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Астана, Қазақстан*

**Редакциялық алқа:**

**Абжаппарова Б.Ж.** т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (шығыстану)  
**Азмуханова А.М.** т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (шығыстану)  
**Айкенова Д.М.** Ph.D, «ID-sertteu» зерттеу орталығын директоры, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Бюлегенова Б.Б.** с.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Галимуллина А.Ф.** ф.ғ.д., доцент, «Қазан (Еділ бойы) федеральды университеті» ФМФЖБМ, Қазан, Татарстан республикасы, Ресей (түркітану)  
**Далелхан А.** Ph.D, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (халықаралық қатынастар)  
**Ерхан Доган** Ph.D, профессор, Мармара университеті, Стамбул, Түркия (саяси ғылымдар)  
**Ескеева М.К.** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (түркітану)  
**Какенова З.А.** Ph.D, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (халықаралық қатынастар)  
**Қадырбаев А.Ш.** ф.ғ.д., профессор, PFA Шығыстану институты, Ресей (шығыстану)  
**Кожамжарова М.Ж.** ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров Павлодар мемлекеттік университеті инициативасы, Павлодар, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Кусаинова А.М.** Ph.D, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (халықаралық қатынастар)  
**Манкеева Ж.А.** д.ф.н., профессор, Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан (түркітану)  
**Клара Шандор** Ph.D, профессор, Сегед университеті, Сегед, Мажарстан (түркітану)  
**Медеубаева Ж.М.** т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (халықаралық қатынастар)  
**Нечаева Е.Л.** с.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Нуртазина Р.А.** с.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Нуркан Озгур** Ph.D, профессор, Стамбул университеті, Стамбул, Түркия (саяси ғылымдар)  
**Ланко Д.А.** с.ғ.к., доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей (саяси ғылымдар)  
**Онучко М.Ю.** с.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Оспанова А.Н.** Ph.D, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (аймақтану)  
**Рыстина И.С.** Ph.D, Қазақстан Республикасының президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Рамакрушна Прадхан** Факир Мохан университеті, Баласор, Индия (аймақтану)  
**Сабитов Ж.М.** Ph.D, Ұлыс Жошы ғылыми зерттеу институты директорының м.а., Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Токтаров Е.Б.** Ph.D, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Толипов Ф.** с.ғ.к., Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан (аймақтану)  
**Тыбыкова Л.Н.** с.ғ.к., проф., Таулы Алтай мемлекеттік университеті, Таулы Алтай, Ресей (түркітану)  
**Чеботарев А.Е.** с.ғ.к., Almaty Management University, Алматы, Қазақстан (саяси ғылымдар)  
**Шаймердинова Н.Г.** ф.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (түркітану)

**Редакцияның мекенжайы:** 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.

**Тел.:** +7(7172) 709-500, (ішкі 31-410)

**E-mail:** vest\_polit@enu.kz, web-site:<http://bulpolit.enu.kz/>

**Жауапты хатшы:** Жиёмбай Б.С.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.**  
**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 24.02.2021 ж.

№ KZ05VPY00032822 - қайта есепке қою туралы куәлігі

Ашық қолданудағы электрондық нұсқа: <http://bulpolit.enu.kz>

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі,13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-410)

**Editor-in-Chief: Dalelkhan A.,**

*PhD, L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan*

*Deputy Editor-in-Chief:*

**Zholdybalina A.S., PhD, Deputy Director of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan**

**Editorial board:**

- Abzhapparova B.Zh.** Doctor of Historical Sci., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (oriental studies)  
**Azmukhanova A.M.** Can. of Historical Sci., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (oriental studies)  
**Aikenova D.M.** Ph.D, Director of the "ID-sertteu" Research Center, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Byulegenova B.B.** Candidate of Political Sci., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)  
**Galimullina A.F.** Doctor of Philology, Associate Professor, Kazan (Volga Region) Federal University, Kazan, Republic of Tatarstan, Russian Federation (turkology)  
**Dalelkhan A.** Ph.D, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (international relations)  
**Erhan Dogan** Ph.D, Professor, Marmara University, Istanbul, Turkey, (polit.science)  
**Eskeyeva M.K.** Doctor of Philosophy, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (turkology)  
**Kakenova Z.A.** Ph.D, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (international relations)  
**Kadyrbaev A.Sh.** Doctor of Historical Sciences, Professor, Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences, Russia (Oriental Studies)  
**Kozhamzharova M.J.** Ph.D, Associate Professor, S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan, (polit.science)  
**Kussainova A.M.** Ph.D, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan, (international relations)  
**Mankeeva Zh.A.** Doctor of Philology, Professor, Institute of Linguistics Akhmet Baitursynov, Almaty, Kazakhstan (Turkology)  
**Klara Sandor** Ph.D, Professor, University of Szeged, Szeged, Hungary, (Turkology)  
**Medeubaeva Zh.M.** Ph.D, Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (international relations)  
**Nechaeva E.L.** Ph.D, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Nurtazina R.A.** Ph.D, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Nurkan Ozgur** Ph.D., Professor, Istanbul University, Istanbul, Turkey (polit. science)  
**Lanko D.A.** Ph.D, Associate Professor, St. Petersburg State University, Russia (polit.science)  
**Onuchko M.Yu.** Ph.D, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Ospanova A.N.** Ph.D, Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (regional studies)  
**Rystina I.S.** Ph.D, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Ramakrushna Pradhan** Fakir Mohan University, Balasore, India (regional studies)  
**Sabitov Zh.M.** Ph.D, Acting Director of the Scientific Institute for the Study of Ulus Jochi, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Toktarov E.B.** Ph.D., Leading Researcher at the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan (polit.science)  
**Tolipov F.** Ph.D, National University of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan (regional studies)  
**Tybykova L.N.** Ph.D, Professor, Gorno-Altai State University, Gorno-Altai, Russia (turkology)  
**Chebotarev A.E.** Ph.D, Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan (polit.science)  
**Shaimerdinova N.G.** Doctor of Philology, Professor, L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (turkology)

**Editorial address:** 2, Satpayev str., of. 402, Astana city, Kazakhstan, 010008.

**Tel.:** +7(7172) 709-500, (ext. 31-410).

**E-mail:** vest\_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz>. **Responsible secretary:** Zhiyembay B.S.

**Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National**

**University POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES. ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ05VPY00032822 dated 24.02. 2021

Available at: <http://bulpolit.enu.kz> Periodicity:

4 times a year.

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-410)

©L.N. Gumilyov Eurasian National University

**Главный редактор: Далелхан А.,**  
*PhD, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

*Заместитель главного редактора:*

**Жоддыбалина А.С., PhD, заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Астана, Казахстан**

**Редакционная коллегия:**

- Абжаппарова Б.Ж.** д.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, (востоковедение)  
**Азмуханова А.М.** к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, (востоковедение)  
**Айкенова Д.М.** Ph.D, Директор исследовательского центра «ID-sertteu», Астана, Казахстан (полит.науки)  
**Бюлегенова Б.Б.** к.п.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (полит.науки), Астана, Казахстан (полит.науки)  
**Галимуллина А.Ф.** д.ф.н., доцент, ФГАОУ ВО «Казанский (Приволжский) федеральный университет», Казань, Республика Татарстан, Россия, (тюркология)
- Далелхан А.** Ph.D, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (международные отношения)  
**Ерхан Доган** Ph.D, профессор, Университет Мармара, Стамбул, Турция (полит.науки)  
**Ескеева М.К.** д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (тюркология)  
**Какенова З.А.** Ph.D, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (международные отношения)  
**Кадырбаев А.Ш.** д.и.н., профессор, Институт востоковедения РАН, Россия, (востоковедение)  
**Кожамжарова М.Ж.** к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Павлодар, Казахстан (полит.науки)
- Кусаинова А.М.** Ph.D, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (международные отношения)  
**Манкеева Ж.А.** д.ф.н, профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Казахстан (тюркология)
- Клара Шандор** Ph.D., профессор, Сегедский университет, Сегед, Венгрия, (тюркология)  
**Медеубаева Ж.М.** к.и.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, (международные отношения)  
**Нечаева Е.Л.** к.п.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)  
**Нуртазина Р.А.** д.п.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)  
**Нуркан Озгур** Ph.D, профессор, Стамбульский университет, Стамбул, Турция (полит.науки)  
**Ланко Д.А.** к.п.н., доцент, Санкт-Петербургский гос.университет, Россия (полит.науки)  
**Онучко М.Ю.** к.п.н., профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)
- Оспанова А.Н.** Ph.D., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (регионоведение)  
**Рыстина И.С.** PhD, Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, Астана, Казахстан (полит.науки)
- Рамакрушна Прадхан** Университет Факир Мохан, Баласор, Индия, (регионоведение)  
**Сабитов Ж.М.** PhD, и.о. директора Научного института изучения улуса Джучи, Астана, Казахстан (полит.науки)
- Токтаров Е.Б.** Ph.D., ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Астана, Казахстан (полит.науки)  
**Толипов Ф.** к.п.н., Национальный университет Узбекистана, Ташкент, Узбекистан (регионоведение)  
**Тыбыкова Л.Н.** к.ф.н., проф., Горно-Алтайский государственный университет, Горно-Алтайск, Россия (тюркология)
- Чеботарев А.Е.** к.п.н., Almaty Management University, Алматы, Казахстан (полит.науки)  
**Шаймердинова Н.Г.** д.ф.н, профессор, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан (тюркология)

**Адрес редакции:** 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 402

**Тел.:** +7(7172) 709-500, (вн. 31-410)

**E-mail:** vest\_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

**Ответственный секретарь:** Жиембаев Б.С.

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.**

**Серия: ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ. ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ**

Собственник: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева». Зарегистрировано

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на переучет №KZ05VPY00032822 от 24.02.2021 г.

Электронная версия в открытом доступе: <http://bulpolit.enu.kz>

Периодичность: 4 раза в год.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-410)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.  
Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.  
Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series

Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева.  
Серия Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология

№1(150)/2025

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР / POLITICAL SCIENCE / ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

<i>Насимов М.Ө.</i> Ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейліктің саяси ғылымдардағы түсіндірмелері.....	
<i>Насимов М.О.</i> Интерпретация нации и этноса, национальной и этнической идентичности в политических науках.....	
<i>Nassimov M.O.</i> Interpretation of nation and ethnos, national and ethnic identity in political sciences.....	9
<i>Гаипов З.С.</i> Жаңғыру жағдайындағы қазақстандықтардың саяси сәйкестігі.....	
<i>Гаипов З.С.</i> Политическая идентификация казахстанцев в условиях модернизации.....	
<i>Gaipov Z.S.</i> The political identification of Kazakhstani people in the context of modernization	32
<i>Супыалдияров И.Х., Алиева С.К., Супыалдиярова Д.С.</i> Ұқсас мүдделер және әр түрлі стратегиялар: Орталық Азиядағы Қытай мен Ресейдің алатын орны бойынша салыстырмалы талдау.....	
<i>Супыалдияров И.Х., Алиева С.К., Супыалдиярова Д.С.</i> Совпадающие интересы, расходящиеся стратегии: сравнительный анализ присутствия Китая и России в Центральной Азии.....	
<i>Supyaldiyarov I.Kh., Aliyeva S.K., Supyaldiyarova D.S. Converging</i> Interests, Diverging Strategies: A Comparative Analysis of China and Russia's Presence in Central Asia.....	46
<i>Жұмашов Е.Ә., Пұсырманов Н.С.</i> Ауылдық кеңестің ауыл әкімдігіне трансформациясы: ретроспективті талдау.....	
<i>Жұмашов Е.А., Пусырманов Н.С.</i> Трансформация сельсовета в сельский акимат: ретроспективный анализ.....	
<i>Zhumashov Ya., Pussyrmanov N.S.</i> Transformation of the selsoviet into the village akimat: a retrospective analysis.....	63
<i>Қайырбек М.Ә., Габдулина Б.А., Токтомушев К.М.</i> Ұлттық интеллигенцияның идеологияға ықпалы.....	
<i>Кайырбек М.А., Габдулина Б.А., Токтомушев К.М.</i> Влияние национальной интеллигенции на идеологию.....	
<i>Kaiyrbek M.A., Gabdulina B.A., Toktomushev K.M.</i> The impact of national intelligentsia to ideology.....	77
<i>Бюлегенова Б.Б., Шакеева Б.Р., Корганова С.С.</i> Оңтүстік Кореядағы ТМД елдерінен келген этникалық кәрістерді қоғамға интеграциялау тәжірибесі.....	
<i>Бюлегенова Б.Б., Шакеева Б.Р., Корганова С.С.</i> Проблема интеграции репатриантов в общество из стран СНГ в Южной Корее.....	
<i>Vyulegenova B.B., Shakeeva B.R., Korganova S.S.</i> The problem of integration of repatriates into society from the CIS countries in South Korea.....	92

<i>Дюсембекова М.К., Примбетов Д.С., Расилхан А.</i> Заманауи биотерроризм мәселесін шешуде киберқауіпсіздік шараларын қолдану тиімділігі.....	
<i>Дюсембекова М.К., Примбетов Д.С., Расилхан А.</i> Эффективность применения мер кибербезопасности при решении проблемы современного биотерроризма.....	
<i>Dyussembekova M.K., Primbetov D.S., Rassylkhan A.</i> Effectiveness of the use of cybersecurity measures in solving the problem of modern bioterrorism.....	105

#### АЙМАҚТАНУ / REGIONAL STUDIES / РЕГИОНОВЕДЕНИЕ

<i>Туртугулова Д.М., Сейлхан Б., Әкімова Ж.Б.</i> Қазақстан АҚШ пен Қытай арасындағы қарама-қайшылықта Орталық Азиядағы тартымды орталық ретінде.....	
<i>Туртугулова Д.М., Сейлхан Б., Акімова Ж.Б.</i> Казахстан как центр притяжения в Центральной Азии в противостоянии США и Китая.....	
<i>Turtugulova D.M., Seilkhan B., Akimova Zh.B.</i> Kazakhstan as a Center of Gravity in Central Asia in the Clash between the USA and China.....	120

<i>Быков И.А.</i> Еуразиялық экономикалық одақтағы Ресейдің жұмсақ күшіне қатысты мәселелер.....	
<i>Быков И.А.</i> Вызовы мягкой силе России в странах Евразийского экономического союза	
<i>Bykov I.A.</i> Challenges to the Russia's Soft Power in the Eurasian Economic Union.....	135

<i>Губайдуллина М.Ш., Паузова А.</i> Орталық Азия туралы зерттеу өрісіндегі Қазақстанға қатысты Ресейдің «жұмсақ күш» саясаты.....	
<i>Губайдуллина М.Ш., Паузова А.</i> Политика «мягкой силы» России в отношении Казахстана в области исследований Центральной Азии.....	
<i>Gubaidullina M.Sh., Paizova A.</i> Russia's "soft power" policy towards Kazakhstan in the research field on Central Asia.....	145

<i>Садықова Р., Қадырбеков А.</i> БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің халықаралық терроризмге қатысты қарарларының құқықтық аспектілері.....	
<i>Садықова Р., Қадырбеков А.</i> Правовые аспекты резолюций Совета Безопасности ООН по международному терроризму.....	
<i>Sadykova R., Kadyrbekov A.</i> Legal Aspects of UNSC Resolutions on International Terrorism	160

<i>Дмитриева А.С., Оспанова А.Н., Жолдасбекова А.Н.</i> Теріс ақпараттың шиеленісті үдете түсудегі рөлі және Қазақстанның саяси тұрақтылығына әсері.....	
<i>Дмитриева А.С., Оспанова А.Н., Жолдасбекова А.Н.</i> Роль информационных вбросов в эскалации напряженности и их воздействие на политическую стабильность Казахстана	
<i>Dmitriyeva A.S., Ospanova A.N., Zholdasbekova A.N.</i> The role of information propaganda in the escalation of tensions and their impact on the political stability of Kazakhstan.....	171

<i>Жұмағалиқызы Г., Муканов М.Р., Тайшанова С.Т.</i> Түркияда тарихи жадының қалыптасуының негізгі кезеңдері.....	
<i>Жұмағалиқызы Г., Муканов М.Р., Тайшанова С.Т.</i> Основные этапы становления исторической памяти в Турции.....	
<i>Zhumagalikyzu G., Mukanov M.R., Taishanova S.T.</i> The main stages of the formation of historical memory in Turkey.....	185

#### ШЫҒЫСТАНУ / ORIENTAL STUDIES / ВОСТОКОВЕДЕНИЕ

<i>Сырымова М.К., Әлібекұлы А.</i> «Қызыл сарайдағы түс» романы және оның зерттелуі....	
<i>Сырымова М.К., Алібекұлы А.</i> Роман «Сон в красном тереме» и его изучение.....	
<i>Syrumova M.K., Alibekuly A.</i> The novel "Dream of the Red Chamber" and its studies.....	196

**Кожсабекова Р.С., Мустафаева А.А.** Ахмед Шауқи поэзиясындағы «сағыныш» концептісі  
**Кожсабекова Р.С., Мустафаева А.А.** Концепт «ностальгия» в поэзии Ахмеда Шауки.....  
**Kozhabekova R.S., Mustafayeva A.A.** The concept of "nostalgia" in the poetry of Ahmed Shawki 209

**Мухамедгалиева А.К., Абжаппарова Б.Ж.** Спорт дипломатияның тілі ретінде: жарыстарды өткізу арқылы байланыстарды нығайту.....  
**Мухамедгалиева А.К., Абжаппарова Б.Ж.** Спорт как язык дипломатии: укрепление связей путем проведения соревнований.....  
**Mukhamedgaliyeva A.K., Abzhapparova B.Zh.** Sport as the language of diplomacy: strengthening ties through competitions..... 221

**Дауен Д.Б., Искакова З.У.** «Ашықтық және реформалау» саясатынан кейінгі Қытайдың мәдени бастамалары.....  
**Дауен Д.Б., Искакова З.У.** Культурные инициативы Китая после политики «Открытости и реформы».....  
**Dauyen D.B., Iskakova Z.U.** China's Cultural Initiatives after the Policy of "Opening up and Reform"..... 232

**Кенжалин Қ.К., Шалғынбай Н.Қ.** «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің лексикалық ерекшеліктері.....  
**Кенжалин Қ.К., Шалғынбай Н.Қ.** Лексические особенности памятника «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали».....  
**Kenzhalin K.K., Shalgynbay N.K.** The Lexical Features of the monument «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali»..... 243

#### ТҮРІКТАНУ/TURKOLOGU/ ТЮРКОЛОГИЯ

**Милованова Н.В., Ескеева М.Қ.** Метонимдердің паремиялық мағынаның дамуына әсері.....  
**Милованова Н.В., Ескеева М.К.** Влияние метонимов на развитие паремической семантики  
**Milovanova N.V., Yeskeyeva M.K.** The influence of metonyms on the development of paremic semantics..... 253

**Серікқазықызы А., Авакова Р.А.** Армян-қыпшақ тіліндегі мақал-мәтелдер: семантикалық-құрылымдық талдау.....  
**Серикказықызы А., Авакова Р.А.** Пословицы и поговорки на армяно-кипчакском языке: семантико-структурный анализ.....  
**Serikkazykyzy A., Avakova R.A.** Proverbs and Sayings in the Armenian-Kypchak Language: Semantic-Structural Analysis..... 265

**Артықбаев Ж.О., Нұрдаулетова Б.И.** Маңғыстау аймағындағы көне түркілік топонимдер  
**Артықбаев Ж.О., Нұрдаулетова Б.И.** Древнетюркские топонимы Мангыстауского региона.....  
**Artykbayev Zh.O., Nurdauletova B.I.** Ancient Turkic toponyms of the Mangystau region..... 276

**Қосыбаев М.М., Әділов М.Е.** «Диуани лұғат ит-түрк» ескерткішінде қыпшақша деп берілген тілдік элементтердің қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі.....  
**Косыбаев М.М., Адиллов М.Е.** Отражение в современном казахском языке языковых элементов, обозначенных как кыпчакские в памятнике «Дивани лугат ит-тюрк».....  
**Kossybayev M.M., Adilov M.E.** Reflection in the modern Kazakh language of linguistic elements designated as Kypchak in the monument «Divani lugat it-turk»..... 288

<b>Жалелов Д.С., Арслан М.</b> Доспамбет жырау мен қайықшы Құл Мұстафа шығармашылығындағы үндестік.....	
<b>Жалелов Д.С., Арслан М.</b> Гармоничность произведений Доспамбет жырау и лодочника Кул Мустафы.....	
<b>Zhalelov D.S., Arslan M.</b> The harmony of the works of Dospambet Zhyrau and the Boatman Kul Mustafa.....	302
<b>Мужигова Г.М., Сейсенбиева Э.С., Ергубекова Ж.С.</b> Түрік ертегілеріндегі кенже ұлдың дәріптелу ерекшелігі.....	
<b>Мужигова Г.М., Сейсенбиева Э.С., Ергубекова Ж.С.</b> Особенности прославления млад-шего сына в турецких сказках.....	
<b>Muzhigova G.M., Seisenbieva E.S., Ergubekova J.S.</b> Features of the glorification of the youngest son in Turkish fairy tales.....	315





ХҒТАР 11.01.33  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-9-31>

## Ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейліктің саяси ғылымдардағы түсіндірмелері

М.Ө. Насимов 

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: [nasimov\\_m@mail.ru](mailto:nasimov_m@mail.ru))

**Аңдатпа.** Саяси ғылымдарда ұлт, этнос, ұлттық бірегейлік және этникалық бірегейлікті түсіндіру күрделі және көп қырлы зерттеу саласы болып табылады. Осы саланың ғалымдары бұл ұғымдарды саяси, мәдени, тарихи және әлеуметтік қырларын қарастыра отырып, түрлі тұрғыдан талдайды. Саяси ғылымдарда аталмыш ұғымдарды түсіндіру көбінесе нақты зерттеу контексті және мақсаттарына байланысты. Зерттеушілер ұлттар мен этностардың қалай анықталатынын, ұлттық және этникалық бірегейліктің қалай қалыптасып, сақталатынын және осы бірегейлік саяси мінез-құлық, институттар мен саясатқа қалай әсер ететінін зерттейді. Ұлт пен этносты зерттеу түрлі қоғамдағы саяси динамика, басқару және қақтығыстарды шешуді түсіну үшін маңызды. Бұл мақаланың басты мақсатына аталмыш төрт ұғымды анықтайтын тұжырымдарды саясаттанулық тұрғыда жүйелеу жатады. Мақсатты жүзеге асыру үшін ұғымдар мәнін дәйектеу арқылы сыни талдау міндеттерін қойдық. Ең алдымен зерттеу нысанына ілінген ұғымдардың саяси ойлар тарихында қалыптасқан түсініктерге мән бердік. Әр ұғымның негізгі сипаттамаларына тоқталып, өзара айырмашылықтарын анықтадық. Мақалада зерттеліп отырған ұғымдардың ғалымдар арасында келісілген анықтамасы жоқ екендігі дәйектелді. Зерттеушілер әлемде болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсіндіргісі келсе, саяси-әлеуметтік көзқарастар аясында берілген түсіндірмелердің мағыналық айырмашылықтарын ескеруі қажет деген қорытынды жасалды.

**Түйін сөздер:** ұлт, этнос, ұлттық бірегейлік, этникалық бірегейлік, саясат, тиістілік, мәдениет.

## Кіріспе

Қазіргі саяси ғылымдардағы терминологияда тұжырымдамалық белгісіздік қалыптаспауы қажет. Саяси ғылымдардағы көптеген терминдердің мағынасын ажырататын ғылыми жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығы жоғары. «Ұлт», «этнос», «ұлттық бірегейлік» және «этникалық бірегейлік» ұғымдары өте күрделі және түрлі түсіндірмелерге ие. Бұл түсіндірмелер көп жағдайда әлеуметтік-саяси, тарихи және мәдени талдауларымен ерекшеленеді. Сондықтан осы зерттеу жұмысында саяси ғылымдардағы түсіндірмелері сипатталатын іргелі ұғымдарды жүйелеуге тырысамыз.

«Ұлт» әдетте, ортақ тарихи, мәдени, тілдік және діни сипаттағы ортақ адамдар тобы ретінде түсініледі. Ұлт қазіргі әлемдегі саяси биліктің ең маңызды құралы болып табылады. Ұғым ұлттық мемлекеттердің қалыптасуымен байланысты және халық пен кеңістікті бөлудегі ұлттық масштабты анықтауға көмектеседі. Ұлт мәдениет, саяси қағидалар және символдық мағынаға негізделген түрлі концептуалды және кеңістік жағынан шектелген құрылым [1, 221-228 бб.]. Дегенмен, ұлт ұғымы азаматтық пен этникалық ортақ мәдени байланыстарға негізделген қағидаларға сәйкес келуі ықтимал. Азаматтық қағидаларға сәйкес қоғам мүшелері белгілі бір географиялық аймақтағы саяси адалдық пен ортақ құндылықтар арқылы бірігеді. Ал этникалық қағидаларда ұлтқа қатысты сұрақтар жалпы мәдени ерекшеліктер мен шығу тегіне назар аударады. Демек, «ұлт» анықтамасы оның жаң-жақтылығы мен ерекшеліктеріне байланысты түрлі дауларға әкелуі мүмкін.

«Этнос» көп жағдайда «этникалық топ» түсінігінің синонимі ретінде қолданылып, тіл, дәстүр, дін және тарихи тәжірибе секілді мәдени қасиеттерді ортақтастыратын адамдар қауымдастығын білдіреді. «Халық» деген мағынаны білдіретін гректің «ethnos» сөзі жалпы мағынада адамдар шоғырларының бір-бірінен материалдық мәдениеті, тілі, діні, моральдық идеялары мен әлеуметтік институттарының ерекшеліктерін білдіреді [2, 4862-4865 бб.]. Сонымен қатар «этнос» термині этникалық шеңберден тыс терең мәдени және тарихи байланыстарды да білдіруі мүмкін. Бұл ортақ бірегейлік пен тиесілік сезімін қамтиды.

«Ұлттық бірегейлік» адамның белгілі бір ұлтқа қатыстылығын және сәйкестендіру сезімін білдіреді. Ұғым ортақ мәдени құндылықтар, тарих, рәміздер және дәстүрлерді қамтиды. Ұлттық бірегейлік болмыс арқылы шектеулі, маңызды құбылыстарды анықтайды. Болмыс азаматтық тұрғысынан алғанда тиістілікпен тығыз байланысты. Ұлттық бірегейліктің тағы бір аспектісі ретінде мәдени біртектілік, өз мәдениетіне, ұлтына және отандастарымен ортақ ата-тегіне деген мақтаныш сезімін атай аламыз. Өз ұлтын анықтауда ұлттық нанымдар мен құндылықтар маңызды болып табылады және бұл сенімдер мен құндылықтарды күнделікті тәжірибеге енгізеді [3, 171–172 бб.]. Ұлттық бірегейлікті тіл, тарихи мұралар, саяси құрылымдар және мәдени тәжірибелер секілді түрлі факторлар арқылы қалыптастыруға болады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлік жаһандану, көші-қон және әлеуметтік динамика өзгерістеріне байланысты уақыт өте келе дами алады.

«Этникалық бірегейлік» адамның белгілі бір этникалық топпен сәйкестендіруін білдіреді. Этникалық бірегейлікке жеке сезім, жалпы мәдени дәстүрлер және ортақ

шығу тегі сезімі кіреді. Индивидтің жеке басы, этникалық топ мүшесі ретіндегі өзін-өзі сезінуін білдіретін этникалық бірегейлік динамикалық, көп өлшемді құрылым болып табылады. Этникалық бірегейлік уақыт өте келе мемлекеттің даму процесіне сәйкес өзгеріп отырады [2, 4821-4824 бб.]. Этникалық бірегейлік көп қырлы құбылыс болғандықтан, әр қоғамдағы жеке тиістілік этникалық топтардың құндылықтарын көрсетеді. Этникалық бірегейлікті қалыптастыру процесінің оңтайлы нәтижесі қоғам мүшелерінің этникалық ерекшеліктерін тұрақты және сенімді сезінуге қол жеткізумен байланысты. Осы тұста этникалық ерекшелік бірегейлік саясатында негізгі ұғым болып табылатынын айтқымыз келеді.

Ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейліктің саяси ғылымдардағы түсіндірмелерінің жан-жақтылығы көптеген мәселелерді айқындайды:

(1) өзгергіштік және гибридтілік – жаһандана түскен әлемде бірегейлік өзгермелі және гибридтілік қасиетін иеленеді, бұл дәстүрлі этникалық және ұлттық шекараларды анықтауды қиындатады;

(2) даулы сауалдар – ұлт пен этникалық тиістілік түсіндірмелері көп ұлтты және күрделі тарихы бар аймақтарда кейбір таластар тудыруы мүмкін;

(3) саяси манипуляциялау – ұлттық және этникалық бірегейлік түрлі мақсаттарға жету жолындағы саяси мақсаттар үшін манипуляциялануы мүмкін, бұл қақтығыстарға, оқшаулануға әкеледі;

(4) ықпалдастық пен үндестік – көп мәдениетті қоғамда этникалық бірегейлікті сақтау мен ұлттық бірлікті ілгерілету арасындағы тепе-теңдік осал болуы ықтимал. Ассимиляция саясаты этникалық бірегейлікке әсер етуі мүмкін;

(5) көші-қон және диаспора – көші-қон этникалық және ұлттық бірегейліктің шекаралар арқылы таралуына, бірегейлігі дамып келе жатқан трансұлттық қауымдастықтар құруға әкелуі мүмкін;

(6) жаһандану – байланыстардың кеңеюі азаматтардың жаһандық мәдени элементтерді қалыптастыру жолына ықпал жасауы мүмкін;

(7) мәдени әралуандылық – әлемнің көптеген елдерінде бірнеше этникалық топтар бірге өмір сүреді, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, бұл біртұтас ұлттық бірегейлікті түсінуді қиындатады;

(8) ұрпақтардың алмасуы – жас ұрпақ өздерінің этникалық және ұлттық ерекшеліктерін алдыңғы ұрпаққа қарағанда басқаша түсінуі және қайта анықтауы мүмкін;

(9) қиылысу – бірегейлік көп қырлы түсінік және саясат, дін, әлеуметтік-экономикалық мәртебе секілді тағы да басқа факторлармен қиылысады, бұл ұғымды түсіндіруді қиындатады.

Бұл түсіндірмелердің тұрақтылығы төмен болғандықтан, аталмыш ұғымдар тарихи, әлеуметтік және мәдени контексте дамиды деуге негіз бар. Осы күрделілікті тану және түсіндірмелердің әралуандылығын қабылдау саяси ғылымдардың дамуы үшін өте маңызды.

## **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Саяси ғылымдар саласындағы «ұлт», «этнос», «ұлттық бірегейлік» және «этникалық бірегейлік» ұғымдарын түсіндіру өзіне тән күрделілігі, тарихи, мәдени, әлеуметтік

және саяси факторлардың динамикалық өзара әрекеттесуіне байланысты мәселелерді тудырады. Аталмыш ұғымдар мемлекеттік құрылыс, саяси легитимдік, бірегейлік саясаты және халықаралық қатынастарға әсер ететіндіктен, бұл терминдерді дәл және контекстік тұрғыдан түсіну маңызды болып табылады. «Ұлт» және «этнос» ұғымдарының жалпы қабылданған анықтамаларының жоқтығы адамдар топтарын жіктеуде екіұштылыққа әкеледі. Ұлтқа немесе этникалық топқа қосудың шекаралары мен критерийлерін анықтау даулы болуы мүмкін. Мәселен, ортақ құндылықтар мен азаматтыққа негізделген ұлтшылдық пен мәдени және тектік байланыстарға негізделген этникалық ұлтшылдық арасындағы жалғасып келе жатқан пікірталас мемлекеттер өздерінің ұлттық болмысын анықтауы және ұлттың бір бөлігі болып саналатынына әсер етеді. Азшылық ұлттардың құқықтары мен ерекшеліктерін кеңірек ұлттық шеңберде теңестіру оңай шаруа емес. Ұлттық бірлікті сақтай отырып, түрлі бірегейлікті тану да күрделі мәселе болып табылады. Бірнеше этникалық топтары бар мемлекеттерге тең өкілдікті қамтамасыз ету, билікті бөлісу және тарихи наразылықтарды шешу қиынға соғатыны анық. Дегенмен бұл ұлттық және этникалық бірегейлікті түсіндіруге ықпал жасайды. Жаһандық көші-қон ұлттық және этникалық бірегейліктің дәстүрлі түсінігіне қауіп төндіреді. Сонымен қатар отаршылдық саясат этникалық және мәдени бірегейлікті елемейтіндіктен, ұлттық және этникалық бірегейлікке негізделген шиеленіс пен қақтығыстарға әкеледі.

**Зерттеудің мақсаты** – саяси ғылымдардағы «ұлт», «этнос», «ұлттық бірегейлік» және «этникалық бірегейлік» ұғымдарының концептуалды негіздерін сыни тұрғыдан талдап, жүйелеу. Талдау арқылы саяси ғылымдардағы түсіндірмелердің мемлекеттік құрылыс, басқару және саяси тұрақтылыққа әсері анықталады, саяси нарративтерді қалыптастырудағы бірегейлік саясатының рөлі айқындалады, көп этникалық және көп мәдениетті мемлекеттерде туындауы ықтимал қиындықтар мен мүмкіндіктер белгіленеді. Осы арқылы жаһанданудың аталмыш ұғымдар түсіндірмелерін өзгертетіні көрінеді. Зерттеудің мақсатына жету үшін саяси, тарихи, мәдени және әлеуметтік динамикалар ескерілген пәнаралық тәсілдер қажет. Сондай-ақ көптеген түсіндірмелердің уақыт ағымына сәйкес өзгеруі мүмкін екені анықталады.

### **Зерттеудің тарихы**

Ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлік категориялары барлық қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда қарастырылады. Ұлт философия ғылымдарының классикалық мәселесі болып табылады. Ұлт – ортақ тіл, мәдениет, территория, тарих және өзіндік сана-сезім алғышарттарын қалыптастыратын адамдар қауымдастығы. Өз кезегінде этнос деп мәдениет пен техниканың өзгеше белгілері, өзіндік сана-сезім мен өзін-өзін анықтау арқылы біріккен адамдар қауымдастығын айтамыз [4, 202 б.]. Алғашында «этнос» ұғымы халық, тайпа, ру секілді бірнеше мағыналарды білдірген. XVIII ғасырдың аяғына дейін зерттеушілер «этнос» анықтамасын сирек пайдаланды. Аталмыш термин ғылыми әдебиеттерде «халық» мағынасында XIX ғасырда ғана қолданыла бастады. «Этнос» ұғымы «халық» түсінігінің ұлттар, ұлыстар, тайпалар сынды түрлі әлеуметтік топтарды білдіруімен байланысты енгізілді деп ойлаймыз.

Ұлттық және этникалық бірегейлік арасындағы қатынастардың дамуы көптеген ғалымдарды мазалайды. Ұлттық және этникалық бірегейліктің заманауи қоғамдағы рөліне тарихи талдау жүргізген В.В. Кочетков [5, 161 б.] үш сценарийді ұсынады: «1. Жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлік басым болып қала береді. Мемлекеттер саны 500-ден асатын елдерге қарағанда, мемлекеттерсіз әлемді елестету қиынырақ. Этникалық бірегейлік бағынышты рөл атқаратын болады. 2. Жаһандану әсерінен ұлттық бірегейлік мемлекетпен бірге жойылады. Оның орнын өркениеттік, отбасылық, космополиттік секілді бірегейліктер басады. Этникалық бірегейлік жаңа жаһандық әлемде жетекші рөлдердің бірін атқарады. Этникалық бірегейлік өзгермелі жаһандану әлемінде орнықтылық пен тұрақтылыққа кепілдік береді. 3. Ұлттық және этникалық бірегейлік бір-бірін толықтырып, жаңа әлемде бейбіт қатар өмір сүретін болады. Осы үйлесімді нұсқаны жүзеге асыру үшін мемлекеттердің жан-жақты ойластырылған ұлттық саясаты қажет болады». Осы сипатталған үш сценарий ұлттық және этникалық бірегейліктің жаһандану жағдайындағы мынадай перспективаларды анықтап отыр деп ойлаймыз:

*Ұлттық бірегейлік үстемдігі.* Ұлттық мемлекет жүйесі ұйымның негізгі бірлігі болып қала береді және адамдар ең алдымен өз ұлттарымен бірегейленеді. Мұндағы идея ұлттық мемлекет жаһандану сын-қатерлеріне қарамастан, төтеп беретін тұрақты және төзімді институт болып табылады. Ұлттық бірегейлікпен салыстырғанда этникалық бірегейліктің екінші рөл атқаруы басты назардың ұлттың саяси және мәдени аспектілеріне аударылуымен байланысты.

*Ұлттық бірегейліктің жойылуы.* Бұл сценарийге сәйкес жаһандану күштерінің әсерінен ұлттық мемлекетпен бірге ұлттық бірегейліктің маңыздылығы төмендейді. Оның орнына өркениеттік, космополиттік сияқты жаңа бірегейлік пайда болады. Осы тұрғыдан алғанда, этникалық бірегейлік барған сайын жаһанданған және өзара байланысты әлемде тұрақтылық пен сабақтастықтың көзі ретінде маңыздырақ болуы керек.

*Ұлттық және этникалық бірегейліктің қатар өмір сүруі.* Бұл сценарий ұлттық және этникалық бірегейлік үйлесімді өмір сүретін әлемді таниды. Ұлттық және этникалық бірегейлік бірін-бірі жоққа шығармай, керісінше, толықтырушы және байытушы ретінде қарастырылады. Бұл үйлесімділікке қол жеткізу мемлекеттерден түрлі этностарды басқару мен ынталандыруға бағытталған, жобаланған ұлттық саясатты талап етеді.

Саяси ғылымдардағы ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлікті түсіндіруді зерттеудің бай және күрделі тарихы бар. Саясаттанушылар бұл ұғымдарды түрлі теориялық тұрғыда, тарихи және мәдени контекстерде зерттеді:

*Ежелгі Шығыстағы саяси ойлар.* Қытай философы Конфуцийдің [6] ілімі мен философиясында ұлт және этнос, қоғам мен басқарудың кең тақырыптарымен байланысты қағидалар мен идеялар бар. Конфуцийшілдік ойдың маңызды аспектілері мына тұжырымдармен тығыз байланысты: *үйлесімділік және әлеуметтік тәртіп:* Конфуций қоғамдық келісім мен тәртіптің маңыздылығын атап өтті; *бес қарым-қатынас:* Конфуций қоғамда дұрыс қарым-қатынастарды сақтаудың маңыздылығын жақтады. Ұлт және этникалық тиістілік контекстінде осы бес қарым-қатынас бірлік пен әлеуметтік

тұтастыққа ықпал етеді деп қарастыруға болады; мәдени сабақтастық: конфуцийшілдік мәдени құндылықтар, әдет-ғұрыптар, этика мен дәстүрлерді сақтауға және жеткізуге үлкен мән береді; *моральдық көшбасшылық*: Конфуций билеушілер мен шенеуніктердің моральдық көшбасшылығының маңыздылығын атап өтті.

*Ежелгі антикалық саяси ойлар*. Мемлекеттілік пен этностық тиістілікті зерттеуде саяси қауымдастық идеясы мен азаматтықтың рөлін талқылаған Платон [7] мен Аристотель [8] сынды алғашқы саяси философтар ойларынан табуға болады. Алайда осы алғашқы талқылаулар бүгінгі біз түсінетін ұлт пен этностың ара-жігін ажырата бермейді.

*Ұлттық мемлекеттің пайда болуы*. Ұлттық мемлекет тұжырымдамасы Еуропадағы қайта өрлеу және ағартушылық дәуірінде танымал болды. Жан-Жак Руссо [9] және Иммануил Кант [10] сынды ойшылдар ортақ тіл, мәдениет және бірегейлікке негізделген біртұтас саяси қауымдастық идеясын зерттеді.

*XIX ғасырдағы ұлтшылдық*. XIX ғасыр Еуропадағы ұлтшылдықтың күшеюінің куәсі болды, бұл қазіргі ұлттық мемлекеттердің қалыптасуына әкелді. Иоганн Готлиб Фихте [11, 67-81 бб.], Эрнест Ренан [12] сынды саяси теоретиктер ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ортақ мәдениеттің, тілдің, тарихтың маңыздылығын дәйектеп, ұлтшылдық ойдың дамуына үлес қосты.

*Ұлтшылдық теориялары*. XX ғасырда Бенедикт Андерсон [13] және Эрнест Геллнер [14] секілді ғалымдар ұлтшылдықты идеология және әлеуметтік құрылым ретінде зерттеуге үлес қосты. Андерсонның «Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism» [15] атты еңбегінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы баспа мәдениеті мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше аталады.

*Этникалық және бірегейлік саясаты*. Бірегейлік және этникалық бірегейлікті зерттеу әлеуметтанулық және антропологиялық көзқарастардың әсерінен саяси ғылымның ерекше саласына айналды. Дональд Горовиц [16] пен Уокер Коннор [17] сынды саясаттанушылар көп ұлтты мемлекеттердегі этникалық қақтығыс пен бірегейлік саясатының динамикасын зерттеді.

*Постколониализм және жаһандану*. Постколониалдық дәуір мен жаһандану күштері ұлт пен этносты зерттеуге жаңа міндеттер қойды. Ғалымдар жаһанданудың ұлттық және этникалық бірегейлікке ықпалын [18], трансұлттық және диаспоралық қауымдастықтардың [19, 295-322 бб.] ұлттық құрылысқа әсерін зерттей бастады.

*Салыстырмалы саясат*. Салыстырмалы саясат ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлікті зерттеуге арналған саясаттанудың негізгі саласына айналды. Ғалымдар ұлттық құрылыс [20], этникалық қақтығыстар [21] және бірегейлік саясатына [22] ұлтаралық талдаулар жүргізді.

*Заманауи сын-қатерлер*. Бүгінгі таңда саясаттанушылар көші-қон [23], ұлтшылдық [24], көп мәдениеттілік [25] және бірегейлік саясаты [26] сынды мәселелердің саяси ландшафтты қалыптастырудағы рөлін зерттеуге арналған жұмыстарды жалғастыруда.

*Отандық ғалымдар зерттеулері*. Берілген мәселеге қатысты отандық ғалымдар да зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді. Қазақстан Республикасының ұлттық бірегейлігінің қалыптасуындағы ерекшеліктер мен қайшылықтар талданған еңбекте М.Ш. Кабазиев [27] қазақ және қазақстандық бірегейліктің бәсекелестігін дәйектейді.

Қазақстанның балқандық этникалық топтарының тарихи тағдыры зерттелген еңбекте мәселеге қатысты кейбір маңызды деректерді алуға болады [28]. Көп қырлы этникалық бірегейлікті саяси жұмылдыруда [29] пайдалану ерекшеліктері де назарымызды қажет етеді. Мәселені зерттеуде Орта Азия елдеріндегі тарихи саясат және ұлт құрылысы [30], ұлттық құрылыстың негізгі түсініктері [31] талданған жұмыстар да ерекше рөл атқарады.

Саяси ғылымдардағы ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлікті зерттеу қарқынды дамып келеді. Зерттеулер әлемдік саяси, әлеуметтік және мәдени ландшафттағы ағымдағы өзгерістерді байқатып отыр. Зерттеушілер түрлі контексттердегі осы ұғымдардың күрделілігін түсіну үшін кең ауқымды теориялық құрылымдар мен зерттеу әдістемелеріне сүйенген.

**Зерттеу әдістері.** Саяси ғылымдардағы «ұлт», «этнос», «ұлттық бірегейлік» және «этникалық бірегейлік» ұғымдарының түсіндірмелерін зерттеу бірнеше әдістерді біріктіретін кешенді тәсілді қажет етеді. Әдебиеттерді шолу талданып отырған ұғымдардың тарихи эволюциясы, түрлі теориялық негіздері және олардың анықтамалары мен түсіндірмелері айналасындағы пікірталастарды түсінуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу контекстін орнатуға көмектесті және зерттеулердегі негізгі мәселелерді анықтады. Контент-талдау зерттеліп отырған ұғымдардың басты қағидаларын көрсетті. Салыстырмалы әдіс ұғымдар түсіндірмелеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды дәйектеді. Дискурс әдісі арқылы түсіндірмелер динамикасы белгіленді. Саяси ғылымдардағы мәселеге қатысты түсіндірмелер тұжырымдамаларының эволюциясын қадағалау үшін тарихи әдіс қолданылды. Бұл әдістер ұғымдар мағыналарын, саяси ғылымдардағы рөлін жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуге мәдени-тарихи контекстік тұрғыдан қарау және зерттеліп отырған ұғымдардың күрделілігін түсіну үшін түрлі көзқарастарды ескеру маңызды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Саяси ғылымдардағы ұлт және этнос ұғымдарының түсіндірмелері. Ұлтшылдықты сынайтын ағылшын ғалымы Э. Хобсбаум пікірінше: «Ұлт мәні бойынша «жоғарыдан» құрылған, бірақ ұғымды «төменнен» талданбайынша түсіну мүмкін емес екіұшты құбылыс» [32, 10 б.]. Демек ұғым қарапайым адамдардың болжамдары, үміттері, қажеттіліктері, ұмтылыстары мен мүдделері тұрғысынан талдануы қажет. Негізінен бұл мәлімдеме мемлекеттіліктің ресми және танымал аспектілері арасындағы күрделі өзара әрекетті көрсетеді. Саяси көшбасшылар мен институттар ұлттық құрылыс пен басқаруда орталық рөл атқарса да, ұлттың өміршеңдігі мен шынайылығы ұлтты құрайтын қарапайым азаматтардың сезімі, құштарлығы және бірегейлігінен ажырамайды. Осылайша ұлтты түсіну жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға бағытталған процестерді зерделеуді, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ұжымдық эмоциялар мен тәжірибелердің маңызын тануды талап етеді. Э. Хобсбаум ұлтшылдықты түсінудегі саяси трансформацияның рөлін ерекше атап көрсетеді және оның «ойдан шығарылған» құбылыс екенін анықтайды. Ағылшын ғалымы үшін ұлт пен ұлтшылдық әлеуметтік инженерияның өнімі болып табылады.

Ұлтты қалыптастыру мемлекет территориясындағы тұрғындардың елдің лояльды азаматтарына айналу процесі ретінде анықтауға болады [33]. Ұлтты қалыптастыру

– шын мәнінде халық арасында ұлттық бірегейлік пен лояльдылық сезімін оятуға бағытталған түрлі элементтер мен күш-жігерді қамтитын күрделі процесс. Ұлтты қалыптастыру процесі тарихи алғы шарттар, мәдени әралуандылық, этникалық және діни ерекшеліктер сынды факторларға байланысты әр елде басқаша болуы мүмкін. Бұл көбінесе ортақ тіл, мәдениет, тарих және азаматтық құндылықтарды насихаттауға, ұлттық рәміздер мен ортақ идеялар құруға күш салуды қамтиды. Айта кетерлігі, ұлтты құрудың табыстылығына кепілдік жоқ. Өйткені азшылық топтар қарсылығы, тарихи реніштер мен сыртқы ықпалдар секілді қиындықтарға тап болуы ықтимал. Дегенмен ұлтты құру түрлі және көп мәдениетті қоғамдағы үкіметтің маңызды көрінісі болып қала береді. Себебі бұл процесс ұлт ішіндегі бірлік пен тұрақтылық сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Ұлт және этностың әлеуметтік құбылыстарын түсіндіретін бірде-бір теория жоқ. Ұлтты халық болудың мағынасы және халық ұғымы анықтамасының әлемдік жүйеге сәйкес келуі туралы ойлардың ерекше тәсілі ретінде қарастыруға болады [34]. Ұлттың бұл түсіндірмесі өткір және терең көзқарас болып табылады. Бұл түсіндірме бірегейлік, мәдениет және ұлттар өмір сүретін жаһандық контекст арасындағы күрделі өзара әрекеттестікті танытады. Ұлттың халық болуы түсіндірмесі ұлттық бірегейліктің туа біткен қасиет емес, этностың ұжымдық сенімдері, құндылықтары мен түсініктері арқылы қалыптасатынын білдіретін секілді. Сондықтан бұл анықтама ұлттардың динамикалық және әлеуметтік тұрғыда құрылған табиғатына сәйкес келетін ұлттық бірегейлік туралы қазіргі заманғы талқылауларына сәйкес келеді деуімізге негіз бар. Сондай-ақ елдердің өзін және әлемдегі орнын қабылдаудағы жаһандану мен халықаралық байланыстардың рөлі мойындалады. Жалпы бұл ұлттың көп қырлы тұжырымдамасын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Ағылшын ғалымы П. Гилберт бойынша ұлт бұл [35]: *номиналист*: өздерін ұлт деп санайтын адамдар тобы не айтса да, ұлт бар; *волюнтарист*: бір ұлттың ортақ еркіне байланысты адамдар тобы; *территориялық*: бір аймақтағы немесе территориядағы адамдар тобы; *лингвистикалық*: бір тілде сөйлейтін адамдар; *аксиологиялық*: ортақ ерекше құндылықтарға ие адамдар тобы; *белгіленген пункт*: ортақ тарихы және миссиясы бар адамдар тобы. Ғалымның осы ұлттарды түрлі өлшемдер бойынша жіктеуі ұғымның көп қырлы табиғатын және мәселені анықтауға болатын барлық критерийлерді түсіну үшін жан-жақты тұжырымдарды қамтиды. Бұл өлшемдердің әрқайсысы ұлт ұғымын түсінуге болатын бірегей түсіндірмелер. Ұлт күрделі және көп қырлы құрылым болғандықтан, осы өлшемдер түсінікті тұжырымдау тәсілдеріне көмектеседі.

Ағылшын ғалымы Э.Д. Смит болса, «Myths and memories of the nation» атты іргелі еңбегінің кіріспесінде бірнеше сауалдар қояды [36, 3 б.]: «Неліктен екінші мыңжылдықтың соңында көптеген адамдар өздерінің этностық қауымдастықтары мен ұлттарына өте құштар? Неліктен ұлттың мифтері, естеліктері мен рәміздері адалдық пен жақтаушылықты тудырады? Неліктен көптеген адамдар әлі күнге дейін өз ұлттары мен мәдениеттері үшін өз өмірін құрбан етуге дайын?» Ғалым осы сауалдарға этносимволдық көзқарас шеңберінде жауап береді. Осы мифтер өз қызметтерін орындауы үшін мәселені дұрыс тұжырымдау керек. Осы еңбекте зерттеуші этностық мифтердің шығу тегін көрсететін құрамдастарды ұсынады [36, 63-67 бб.]:



- қауымдастықтың пайда болуы туралы миф өзге қауымдастықтарға қатысты уақыттың үздіксіздігін белгілейді;
  - жер мен ресурстарды бақылауды заңды деп тану үшін қауымдастықтың шығу тегі туралы ақпаратты қамтитын орналасқан жері мен көші-қон туралы миф;
  - мәртебе және өзін-өзі бағалау аясындағы тектілік сезімін дарытатын арғы ата туралы миф;
  - белгілі бір қауымның «алтын заманынан» батыр бабалардың ізгілікті мінез-құлық үлгісі арқылы сыр шертіп, ұрпақты имандылық пен ерлікке баулитын миф;
  - ескі ізгі қасиеттер ұмытылды, сән-салтанат құрушылық пен көргенсіздік жанқиярлық пен тәртіпті алмастырды, бірақ барлығын қалпына келтіруге болады деген үмітпен ыдырау себептерін түсіндіретін құлдырау туралы миф;
  - өзгелерге қарағанда мәселелерді түсіндірмейтін, қауымдастықтың жаңғыруына тәжірибелік нұсқаулар беретін қалпына келтіру туралы миф. Байқап қарасақ, осы мифтер біздің мемлекеттік дамуымызды ілгерілететін кейбір бағдарламаларда пайдаланылады.
- Ғалымдар этнос құбылысын түсінудің үш негізгі тәсілін белгілейді [37, 32 б.]: *примордиалистік*, оның ішінде тәсіл социобиологиялық және эволюциялық-тарихи түрлерге ажыратылады; *конструктивистік* және *инструменталистік*. Бұл әдістер Батыс ғылымында ұлт пен ұлттық бірегейлік мәселесін зерттеу барысында да қолданылады [38, 135 б.]. Бірінші тәсілге сәйкес, этнос ата-бабадан генетикалық жолмен берілетін табиғи бастапқы шындық. Екінші тәсіл бойынша этнос әлеуметтік құрылым болып табылады, зияткерлік және саяси элиталардың қоғамдық құрылысының өнімі саналады. Үшінші тәсіл этносты саяси күресте топтық мүддеге және жұмылдыруға жету құралы ретінде түсіндіріледі.

Ю.Д. Граниннің [39] пайымдауынша, әлеуметтік философия, әлеуметтану, саясаттану, этнология, мәдени антропология, этнопсихология және басқа да бірқатар ғылыми пәндерде кеңінен қолданылатын «ұлт» және «этнос» категорияларының әлі күнге дейін жалпы қабылданған белгілі мазмұны жоқ. Демек бұл ұғымдардың ғылыми категориялық аппаратының ерекшелігін көрсетіп қана қоймай, осы терминдерді күнделікті және ғылыми қолданыстағы мәдени-тарихи эволюциясын көрсетеді. «Ұлт» және «этнос» ұғымдары түрлі тілдерден бастау алады және тарихи-ғылыми түсіндірмелері жан-жақты. «Ұлт» (латын тілінен *natio*, «тайпа», «халық», «туылу» дегенді білдіреді) ұғымын Ежелгі Рим тарихшылары мен жазушылары белсенді түрде қолданған. «Этнос» ежелгі грек тілінің *ethnos* (халық) сөзінен қалыптасқан және арнайы ұғым ретінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана Еуропадағы ғылым айналымға енді.

Әлемдік ғылыми әдебиеттерде ұлт және ұлтшылдық ұғымдары ағылшынның «*ethnos*» түсінігіне қарағанда, «*ethnicity*» (этникалық тиістілік) және «*ethnic group*» (этникалық топ) түсініктерін көп қолданып, нақтыланады. Этникалық тиістілік, этникалық топ белгілі қоғам мүшелерінің басқа топтардан ерекшелендіретін және өз белгілері негізінде бір-бірімен сәйкестендіретін қауымдастықты жатқызады. Аталған белгілерге ортақ ұлт, дәстүрлер, тіл, тарих, қоғам, дін және әлеуметтік қатынастардың жиынтығы кіруі мүмкін [40, 69-70 бб.]. «Ұлт» және «этнос» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, түрлі мағыналарға ие және олардың түсінігі саяси және мәдени факторларға байланысты деп қорытындылауға болады (1-кесте).

**1-кесте. Ұлт және этнос ұғымдарының сипаттамалары**

Авторы және дерек көзі	Негізгі сипаттамалары
<i>Новая философская энциклопедия</i> : <a href="https://iphlib.ru/library/collection/newphilenc/document/HASH3d2ea45e4294a99c279a3d?p.s=TextQuery">https://iphlib.ru/library/collection/newphilenc/document/HASH3d2ea45e4294a99c279a3d?p.s=TextQuery</a>	Ұлт (латын тілінен <i>natio</i> «тайпа, халық») ұғымының саяси мағынасы белгілі бір мемлекет азаматтарының жиынтығын білдіреді; мәдени және этникалық мағынада «ұлт» термині «халық» ұғымымен синоним болып табылады.
B.A. Garner, <i>Black's Law Dictionary</i> ; P. James, <i>Nation Formation: Towards a Theory of Abstract Community</i> <a href="https://www.academia.edu/40353321/Nation_Formation_Towards_a_Theory_of_Abstract_Community_Vol._I_1996">https://www.academia.edu/40353321/Nation_Formation_Towards_a_Theory_of_Abstract_Community_Vol._I_1996</a>	Ұлт мәдени және этникалық топқа қарағанда, саяси топ болып табылады.
И.В. Сталин, <i>Марксизм и национальный вопрос</i>	(Ұлт) ортақ тіл, территория, экономикалық өмірі мен психикалық құрылымы негізінде пайда болған адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы (56 б.).
B. Anderson, <i>Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism</i>	(Ұлт) қиялдағы қауымдастық
P. James, <i>Nation Formation: Towards a Theory of Abstract Community</i>	(Ұлт) Дерексіз қауымдастық
M. Weber, <i>Economy and Society: An Outline of Interpretive Sociology</i>	(Этнос) Сыртқы әлпет пен моральдық түсініктер немесе екеуінің ұқсастықтары негізіндегі отарлау мен көші-қон туралы түсініктер негізіндегі ортақ шығу тегі туралы субъективті сенімі бар адам топтары (219 б.).
T. Eriksen, <i>Ethnicity and Nationalism: Anthropological Perspectives</i>	Этнос өздерін басқа топтардан мәдени тұрғыда өзгеше санайтын адамдар арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесудің көрінісі. Бұл туыстық метафорамен немесе жалған туыстықпен сипатталатын әлеуметтік бірегейлік (12 б.).
A.D. Smith, <i>The Ethnic Origins of Nations</i>	Этнос өз мәніне сәйкес «инструменталды» (9 б.). Этнос негізінен «мифтік» және «символдық» сипатқа ие (16 б.) Этностың оғаштығы оның өзгергіштігі мен осы өзгеру процесіндегі тұрақтылығында жатыр (32 б.). Этнос адамзатқа берілген қасиет ретінде қарастырылады (210 б.)
J. Fishman, <i>Social theory and ethnography: neglected perspectives on language and ethnicity in Eastern Europe</i> . In P.F. Sugar (ed.) <i>Ethnic diversity and conflict in Eastern Europe</i>	Этнос мәңгіліктің кепілі ретінде қабылданды (93 б.).
B.P. Lai, <i>Perspectives on ethnicity: old wine in new bottles</i>	Этнос мәдени дәстүр ретінде (154-173 бб.)

Ұлт және этнос ұғымдарының сипаттамаларын талдау және жоғарыда аталған тұжырымдар негізінде екі ұғым арасындағы айырмашылықтар себептері анықталды:

### **Ұлт**

1. Саяси құрылым. Ұлт әдетте ортақ территориясы, үкіметі және құқықтық жүйесі бар саяси құрылым мен адамдар тобын білдіреді. Әсіресе халықаралық құқықпен танылған мемлекетпен белгіленеді.

2. Азаматтық. Белгілі бір мемлекетке мүшелік азаматтықпен анықталады. Әр елдің азаматтары болып табылатын адамдар сол ұлттың бөлігі болып саналады және заңды құқықтар мен міндеттер иеленеді.

3. Мәдени және саяси бірегейлік. Ұлт ортақ мәдени бірегейлік иеленгенімен, бұл ең алдымен саяси және құқықтық құрылыммен тығыз байланысты. Ұлт көбінесе ортақ саяси құрылым шеңберінде бірігетін түрлі мәдени, этникалық және тілдік ортадағы адамдарды біріктіреді.

4. Заманауи тұжырымдамалар. Ұлт ұғымы қазіргі түсінігімізде салыстырмалы түрде заманауи құбылыс. Ұғым нақты шекаралар және орталықтандырылған басқарумен сипатталатын қазіргі ұлттық мемлекеттің пайда болуымен тығыз байланысты.

### **Этнос**

1. Мәдени және этникалық топ. Этнос жалпы мәдени әдет-ғұрыптар, тіл, салт-дәстүрлер, тарихи және рулық байланыстармен сипатталатын мәдени және этникалық топқа жатады.

2. Бірегейлікке негізделу. Этнос бірегейлікке негізделген тұжырым болып табылады. Белгілі бір этносқа жататын адамдарда мәдени, тілдік, тарихи қауымдастықтың қуатты сезімі болуы мүмкін.

3. Мәселенің саясиленбауы. Этностардың саяси шекаралары мен басқару құрылымдары бола бермейді. Олар ірі саяси құрылымдарда өмір сүре алады және бірнеше елдерді қамтуы мүмкін.

4. Тарихилық және дәстүрлі түсініктер. Этнос ұғымы көбінесе тарихи және дәстүрлі тиістілік пен байланыстардан бастау алады. Этнос қазіргі ұлттық мемлекеттер жүйесінен бұрын болуы да мүмкін.

Қорытындылай келе, ұлт пен этнос арасындағы негізгі айырмашылық ұғымдардың табиғаты мен бағытында деп айтуға болады. Ұлт өзге мемлекеттер мойындаған саяси және заңды тұлға ретінде саналса, этнос ортақ мәдени белгілері мен тарихи байланыстары анықталған этникалық топ болып есептеледі. Бұл ұғымдар арасында түрлі мағына мен айырмашылықтар болса да, бір-бірімен тығыз байланысты түсініктер. Өйткені ұлт бірнеше этностардан тұруы мүмкін және олардың әрқайсысы ұлттың жалпы мәдени әралуандылығына ықпал етеді.

*Саяси ғылымдардағы ұлттық және этникалық бірегейлік ұғымдарының түсіндірмелері.* Теориялық талдауларда «этнос» ұғымы «ұлт» дегенді білдіреді. Ұлт түсінігі ұлттық мемлекетпен байланысты болғандықтан, бұл ұғым этнос құрылымы түсініктерін енгізеді. Дегенмен «ұлт» ұғымы көбінесе этникалық топ түсінігінің синонимі ретінде қолданылады [41, 10 б.]. Бұл ұлттық және этникалық бірегейлік ұғымдарын түсінуге жол ашады. «Ұлт» және «этнос» ұғымдарының синонимдес ретінде бірін-бірі ауыстыруы

бірегейлікке байланысты құбылыстарды, азаматтардың саяси және мәдени топтармен тиістілігін сәйкестендіретінін құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, ұғымдар арасындағы айырмашылықтарды түрлі мағынаға ие болуы ықтимал. Мәселен, «ұлт» сөзінің орнына «этнос» сөзін қолданғанда, бірегейліктің мәдени, тілдік және тарихи аспектілеріне назар аударылады. Берілген тәсіл ортақ әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, тіл және белгілі бір топқа жататын тиістілікке көңіл аударады. Ұлт пен этнос арасындағы айырмашылықтар бұлыңғыр болуы мүмкін көпэтносты, көпұлтты мемлекеттердегі бірегейлікті зерттеу кезінде өзектілігі артады. Азаматтық кейде ұлттық мемлекетке мүшеліктің құқықтық және саяси белгілерімен ұқсастырылады. Бұл көбінесе белгілі бір елмен азаматтық пен заңды байланысты білдіреді. Ұлттық мемлекет шеңберіндегі «ұлт» термині егемендік, басқару және саяси ұйым мәнін білдіреді. Сондықтан ұлт ұғымы ұлттық мемлекеттің құрылымын түсіну үшін маңызды мәдени және құқықтық аспектілерді қамтиды. «Ұлт» пен «этнос» түрлі ұғымдар болғанымен, бірегейліктің мәдени және тарихи аспектілері саяси және құқықтық аспектілерден маңыздырақ болатын шарттарында бір-бірінің орнына қолданылады. Осы өзара алмастырушылық көптеген ұлттардың этностық өлшемдері бар идеясын көрсетеді. Бұл тұста ортақ саяси және этностық бірегейлік ұлтты анықтауда орталық рөл атқарады. Демек, теориялық талдауда «этносты» «ұлттың» орнына пайдалану бірегейлік, бірегейлік саясаты және топтық динамиканың қалыптасуын кеңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Аталмыш тәсіл адамдардың өзін-өзі анықтауына көптеген факторлар әсер ететін күрделі ландшафттары бар аймақтар, қоғамды зерттеу кезінде ерекше құнды болуы мүмкін. Дегенмен, зерттеушілер бұл терминдердің нақты қыры мен мағынасын, пайдаланудан туындауы мүмкін кез келген ықтимал айырмашылықтарды есте ұстауы керек. Сондай-ақ зерттелетін топтың саяси-әлеуметтік, мәдени-тарихи қырларын да ескерген жөн. Өйткені ұлт және этнос ұғымдары әлемнің әр елінде түрлі мағынаға ие.

Ұлттық бірегейлік тұжырымдама ретінде түсініксіз және әрең анықталады. «Ұлттық мінез» ескі романтикалық ұғымын алмастырған ұлттық бірегейлік түсінігі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар үшін әлі қалыптаспаған жаңа тұжырымдама болып табылады. Мысалы, 1990 жылы атақты ғалым Луи Снайдердің жарыққа шығарған «Encyclopedia of Nationalism» энциклопедиясында «ұлттық бірегейлік» туралы мәлімет жоқ. Әрине, әрбір пән ұлттық бірегейліктің белгілі бір аспектілеріне қызығушылық танытады. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың түрлі пәндерінің арасында антропология, әлеуметтік психология және әлеуметтану бұл тұжырымдамаға көбірек қызығушылық танытты. А. Ашрафтың пікірінше [42, 159 б.], ұлттық бірегейлік жаңа саяси тұжырымдама ретінде саналса, этникалық бірегейлік ең алғаш пайда болған әлдеқайда ескі тұжырымдама болып табылады. Ғалым ұсынған пікірге сәйкес екі тұжырамдама арасындағы шекаралар екіұшты, дегенмен, бұл ұғымдар бір-бірінің орнына қолданылады және бұл одан әрі шатасуға әкелді. Ғалым ұлттық бірегейлік интеллектуалды мәселе екенін атайды және түсінік ауыл мен қала бұқарасын емес, зиялы қауымды, жаңа орта тап пен элитаны қызықтыратынын дәйектейді. Сондықтан интеллигенцияның ұлттық бірегейлік идеясымен айналысуы және оның мәні, құрамдас бөлігі, ауқымы мен қолданылуы туралы қарама-қайшылықтардың күшеюі ұғымның соңғы кездегі пайда болуы мен

күрделілігін ғана емес, ұлттық және этникалық бірегейліктің Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңдегі дағдарысын көрсетеді деуге негіз бар.

Ұлттық және этникалық бірегейлік топтық бірегейліктің нышаны болып табылады. Ұлттың тұтастығы сезімін құрудың ең жақсы стратегиясы ұлттық бірегейлікті этникалық бірегейлікке қарағанда маңыздырақ ету болуы мүмкін. Дегенмен, этникалық бірегейлікті еңсеру әлеуметтік келісімді сақтау үшін қажет емес деп санайтын ғалымдар кездеседі [43]. Демек үнемі жоғары тұратын ұлттық бірегейлік қуатты болған жағдайда, ішкі топтардың этникалық бірегейлігінің күші қоғамдағы құндылықтарды бөлуде маңызды емес. Сәйкесінше, әділетті және қайырымды билік қуатты этникалық бірегейленуге мүмкіндік бергенде тиімді жұмыс істей алады деп болжауға болады. Өйткені әрбір ішкі топ өзінің бірегейлігін маңызды деп санайтындықтан, менің этникалық тобымның ұлт ретіндегі жоғалуын басқа топтың пайдасы деп ойламайды.

Кейбір ғалымдар ұлттық және этникалық бірегейліктің өзара байланысы ескерілмейтіндігі үшін әлеуметтік бірегейлік теориясы мен өзін-өзі анықтау теориясын сынға алады [44, 253–274 бб.]. Ғалымдар осы теорияларды стандартты түрде зерделеу кез келген жағдайда тек бір ғана әлеуметтік бірегейлік айқындалады және саяси мінез-құлықпен байланысты болады деп болжайды. Сондықтан ұлттық бірегейлік азаматтардың этникалық бірегейліктерімен өзара байланысты болуы мүмкін. Осы теория бірнеше әлеуметтік бірегейліктің бір уақытта ұлттық және этникалық бірегейліктің өзара үйлесімін таба алады деген тұжырым туғызып отыр.

Этникалық бірегейлік пен ұлттық бірегейлік жиі қақтығысқа ұшырайтынын және азаматтар өз тиістілігі үшін қандай санаттау маңыздырақ екенін шешуге тура келетін жағдайға тап болатынын дәйектейтін зерттеулер де бар [45, 190-210 бб.]. Бұл, әсіресе, мемлекетте белгілі бір этникалық топ азшылық болған кезде үлкен мәселеге айналуы мүмкін. Сондықтан осы мәселе аясында этникалық бірегейлік маңыздырақ көрінеді. Себебі, этникалық бірегейлікті өзгерту ұлтқа қарағанда әлдеқайда қиын. Сонымен қатар, ұлттық бірегейлік пен этникалық бірегейлік қатар жүре алмайды деген болжамдар бар. Мұны ұлт ішінде ұлтшылдық сезімі күшейген сайын этникалық азшылықтар кемсітушілік сезінетіндігімен түсіндіруге болады.

Ұлттық және этникалық топтардың мүшелері ортақ бірегейлікке ие. М. Такейдің [46] айтуы бойынша ұжымдық жады ұлттық және этникалық бірегейліктің кілті болып табылады. Ұжымдық жады адамдар тобы арасында естеліктер, тәжірибелер және тарихи деректердің ортақтастығын қалыптастырады. Ұжымдық жады ұрпақтар арасындағы сабақтастық сезімін қамтамасыз етеді. Бұл өткен кезең, қазіргі кезең және болашақ арасындағы байланысты құруға, мәдени және ұлттық дәстүрдің бөлігі ретінде топтың бірегейлігін нығайтуға көмектеседі. Жаһандану дәуірінде ұжымдық жады ұлттық және этникалық шекарадан асып кете алады. Диаспоралық қауымдастықтар өз Отанының ұжымдық жадысымен берік байланысын сақтай отырып, жаңа контексттерге бейімдейді. Жалпы алғанда, ұжымдық жады ұлттық және этникалық деңгейде топтық бірегейлікті қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын серпінді және көп қырлы құбылыс. Ол тек қана ата-тегі мен мәдениетіне негізделіп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жететін тарихи деректер мен ортақ тәжірибелерге терең енеді. Сондықтан ұжымдық жадыны түсіну түрлі қоғамдағы бірегейлік пен тиесіліліктің күрделілігін түсіну үшін маңызды.

«Жаңа» еуропалық бірегейлік жеңіл қабылдана қоймайды, этникалық және ұлттық бірегейліктің қатар өмір сүруі үздіксіз келіссөздер үдерісін танытып, тиістіліктің ағымдылығы мен икемділігі тұжырымдамасы күмән тудырады [47]. Бірнеше бірегейлікке қатысты теориялық тәсілді этникалық бірегейлікке бағытталған этностық азшылықтар мысалында растауға болады. Бұл тұжырым этникалық азшылықтардың бір мезгілде өздерінің этникалық бірегейлігін де, тұратын елінің ұлттық бірегейлігін де ұстанатынын көрсетеді. Ұлттық және этникалық бірегейлікті дамыту және қолдау көбінесе әлеуметтік-экономикалық ахуал және мемлекеттің ықтимал тиімділік саясатына байланысты. Тіл мен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану сияқты әлеуметтік-саяси және мәдени тәжірибелер бірегейлікті қалыптастыру үшін өте маңызды. Ұлттық саясат, әсіресе азшылық құқықтарын қорғау ұлттық және этникалық бірегейленуге ықпал ете алады. Осы тұста «ұлттық бірегейлік» және «этникалық бірегейлік» ұғымдарының сипаттамаларына мән берген жөн (2-кесте):

**2-кесте. Ұлттық бірегейлік және этникалық бірегейлік ұғымдарының сипаттамалары**

Авторы және дерек көзі	Негізгі сипаттамалары
<i>Oxford Dictionaries</i> <a href="https://web.archive.org/web/20151117063449/http://www.oxforddictionaries.com/us/definition/american_english/national-identity">https://web.archive.org/web/20151117063449/http://www.oxforddictionaries.com/us/definition/american_english/national-identity</a>	Ұлттық бірегейлік «ерекше дәстүрі, мәдениеті және тілі арқылы бейнеленген біртұтас ұлт» сезімі.
R. Emerson, <i>From Empire to Nation</i>	Ұлттық бірегейлік өзін ұлт ретінде сезінетін адамдар тобы.
R.D. Ashmore, L. Jussim, D. Wilder, eds., <i>Social Identity, Intergroup Conflict, and Conflict Reduction</i>	Ұлттық бірегейлік – адам бірегейлігінің бір немесе бірнеше мемлекетке, бір немесе бірнеше ұлтқа тиесілігін сезінуі (74-75 бб.).
Y. Lee, <i>Modern Education, Textbooks, and the Image of the Nation: Politics and Modernization and Nationalism in Korean Education</i>	Ұлттық бірегейлік «айырмашылықты сезіну», «біз» және «олар» құбылыстарын тану ретінде қарастырылады (29 б.).
H. Kelman, <i>Nationalism, Patriotism and National Identity: Social-Psychological Dimensions</i>	Ұлттық бірегейлік ұлттың ұжымдық өнімі болып табылады (171–173 бб.).
E. Woods, R. Schertzer, E. Kaufmann, <i>Ethno-national conflict and its management</i>	Бірнеше этникалық топтар өмір сүретін елдерде этникалық және ұлттық бірегейлік қақтығысуы мүмкін (153-161 бб.).
J. Fearon, D.D.Laitin, <i>Ordinary language and external validity: specifying concepts in the study of ethnicity</i>	Этникалық бірегейлік отбасынан үлкен топ, оның мүшелігі ең алдымен шығу тегі бойынша және дәстүрлі түрде «табиғи тарихы» бар топ ретінде анықталады (20 б.).
J. Hutchinson, A.D. Smith, <i>Ethnicity</i>	Этникалық бірегейлік ортақ шығу тегі, ортақ тарихи жады, ортақ мәдениеттің Отанмен байланысы және ынтымақтастық сезімі туралы мифтер қалыптасқан адам популяциясы (6 б.).

Y.S. Phinney, <i>Identity and Self-esteem</i>	Үстем мәдениеттегі азшылықтың этникалық бірегейлігі өзгелер көзқарасымен тікелей байланысты (193-208 бб.).
Н.М. Лебедева, <i>Социальная психология этнических миграций</i>	Тұлғаның этникалық бірегейлігі бірегейленудің басқа түрлерімен салыстырғанда, дүниені ақпараттық құрылымдаудың ең көне және тұрақты түрлерінің бірі болып табылады (173 б.).

Осы сипаттамалар және айқындалған тұжырымдар негізінде екі ұғым арасындағы айырмашылықтарды анықтауды жөн санадық.

### **Ұлттық бірегейлік**

1. Саяси және аумақтық бағыт. Ұлттық бірегейлік ең алдымен белгілі бір ұлттық мемлекетпен және саяси құрылыммен байланысты. Бұл көбінесе азаматтардың белгілі бір елдің саяси және құқықтық құрылымдарымен, азаматтығымен бірегейленуін қамтиды.

2. Мәдени әралуандылық. Ұлттық бірегейлік мәдени әралуандылықтың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Көптеген елдерде түрлі этникалық, тілдік және мәдени ортадағы адамдар өздерінің ортақ саяси көзқарастарына байланысты өздерін бір ұлттың мүшелері деп санауы ықтимал.

3. Ортақ тарих пен нышандар. Ұлттық бірегейлік ортақ тарих, тарихи оқиғалар, ту, әнұран және ұлттық мерекелер секілді нышандармен байланысты. Бұл ортақ нышандар белгілі бір ұлтқа қатысты сезімді нығайтуға көмектеседі.

4. Құқықтық мәртебе. Ұлттық бірегейлік құқықтық мәртебемен, азаматтық құқықтар мен міндеттермен тығыз байланысты. Ел азаматтарының әдетте азаматтыққа қатысты заңды байланыстары, міндеттері мен артықшылықтары болады.

### **Этникалық бірегейлік**

1. Мәдени және бабалар бағыты. Этникалық бірегейлік мәдени, тілдік және бабалар байланыстарына негізделген. Ол көбінесе ортақ мәдени мұра, тіл, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенеді.

2. Мемлекеттілікпен байланыстың жоқтығы. Этникалық бірегейлік ұлттық мемлекет, саяси құрылыммен байланысты емес. Этникалық топтар бірнеше елдерде, аймақтарда болуы мүмкін және олардың бірегейлігі саяси шекаралардан гөрі мәдени және тарихи факторларға негізделген.

3. Тиістілік сезімі. Этникалық бірегейлік белгілі бір этникалық топ, қауымдастыққа қатыстылық сезімін береді. Тиістілік ортақ мәдени дәстүрлер, құндылықтар және сол этностың басқа адамдарымен туыстық сезімін қамтиды.

4. Үнемі өзгеретін және көп қырлы. Этникалық бірегейлік өзгермелі және көп қырлы болуы мүмкін. Азаматтар түрлі этникалық топтармен бірегейленуі, түрлі шарттар мен тәжірибелерге негізделген этникалық бірегейлігін өзгеге бейімдеуі ықтимал.

5. Заңдылығы аз. Ұлттық бірегейлік құқықтық мәртебемен тығыз байланысты болса, этникалық бірегейлік заңды және саяси құқықтармен байланысы азырақ. Мәселе мәдени тиесілілік пен ортақ мұра сезімі құбылысымен байланысты.

6. Тарихи және мәдени маңызы. Этникалық бірегейлік тарихи тәжірибелер, көші-қон және мәдени дәстүрлерден тұрады. Сондай-ақ мәдени мақтаныш сезімі мен мәдени тәжірибелерді сақтауды қамтиды.

Қазіргі азаматтық қоғам мен демократиялық мемлекеттің қалыптасуына ерекше мән беретін ұлттық, либералдық және демократиялық бірегейлік тұжырымдамасы ұжымдық бірегейліктің танымал тәсілі болып табылады. Ұлттық бірегейліктің либералды түсініктерінің кейбір жақтаушылары ұлттық бірегейліктің қалыптасуы азаматтық қоғам құруға байланысты деп есептейді. XX ғасырдың соңғы онжылдығы этноұлтшылдық үндеулерге бой алдырған және өздерінің ата-баба ерекшеліктерін қайта ашқан көптеген этникалық топтардың ұлттық ұмтылысының күшеюінің куәсі болды. Этникалық топтар елдің құқықтық шекарасы оның этникалық құрамымен сәйкес келуі керек ұстанымы негізінде тәуелсіз мәртебе беруді талап ете бастады. Бұл өз кезегінде ұлттық бірегейлік пен өсіп келе жатқан этникалық бірегейлік арасындағы бәсекелес қақтығыстардың күшеюіне әкеледі.

### **Қорытынды**

Мақалада ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейліктің саяси ғылымдарға қатысты тұжырымдамалардың бірнеше ықпалды түсіндірмелеріне шолу жасалды. Ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлік категорияларын саяси-тарихи талдау кезінде назарға бірінші түсетіні – саясаттанушылар арасында осы тұжырымдамаларға қатысты ғылыми көзқарастардың кеңдігі байқалады. Екіншісі – аталмыш ұғымдар түсіндірмелерінде әр автор пікірінде өзгелерден басқаша түбегейлі көзқарастар қалыптасқан. Осы себептерге байланысты түсініктерге қатысты танымал және ықпалды тұжырымдамаларының пайда болуы, дамуы және қазіргі әлеуметтік-саяси контекстегі пікірлерді сыни талданды.

Жаһандану дәуіріндегі ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейліктің болашағы негізінен түрлі факторларға – саяси шешімдер, экономикалық үрдістер, әлеуметтік динамика және мәдени өзгерістерге байланысты екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар ұғымдар жөніндегі іс жүзіндегі түсіндірмелер эволюциясы барлық елдерде бірдей емес және осы түсініктер арасында айтарлықтай өзгерістер болуы мүмкін. Нәтижелер мемлекеттер мен қоғамның жаһандануы ұсынатын қиындықтар мен мүмкіндіктерге бейімделу қабілетіне байланысты. Іс жүзінде көптеген елдер әлеуметтік бірігу және жаһандық байланыс мәселелерін шешу кезінде түрлі бірегейлікті басқару қиындықтарына тап болады. Толеранттылық, мәдениетті сақтау және әртүрлілікті құрметтеуге ықпал ететін саясат жаһанданған әлемдегі түрлі бірегейліктің бейбіт қатар өмір сүруіне жәрдемдесуде маңызды болып табылады.

Зерттеушілер әлемде болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсіндіргісі келсе, саяси-әлеуметтік көзқарастар аясындағы ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлікті түсінудегі жоғарыда сипатталған мағыналық айырмашылықтарды ескеруі қажет. Саяси ғылымдардағы ұлт және этнос, ұлттық және этникалық бірегейлік арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты түсіну көптеген жылдар бойы жемісті зерттеу саласы болары анық.



**Қаржыландыру.** Ұсынылған мақала «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық азшылықтардың этникалық бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19677146).

### **Автордың қосқан үлесі.**

**М.Ө. Насимов** – мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, теориялық әдебиетпен жұмыс, материалдар жинау және талдау жүргізу, мақаланың теориялық және практикалық бөлімін және қорытындыны негіздеу.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Kobayashi A. International Encyclopedia of Human Geography / A. Kobayashi. – Elsevier, 2020. – 7242 p.
2. Smelser N.J., Baltes P.B. International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences / N.J. Smelser, P.B. Baltes. - Elsevier, 2001. – 17500 p.
3. Bar-Tal D., Staub E. Patriotism in the lives of individuals and nations / D. Bar-Tal, E. Staub. – Chicago: Nelson-Hall Publishers, 1997. – 336 p.
4. Omelaenko N. Concepts of ethnos and nation in scientific and theoretical studies // Advances in Economics, Business and Management Research. – 2018. – Vol. 47. – P. 202-207.
5. Кочетков В.В. Национальная и этническая идентичность в современном мире // Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология. – 2012. – № 2. – С. 144-162.
6. Marcos F.G. Communication in the Analects of Confucius / F.G. Marcos. - New York, Bern, Berlin, Bruxelles, Oxford, Wien: Peter Lang Publishing Group, 2022. – 92 p.
7. Taylor C.C.W. From the Beginning to Plato. Routledge history of philosophy. Volume 1 / C.C.W. Taylor. – London: Routledge, 2023. – 528 p.
8. Rorty A.O. Essays on Aristotle's ethics / A.O. Rorty. – Berkeley: University of California Press, 2023. – 438 p.
9. Dobinson C.H. Jean-Jacques Rousseau: His thought and its relevance today / C.H. Dobinson. – London: Routledge, 2021. – 158 p.
10. Hollander S. Immanuel Kant and utilitarian ethics / S. Hollander. - London: Routledge, 2022. – 224 p.
11. Ward A. Polis, nation, global community: The philosophic foundations of citizenship / A. Ward. – London: Routledge India, 2021. – 210 p.
12. Olender M. The Indo-European mirror: Monotheism and polytheism: (J.G. Herder, E. Renan, A. Pictet, F.M. Müller and R.F. Grau) // History and Anthropology. – 1987. – Vol. 3. – No. 1. – P. 327-375.
13. Cheah P., Culler J. Grounds of comparison: Around the work of Benedict Anderson / P. Cheah, J. Culler. - New York: Routledge India, 2003. – 264 p.
14. Skalník P. Ernest Gellner's legacy and social theory today / P. Skalník. – Palgrave Macmillan Cham, 2023. – 581 p.
15. Anderson B. Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism / B. Anderson. – London: Verso, 2016. – 256 p.
16. Waddington P.A.J. The deadly ethnic riot, by D. Horowitz // British Journal of Criminology. – 2003. – Vol. 43. – No. 4. – P. 827-828.

17. Conversi D. Ethnonationalism in the contemporary world: Walker Connor and the study of nationalism / D. Conversi. – London: Routledge, 2002. – 320 p.
18. Halikiopoulou D., Vasilopoulou S. Nationalism and globalisation: Conflicting or complementary? / D. Halikiopoulou, S. Vasilopoulou. – London: Routledge, 2011. – 208 p.
19. Bauböck R. Diaspora and transnationalism: Concepts, theories and methods / R. Bauböck. – Amsterdam: Amsterdam University Press, 2010. – 360 p.
20. Stewart K.L. Democratic and autocratic nation building // Nationalities Papers - The Journal of Nationalism and Ethnicity. – 2021. – Vol. 49. – No. 2. – P. 205-212.
21. Vila J. Regional organizations and ethnic conflict prevention: The EU and Kosovo conflict // Studies in Ethnicity and Nationalism. – 2023. – Vol. 23. – No. 2. – P. 144-157.
22. Mathew M., Tay M. Religion and identity politics: Global trends and local realities / M. Mathew, M. Tay. – Singapore: World Scientific Publishing Co., 2021. – 208 p.
23. Wirth C. Migrations and nations: Historical perspectives on current border crossings // Historisk Tidsskrift. – 2019. – Vol. 98. – No. 4. – P. 297-308.
24. Tsang R., Woods E.T. The cultural politics of nationalism and nation-building: Ritual and performance in the forging of nations / R. Tsang, E.T. Woods. – London: Routledge, 2013. – 214 p.
25. Fossungu P.A.-A. Understanding confusion in Africa: The politics of multiculturalism and nation-building in Cameroon / P.A.-A. Fossungu. – Bamenda: Langaa RPCIG, 2013. – 272 p.
26. Fois M. Identity, politics and nation: Algerian nationalism and the 'berberist crisis' of 1949 // British Journal of Middle Eastern Studies. – 2016. – Vol. 43. – No. 2. – P. 206-218.
27. Кабазиев М.Ш. Формирование национальной идентичности республики Казахстан: особенности и противоречия // Современная Европа. – 2022. – №7. – С. 221-231.
28. Kashkinbayeva A.T., Korganova S.S., Gabdulina B.A., Takibayev M.A., Kuzembayeva A.O. Historical fate of Balkan ethnic groups in Kazakhstan: Past and present // Revista Iberoamericana de Viticultura Agroindustria y Ruralidad. – 2023. – Vol. 10. – No. 29. – P. 63-74.
29. Czuba K. Political mobilization of layered ethnic identities // Ethnic and Racial Studies. – 2023. – Vol. 46. – No. 10. – P. 2138-2162.
30. Нурбаев Ж., Кюбек Ж. Орта Азия елдеріндегі тарихи саясат және ұлт құрылысы: Қазақстан мен Өзбекстандағы саяси ақтау көрінісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2023. – №1(142). – 209-221 бб.
31. Насимов М.Ө. Ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2023. – №2(143). – 70-81 бб.
32. Hobsbawm E. Nations and nationalism since 1780: Programme, myth, reality / E. Hobsbawm. – Cambridge: Cambridge University Press, 1990. – 191 p.
33. Bloom W. Personal identity, national identity and international relations / W. Bloom. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993. – 208 p.
34. Calhoun C.J. Nationalism / C.J. Calhoun. – Milton Keynes: Open University Press, 1997. – 164 p.
35. Gilbert P. The philosophy of nationalism / P. Gilbert. – London: Routledge, 1998. – 214 p.
36. Smith A.D. Myths and memories of the nation / A.D. Smith. – Oxford: Oxford University Press, 1999. – 288 p.
37. Арутюнян Ю.В., Дробижина Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. – М.: Аспект Пресс, 1998. – 271 с.

38. Насимов М.Ө. Рухани жаңғыру: қоғамдық сана мен тарихи сананы жаңғырту. - Қызылорда, 2020. - 336 б.
39. Гранин Ю.Д. «Нация» и «этнос»: эволюция подходов и интерпретаций в философии и науке XVIII–XX столетий // Вопросы философии. – 2015. – №7. – С. 5-16.
40. Chandra K. Constructivist theories of ethnic politics / K. Chandra. – Oxford: Oxford University Press, 2012. – 520 p.
41. Peter W. National and ethnic identities: Theoretical concepts in practice // Innovation: The European Journal of Social Science Research. – 1991. – Vol. 4. – No. 1. – P. 9-29.
42. Ashraf A. The crisis of national and ethnic identities in contemporary Iran // Iranian Studies. – 1993. – Vol. 26. – No. 1-2. – P. 159-164.
43. Huo Y., Smith H., Tyler T., Lind E. Superordinate identification, subgroup identification, and justice concerns: is separatism the problem, is assimilation the answer // Psychological Science. – 1996. – No. 7. – 40-45.
44. Breakwell G., Lyons E. Changing European identities: Social psychological analysis of social change / G. Breakwell, E. Lyons. – Oxford: Butterworth-Heinemann, 1996. – 454 p.
45. Bar-Tal D., Staub E. Patriotism in the lives of individuals and nations / D. Bar-Tal, E. Staub. – Chicago: Nelson-Hall, 1997. – 336 p.
46. Takei M. Collective memory as the key to national and ethnic identity: the case of Cambodia // Nationalism and Ethnic Politics. – 1998. – Vol. 4. – No. 3. – P. 59-78.
47. Waechter N. Introduction to the construction and the interplay of European, national and ethnic identities in Central and Eastern Europe // Identities. – 2016. – Vol. 23. – No. 6. – P. 630-647.

**М.О. Насимов**

*Қызылординский университет имени КORKYТ АТА, Қызылорда, Казахстан*

**Интерпретация нации и этноса, национальной и этнической идентичности  
в политических науках**

**Аннотация.** В политической науке интерпретация нации, этноса, национальной идентичности и этнической идентичности представляет собой сложную и многогранную область исследования. Ученые в этой области анализируют эти концепции с разных точек зрения, учитывая их политические, культурные, исторические и социальные аспекты. В политической науке интерпретация этих понятий часто зависит от конкретного исследовательского контекста и целей. Исследователи изучают, как определяются нации и этносы, как формируются и поддерживаются национальные и этнические идентичности и как эти идентичности влияют на политическое поведение, институты и политику. Изучение нации и этноса имеет важное значение для понимания политической динамики, управления и разрешения конфликтов в различных обществах. Главной целью данной статьи является политологическая систематизация выводов, определяющих эти четыре понятия. Для реализации цели ставим задачи критического анализа путем аргументации сущности понятий. Прежде всего, мы обратили внимание на те понятия, которые заложены в объекте исследования, которые сложились в истории политической мысли.

Мы остановились на основных характеристиках каждого понятия и определили их взаимные отличия. В статье утверждается отсутствие среди учёных единого определения изучаемых понятий. Мы пришли к выводу, что исследователи должны учитывать семантические различия интерпретаций, данных в контексте политико-социальных взглядов, если они хотят правильно интерпретировать события, происходящие в мире.

**Ключевые слова:** нация, этнос, национальная идентичность, этническая идентичность, политика, принадлежность, культура.

**M.O. Nassimov**

*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### **Interpretation of nation and ethnos, national and ethnic identity in political sciences**

**Abstract.** In political science, the interpretation of nation, ethnos, national identity, and ethnic identity is a complex and multifaceted area of study. Scholars in this field analyze these concepts from various perspectives, considering their political, cultural, historical, and social dimensions. In political science, the interpretation of these concepts often depends on the specific research context and objectives. Researchers examine how nations and ethnos are defined, how national and ethnic identities are formed and maintained, and how these identities influence political behavior, institutions, and policies. The study of nation and ethnos is essential for understanding political dynamics, governance, and conflict resolution in diverse societies. The main goal of this article is a political science systematization of the conclusions that define these four concepts. To achieve the goal, we set the task of critical analysis by arguing the essence of concepts. First of all, we paid attention to those concepts that are embedded in the object of study, which have developed in the history of political thought. We focused on the main characteristics of each concept and determined their mutual differences. The article argues that there is no single definition of the concepts being studied among scientists. We conclude that researchers must take into account the semantic differences of interpretations given in the context of political-social views if they want to correctly interpret events occurring in the world.

**Keywords:** nation, ethnos, national identity, ethnic identity, politics, affiliation, culture.

#### **References**

1. Kobayashi A. International Encyclopedia of Human Geography. (Elsevier, 2020, 7242 p.).
2. Smelser N.J., Baltes P.B. International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences, (Elsevier, 2001, 17500 p.).
3. Bar-Tal D., Staub E. Patriotism in the lives of individuals and nations, (Nelson-Hall Publishers, Chicago, 1997, 336 p.).
4. Omelaenko N. Concepts of ethnos and nation in scientific and theoretical studies, *Advances in Economics, Business and Management Research*, 47, 202-207 (2018).
5. Kochetkov V.V. Nacional'naya i etnicheskaya identichnost' v sovremennom mire [National and ethnic identity in the modern world], *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 18. Sociologiya i politologiya* [Bulletin of Moscow University. Series 18. Sociology and political science], 2, 144-162 (2012) [in Russian].

6. Marcos F.G. Communication in the Analects of Confucius, (Peter Lang Publishing Group, New York, Bern, Berlin, Bruxelles, Oxford, Wien, 2022, 92 p.).
7. Taylor C.C.W. From the Beginning to Plato. Routledge history of philosophy. Volume 1, (Routledge, London, 2023, 528 p.).
8. Rorty A.O. Essays on Aristotle's ethics, (University of California Press, Berkeley, 2023, 438 p.).
9. Dobinson C.H. Jean-Jacques Rousseau: His thought and its relevance today (Routledge, London, 2021, 158 p.).
10. Hollander S. Immanuel Kant and utilitarian ethics, (Routledge, London, 2022, 224 p.).
11. Ward A. Polis, nation, global community: The philosophic foundations of citizenship, (Routledge India, London, 2021, 210 p.).
12. Olender M. The Indo-European mirror: Monotheism and polytheism: (J.G. Herder, E. Renan, A. Pictet, F.M. Müller and R.F. Grau), History and Anthropology, 3, 1, 327-375 (1987).
13. Cheah P., Culler J. Grounds of comparison: Around the work of Benedict Anderson. (Routledge India, New York, 2003, 264 p.).
14. Skalnik P. Ernest Gellner's legacy and social theory today. (Palgrave Macmillan Cham, 2023, 581 p.).
15. Anderson B. Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism. (Verso, London, 2016, 256 p.).
16. Waddington P.A.J. The deadly ethnic riot, by D. Horowitz, British Journal of Criminology, 43, 4, 827-828 (2003).
17. Conversi D. Ethnonationalism in the contemporary world: Walker Connor and the study of nationalism. (Routledge, London, 2002, 320 p.).
18. Halikiopoulou D. Vasilopoulou S. Nationalism and globalisation: Conflicting or complementary? (Routledge, London, 2011, 208 p.).
19. Bauböck R. Diaspora and transnationalism: Concepts, theories and methods. (Amsterdam University Press, Amsterdam, 2010, 360 p.).
20. Stewart K.L. Democratic and autocratic nation building, Nationalities Papers, The Journal of Nationalism and Ethnicity, 49, 2, 205-212 (2021).
21. Vila J. Regional organizations and ethnic conflict prevention: The EU and Kosovo conflict, Studies in Ethnicity and Nationalism, 23, 2, 144-157 (2023).
22. Mathew M., Tay M. Religion and identity politics: Global trends and local realities, (World Scientific Publishing Co., Singapore, 2021. 208 p.).
23. Wirth C. Migrations and nations: Historical perspectives on current border crossings, Historisk Tidsskrift, 98, 4, 297-308 (2019).
24. Tsang R., Woods E.T. The cultural politics of nationalism and nation-building: Ritual and performance in the forging of nations, (Routledge, London, 2013, 214 p.).
25. Fossungu P.A.-A. Understanding confusion in Africa: The politics of multiculturalism and nation-building in Cameroon, (Langaa RPCIG, Bamenda, 2013, 272 p.).
26. Fois M. Identity, politics and nation: Algerian nationalism and the 'berberist crisis' of 1949, British Journal of Middle Eastern Studies, 43, 2, 206-218 (2016).
27. Kabaziev M.Sh. Formirovanie nacional'noi identichnosti respubliki Kazakhstan: osobennosti i protivorechiya [Formation of the national identity of the Republic of Kazakhstan: Peculiarities and contradictions], Sovremennaya Evropa [Contemporary Europe], 7, 221-231 (2022) [in Russian]

28. Kashkinbayeva A.T., Korganova S.S., Gabdulina B.A., Takibayev M.A., Kuzembayeva A.O. Historical fate of Balkan ethnic groups in Kazakhstan: Past and present, *Revista Iberoamericana de Viticultura Agroindustria y Ruralidad*, 10, 29, 63-74 (2023).
29. Czuba K. Political mobilization of layered ethnic identities, *Ethnic and Racial Studies*, 46,10, 2138-2162 (2023)
30. Nurbayev Zh., Kiyubek Zh. Orta Aziya elderindegi tarihi sayasat zhane ult qurylysy: Qazaqstan men Ozbekstandagy sayasi aktau korinisi [Historical politics and nation-building in Central Asian countries: rehabilitation practices in Kazakhstan and Uzbekistan], L.N. Gumilev atyndagy EEU Habarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaqtanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political science. Regional studies. Oriental studies. Turkology Series], 1, 142, 209-221 (2023) [in Kazakh]
31. Nassimov M.O. Ulttyk kurylystyn mani zhane negizgi tusinikteri [Essence and basic concepts of nation-building], L.N. Gumilev atyndagy EEU Habarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaqtanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political science. Regional studies. Oriental studies. Turkology Series], 2, 143, 70-81 (2023) [in Kazakh]
32. Hobsbawm E. Nations and nationalism since 1780: Programme, myth, reality. (Cambridge University Press, Cambridge, 1990, 191 p.).
33. Bloom W. Personal identity, national identity and international relations. (Cambridge University Press, Cambridge, 1993, 208 p.).
34. Calhoun C.J. Nationalism. (Open University Press, Milton Keynes, 1997, 164 p.).
35. Gilbert P. The philosophy of nationalism. (Routledge, London, 1998, 214 p.).
36. Smith A.D. Myths and memories of the nation. (Oxford University Press, Oxford, 1999, 288 p.).
37. Arutyunyan Yu.V., Drobizheva L.M., Susokolov A.A. Enosotsiologiya [Ethnosociology], (Moscow, Aspect Press, 1998, 271 p.) [in Russian]
38. Nassimov M.O. Ruhani zhangyru: kogamdyk sana men tarihi sanany zhangyrtu [Spiritual modernization: modernization of public consciousness and historical consciousness], (Kyzylorda, 2020, 336 p.) [in Kazakh]
39. Granin Yu.D. «Natsiya» i «etnos»: evolyutsiya podhodov i interpretatsii v filosofii i nauke XVIII–XX stoletii [«Nation» and «ethnicity»: the evolution of approaches and interpretations in philosophy and science of the 18th-20th centuries], *Voprosy Filosofii* [Questions of Philosophy], 7, 5-16 (2015) [in Russian]
40. Chandra K. Constructivist theories of ethnic politics, (Oxford University Press, Oxford, 2012, 520 p.).
41. Peter W. National and ethnic identities: Theoretical concepts in practice, *Innovation: The European Journal of Social Science Research*, 4, 1, 9-29 (1991).
42. Ashraf A. The crisis of national and ethnic identities in contemporary Iran, *Iranian Studies*, 26, 1-2, 159-164 (1993).
43. Huo Y., Smith H., Tyler T., Lind E. Superordinate identification, subgroup identification, and justice concerns: is separatism the problem, is assimilation the answer, *Psychological Science*, 7, 40-45 (1996).
44. Breakwell G., Lyons E. Changing European identities: Social psychological analysis of social change, (Butterworth-Heinemann, Oxford, 1996, 454 p.).
45. Bar-Tal D., Staub E. Patriotism in the lives of individuals and nations, (Nelson-Hall, Chicago, 1997, 336 p.).

46. Takei M. Collective memory as the key to national and ethnic identity: the case of Cambodia, *Nationalism and Ethnic Politics*, 4, 3, 59-78 (1998).

47. Waechter N. Introduction to the construction and the interplay of European, national and ethnic identities in Central and Eastern Europe, *Identities*, 23, 6, 630-647 (2016).

**Автор туралы мәлімет:**

**Насимов М.Ө.** – саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Nassimov M.O.** – Candidate of Political Science, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 11.15.19  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-32-45>

## Жаңғыру жағдайындағы қазақстандықтардың саяси сәйкестігі

З.С. Гаипов 

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан

(E-mail: [zulfukhar.gaipov@apa.kz](mailto:zulfukhar.gaipov@apa.kz))

**Аңдатпа.** Мақала қазақстандықтардың саяси сәйкестігіне жаңғыру процесінің әсерін зерттеуге арналған. Саяси сәйкестік елдің ұлттық бірлігі мен тұрақтылығын нығайтуда маңызды рөл атқарады, ал жаңғыру оның трансформациясына көп қырлы ықпал етеді. Жаңғыру саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді қамтитын ауқымды процесс ретінде қарастырылады. Авторлар саяси сәйкестіктің қалыптасуындағы тарихи және мәдени факторларды, сондай-ақ жаһандану, цифрландыру, білім беру реформалары және урбандалу сияқты қазіргі заманғы үрдістердің әсерін кешенді түрде талдайды. Зерттеу «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» бағдарламаларының маңыздылығын атап өтіп, олардың жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін көрсетеді. Жаһандану жағдайында ұлттық және этномәдени сәйкестікті сақтаудың өзекті мәселелері қарастырылып, осы үдерістің қоғамның тұрақты дамуы үшін маңыздылығы көрсетіледі. Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістер қолданылып, сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы қоғамдағы саяси сәйкестіктің негізгі аспектілері анықталған. Зерттеу нәтижелері саяси сәйкестікті нығайту үшін ұлттық сана-сезімді дамыту, этномәдени әр алуандылықты қолдау және азаматтық белсенділікті арттыру қажеттілігін көрсетеді. Қазақстандықтардың саяси сәйкестігіне әсер ететін негізгі факторлар ретінде цифрлық трансформация, білім беру реформалары, урбандалу және жаһандану аталып өтіледі. Сонымен қатар жастардың саяси қатысуы мен дәстүрлі құндылықтарды сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселесі талқыланады. Мақалада ұсынылған тұжырымдар ұлттық бірлік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін маңызды негіз бола алады.

**Түйін сөздер:** саяси сәйкестік, жаңғыру, азаматтық патриотизм, ұлттық бірлік, жаһандану, цифрландыру, этномәдени әр алуандылық, мемлекеттік саясат, жастар, урбандалу.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025



## Кіріспе

Саяси сәйкестік – әрбір мемлекеттің әлеуметтік және саяси құрылымының маңызды бөлігі, ол азаматтарды саяси институттармен, мемлекетпен және қоғаммен байланыстырады. Жаңғыру жағдайында бірыңғай саяси сәйкестікті қалыптастыру мәселесі, Қазақстан сияқты көп этносты және көп мәдениетті қоғамдар үшін ерекше маңызға ие. Саяси сәйкестік азаматтардың саяси процестерге қатысу деңгейін, мемлекеттік институттарға деген көзқарастарын және қоғамның ұлттық құндылықтар мен мақсаттар айналасында бірігу деңгейін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – жаңғыру жағдайында қазақстандықтардың саяси сәйкестігінің өзгерістерін зерттеу, осы үдерісте кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау және бірыңғай саяси сәйкестікті нығайтуға арналған ұсыныстарды әзірлеу.

Тақырыптың өзектілігі жаңғыру үдерістерінің жалғасуы аясында әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық бірлікті нығайту қажеттілігімен тығыз байланысты. Этнос аралық келісімді сақтау, дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заман талаптарына сай бейімдеу және мемлекеттік институттарға деген сенімді сақтап қалу мәселелері саяси сәйкестікті зерттеу үшін кешенді ғылыми тәсілді қажет етеді.

Мақалада қазақстандықтардың саяси сәйкестігінің қалыптасуындағы негізгі аспектілер қарастырылған. Негізгі назар жаңғыру үдерістерінің саяси сәйкестікке ықпалына, сондай-ақ оны нығайтудағы қиындықтар мен мүмкіндіктерге бағытталған. Зерттеудің жаңалығы Қазақстанның жаңғыру жағдайындағы саяси сәйкестікті кешенді түрде зерттеуде жатыр, бұл қазіргі жағдайды бағалаумен ғана шектелмей, оны нығайтуға арналған ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Ұсынылған материал Қазақстанның қазіргі заманғы негізгі міндеттерінің бірі ретінде қоғамды бірыңғай саяси сәйкестік айналасында біріктіруді көрсетеді, бұл тұрақты даму мен ұлттық тұтастықты нығайту үшін маңызды шарт болып табылады.

## Зерттеу әдістері

Конституция, «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» бағдарламасы сияқты негізгі бағдарламалық құжаттар мен мемлекеттік статистикалық мәліметтер мұқият зерттелді. Саясаттанушылар, социологтар, тарихшылар сияқты сала мамандарымен жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізіліп, бұл әдіс мәселені тереңірек талдауға мүмкіндік берді. Әртүрлі әлеуметтік топтардағы халықтың саяси сәйкестікке деген көзқарастарын зерттеу үшін қоғамдық пікір сауалнамасы ұйымдастырылды. Сандық және сапалық әдістерді үйлестіру арқылы саяси сәйкестіктің негізгі үрдістері мен ерекшеліктері анықталды.

## Зерттеу нәтижелері

Саясаттану ғылымында саяси мәдениет ұғымы азаматтардың саяси сәйкестігін қазіргі саяси жүйеге қаншалықты сәйкес келетіндігін зерттейтін концептуалды құрал ретінде

қолданылады. Бүгінгі таңда сәйкестік ұғымы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында, оның ішінде саяси және құқықтық салаларда кеңінен пайдаланылып жүр. Ағылшын тілінен аударғанда *identity* термині «сәйкестік» сөзі «ұқсастық», «ынтымақтастық» мағыналарын білдіреді.

Сәйкестік адамның негізгі қажеттіліктерін көрсетеді. Ұзақ уақыт бойы өзіне тән тұлғалық сезімді жоғалту арқылы адам өмір сүре алмайды. Сәйкестік – бұл жеке тұлғаға, топқа және қоғамға сенімділік, өзін-өзі тану сезімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін идеялар мен тәжірибелердің жиынтығы. Бұл психологиялық және әлеуметтік-мәдени құрылым, ол жеке өмірдің және ұжымдық тарихтың әртүрлі сәттерін біріктіре отырып, «Мен» және «Біз» деген ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

М. Мамардашвилидің пікірінше, адам өмірінде жеке басының маңызы зор, себебі «адам, негізінен, оған түсініксіз әлемде өмір сүре алмайды. Бірақ бұл түсіну принципі әрқашан адамның өзіне деген іргелі көзқарасымен және өзін-өзі тану мен өзін-өзі құрметтеу қабілетімен тығыз байланысты» [1].

Саяси сәйкестік арқылы біз саяси процесс субъектісінің саяси қатынастардың басқа субъектілері мойындаған белгілі бір саяси ұстаныммен сәйкестендірілуін түсінеміз. Субъектінің өзінде немесе басқаларда пайда болатын «жеке басының құндылықтары» үш түрлі фактордың әсерінен қалыптасады. Біріншіден, субъектілердің психологиялық қызметі, яғни олар интернационализациялайтын құндылықтар мен стереотиптер жүйесі. Екіншіден, саяси ұстанымның ерекшелігі және оның функционалдық сипаттамалары. Үшіншіден, саяси процестің қатысушылары қабылдаған құндылықтар.

Сәйкестендіру процесі басқа адамдарды тануды және олардың әлеуметтік позициясының жақындық немесе оның маңыздылығынан қашықтығын білу арқылы оң немесе теріс мәнде жүзеге асады. Біріктіру мен ажыратудың, қосу мен оқшаулаудың, бірлестіктер мен автономияның бірдей механизмдері саяси бірегейлікті қалыптастыру процесінде жұмыс істейді. Күнделікті саяси өмірде адам алдымен үстірт, жағдайға байланысты саяси бірегейлікті дамытады. Сонымен қатар ол жалпылау, таңдау, анықтау және рационализациялау арқылы тұрақты саяси сәйкестікке айнала алады. Саяси мәдениетті меңгеру барысында, жеке тұлға саяси жүйеге бағытталған негізгі сенімдер, көзқарастар, бағдарлар мен символдар жүйесін игере отырып, өз саяси ұстанымын қалыптастырады – саяси іс-әрекеттердің нормалары мен ережелері, саяси қабылдау мен бағалау әдістері, саяси қатысу және қарым-қатынас тәсілдерін меңгереді.

Саяси сәйкестік әлеуметтік сипатта ғана емес, топтық сипатқа да ие. Ол кез келген топқа, мысалы, партияға, идеологиялық ағымға және т.б. қатысты болуы мүмкін және топтың өзін қандай да бір саяси ұстаныммен сәйкестендіру немесе оны саяси процестің басқа субъектілері мойындауы ретінде көрінеді. Ю. Качановтың айтуы бойынша, «саяси қатынастардың басқа субъектілері оны кодификациялаған кезде субъектінің саяси сәйкестігі белгілі бір агентті өзіне-өзі мойындайтын немесе өзі жариялайтын жеке басының мағыналарына жатқызу арқылы анықталды» [2].

Саяси сәйкестік пен сәйкестендіру заңдылықпен тығыз байланысты, өйткені сәйкестік және сәйкестендіру саяси қатынастардың басқа субъектілері тарапынан белгілі бір позицияны иеленудің заңдылығын мойындауды қажет етеді. Бұл процесте саяси жүйе

мен оның қатысушыларының заңды мәртебесі маңызды рөл атқарады, себебі олар өзара тану мен өзара түсіністік негізінде белгілі бір саяси ұстанымның қабылдануын қамтамасыз етеді.

Саяси бірегейлік саяси сананың нәтижесі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар саяси бірегейлік саяси кеңістіктің құрылымы мен оның динамикасы сияқты «объективті» факторлардың әсерінен де қалыптасады. Саяси сәйкестік өз кезегінде саяси сананың ерекшеліктеріне үлкен ықпал етуі мүмкін. Сондықтан оны белгілі бір жағдайларда және нақты шарттармен саяси сананың құрамдас бөлігі ретінде бағалауға болады.

Саяси сәйкестік жеке тұлғаның «сыртқы мінез-құлқын» қалыптастыруда маңызды рөл атқарады: саяси сәйкестік арқылы жеке тұлға немесе топ саяси қатынастар мен саяси процестің субъектісіне айналады. Зерттеушілер саяси сәйкестіктің әртүрлі түрлерін айқындайды. Кейбір ғалымдар осы сәйкестіктің ұзақтығына және жеке адамның интернационализация дәрежесіне байланысты оны жеке басымен байланыстырады. Мысалы, Ю. Качанов осы критерийлерге сүйене отырып, ситуациялық және трансверсиялық жоғары саяси сәйкестікті ажыратады. Ситуациялық сәйкестік – бұл белгілі бір жағдай мен саяси практикаға байланысты және салыстырмалы түрде оңай өзгеретін процесс. «Ситуациялық саяси сәйкестікке ие агент толыққанды субъект емес, өйткені ол өзінің жеке басының жаратушысы ретінде әрекет етпейді». Ситуациялық сәйкестіктің басты ерекшелігі – жеке тұлғаның саяси ұстанымға тән ішкі нормалар мен ережелерді, ойлау, қабылдау және бағалау схемаларын қабылдауы әлі анықталмаған, яғни бұл жеке тұлға позицияның «мағынасын» түсінбегендіктен, ситуациялық саяси сәйкестік «жеке мағыналармен» біріктірілмейді, агентке сырттан еріксіз таңылып қойылады [3].

Сәйкестендіру мәселесінде саяси процесс пен топтың жеке субъектісінің жеке басын ажыратуға болады. Белгілі бір топпен сәйкестендіру объектісі бойынша мүдделер тобының мүшесі, партияның, идеологиялық ағымның, қала немесе аймақ тұрғынының, мемлекет азаматтарының ұқсастығын бөліп көрсетуге болады. Мысалы, бұрын Алматы тұрғыны өзін «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Алматы қаласының тұрғыны ретінде сезініп, Қазақстан Республикасына қатыстылығын сезіне алатын еді. Сонымен қатар Батыс Еуропа демократиясы дамыған елдерінде біртұтас ұлттық мемлекеттің негізінде қалыптасқан ұлттық-мемлекеттік бірегейлік басым болып келетіні байқалады. Бұл бірегейлік белгілі бір саяси қоғамдастыққа – ұлтқа азаматтық тиесілік сезіміне негізделген.

Жаһандану жағдайында адам дәстүрлі билік орталықтарынан алыстап, жаңа билік орталықтарына қосылып, әлемдік аренада болып жатқан оқиғаларға тәуелді бола бастайды. Бұл процесс ішкі өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі танудың өзгеруіне алып келеді. Негізгі сұрақтар «Біз кіміз?» немесе «Мен кімін?» деп қойылады. Мұнда әңгіме тек ұлттық сәйкестік туралы ғана емес, сонымен қатар мәдени, діни, этникалық және басқа да сәйкестік түрлері жайлы болып отыр.

Осылайша «сәйкестік» ұғымын белгілі бір қоғамдастықтың мүшесі ретінде жеке адамның өзін-өзі тану процесі, осы қауымдастықтың ұсынған құндылықтар жүйесін қабылдау және оның қоғамдастықта өмір сүруіне бағытталған іс-әрекет ретінде

қарастыруға болады. Жеке адам үшін маңыздысы – ол өзі анықтайтын қауымдастықпен кері байланыстың болуы. Өзін-өзі тану ешқандай мәнге ие болмайды, егер адам өзі қосылғысы келетін қоғамда танылмаса, әсіресе, егер бұл қоғамда беделді тұлғалар болса. Белгілі бір қауымдастыққа жатудың қажеттілігі жеке адамның ең маңызды қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Осылайша сәйкестендіру мәселесі жеке адамның осы әлемді қалай қабылдайтынына және ондағы оқиғаларды қалай бағалайтынына, ақырында оның мінез-құлқын анықтайтын факторларға алып келеді.

Жаһандану жағдайында ақпарат ағыны адамның әлеуметтік өмірін саясаттандырудан гөрі даралануды ынталандырады. «Мемлекет», «ұлт», «демократия» сияқты дәстүрлі ұғымдардың эрозиясын ескергенде, қазіргі адамның өзін-өзі тану мәселесі өзіне қандай рөл мен бейне таңатынын анықтау мәселесіне айналады. Осы саладағы зерттеулер көбінесе біздің заманымыздың басты сұрағына жауап іздеу әрекеті ретінде қарастырылады.

Атап айтқанда, «Мен кімін?» деген сұрақ қазіргі заманғы адамның өмір бойы жауап беруге тырысатын мәселесі және бұл жауап алдын-ала анықталмайды. Оны адамның белгілі бір объективті сипаттамаларынан шығару мүмкін емес. Егер бұрын жеке тұлғаның өзін-өзі тануы көбінесе оның қоғамдағы орнына, тіпті туылуына байланысты болса, қазіргі уақытта біз жеке тұлғаның өз елінің азаматы ретінде өзін қабылдайтынын нақты айта алмаймыз. Өйткені ол сондай-ақ бір мезгілде трансұлттық корпорациялардың мүшесі немесе қоғамдық қозғалыстардың қатысушысы болуы мүмкін. Біз енді тек бір ғана нақты мемлекеттің азаматы ретінде өзімізді айта алмаймыз [4].

Қазіргі ақпараттық жағдай тек азаматтардың өз мәдени қалауына сәйкес қажетті ақпаратты таңдау қабілетін ғана емес, сонымен қатар оны алу мүмкіндігін де қамтамасыз ететіні анық. Осы тұрғыда, саяси жаңғыру жағдайында қазіргі қазақстандықтардың саяси бірегейлігінің дамуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігінің дамуына және ортақ азаматтық бірегейлігін қалыптастыруға тікелей байланысты екенін атап өту қажет. Бұл ретте, қазақстандық қоғамның идеялық бірлігі мен шоғырлануында «Адал азамат» пен «Әділетті қоғам» идеялары маңызды рөл атқаратын болады.

Қазақ халқының саяси сәйкестігі терең тарихи және мәдени негіздерге сүйенеді. Қазақстанның Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасуы, сондай-ақ көп ұлтты әрі көп конфессиялы болмысы халықтың саяси сана-сезімінің қалыптасуына ерекше ықпал етті. Қазақ халқының ата-бабаларының арасында скифтер, ғұндар, түріктер және қазақ жүздері сияқты көшпелі өмір салтын ұстанған қауымдастықтар болды, олардың саяси сәйкестіктің қалыптасуына үлкен әсері болды. Көшпелі өмір сүруіне қарамастан, бұл қауымдастықтар ақсақалдар, билер, хандар және басшылар кеңесіне негізделген басқару жүйесін қалыптастырды. Ұжымдық шешім қабылдау және көшбасшыларға деген құрмет бүгінгі күнде де қазақстандықтардың саяси санасының маңызды бөлігі болып табылады [5].

Алтын Орда дәуірінде және XV-XVIII ғасырларда қалыптасқан Қазақ хандығы кезеңінде қазақ халқының мемлекеттілігі мен ұлттық сана-сезімінің негізгі контуры айқындалды. Қазақ хандығы халықтың бірлігі мен саяси тәуелсіздігінің нышанына айналды. Осы тарихи кезеңде қалыптасқан саяси және мәдени дәстүрлер кейінгі кездерде қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің негізін құрады [6].

Қазақ жерлерінің Ресей империясына, одан әрі Кеңес Одағының құрамына енуі қазақ халқының саяси сәйкестік қалыптасуына күрделі әсер етті. Бір жағынан, сыртқы әлеммен интеграциялық процестер күшейіп, инфрақұрылым, білім беру және өнеркәсіп салаларындағы дамуға ықпал етті. Екінші жағынан, русификация саясатының салдарынан қазақ тілі мен дәстүрлі мәдениеттің ығыстырылуы, ұлттық санаға қауіп төндірді. Алайда, бұл тарихи кезеңдер қазақстандықтардың әртүрлі саяси жүйелермен өзара әрекеттесу тәжірибесін қалыптастырып, олардың саяси санасында икемділік пен бейімделушілік қасиеттерін дамытты [7].

1991 жылы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы қазақ халқының саяси сәйкестіктің жаңа кезеңіне бастама берді. Конституцияны қабылдау, мемлекеттік рәміздерді бекіту және мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту арқылы қазақстандық қоғамның саяси интеграциясының негізі қаланып, жаңа саяси сәйкестіктің қалыптасуына жағдай жасалды. Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында маңызды рөл атқарып келеді. Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейхан сынды ұлт зиялыларының мұраларында бостандық, әділеттік және ұлттық бірлік идеялары басты орын алады. Осылайша тіл мен әдебиет арқылы ұлттық сананы нығайтатын негізгі құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

Қазақ халқының үлкенге құрмет (жеті ата), ұжымшылдық, өзара көмек және қонақжайлылық сияқты дәстүрлі құндылықтары ортақ мақсаттар мен мұраттарға негізделген ұлттық сананың қалыптасуына айтарлықтай үлес қосады. Бұл мәдени элементтер қоғамның саяси интеграциясын нығайтып, әртүрлі этникалық және әлеуметтік топтар арасындағы сенімділік пен толеранттылықты арттыруда маңызды рөл атқарады [8].

Қазақстан өзінің этникалық және мәдени көпқырлылығымен ерекшеленеді. Жүзден астам этникалық топтардың бейбітшілік пен келісім жағдайында бірге өмір сүруі қазақстандық қоғамның саяси сәйкестіктің негізгі ерекшелігі болып табылады. Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарындағы діни төзімділік ұлттық бірлікті нығайтуда маңызды рөл атқарып келеді.

Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесі ұлттық және халықаралық тәжірибелерді біріктіре отырып, дамуға, ашықтыққа және инновацияға бағытталған саяси сәйкестікті қалыптастыруға ықпал етеді. «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» бағдарламалары жаңғыруға ұмтылумен қатар, мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын баса көрсетеді. Қазақстандықтардың саяси сәйкестіктің қалыптасуындағы тарихи және мәдени аспектілер дәстүр мен жаңашылдықтың өзара тоғысып жататын күрделі әрі көп қырлы процесс екенін көрсетеді. Осы аспектілерді түсіну Қазақстандағы ұлттық бірлік пен тұрақтылықтың механизмдерін терең зерттеуге және глобализация мен жаңғыру жағдайында саяси сәйкестікті одан әрі нығайту үшін тиімді стратегиялар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның қазіргі заманғы даму кезеңінде жаңғыру қазақстандықтардың саяси сәйкестігіне әсері айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Жаңғыру экономикалық, әлеуметтік және технологиялық өзгерістермен қатар, қоғамдық сананың трансформациясына әкеліп соқтырды, бұл өз кезегінде азаматтардың өзін-өзі

тануындағы жаңа үрдістерді тудырды. Жаһандану және нарықтық экономикаға көшу жағдайында Қазақстан 1990-жылдардың басынан бастап саяси сәйкестіктің жаңа үлгілерін қалыптастыруда. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен іске қосылған «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы қазақстандық қоғамның сана-сезімін жаңарту және ұлттық бірлік пен тұтастықты нығайтуға бағытталған [9].

Жаңғыру тікелей азаматтық қоғам институттарының дамуына, мемлекеттік басқарудың цифрландыруына және халықтың саяси белсенділігінің артуына әсер етеді. Электронды үкімет сияқты цифрлық технологияларды мемлекеттік басқаруға енгізу азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтып, осылайша олардың саяси сәйкестігін күшейтеді [10]. Сонымен қатар білім деңгейінің артуы және ақпаратқа қолжетімділіктің кеңеюі азаматтардың саяси процестерге сын көзбен қарауына ықпал етеді, бұл олардың саяси жүйедегі орнын қайта қарастыруға әкеледі.

«Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағдарлама қоғамдық сананы жаңартуға және жалпыұлттық құндылықтар мен «Мәңгілік ел» идеясына негізделген қазақстандық сәйкестікті насихаттауға бағытталған. Бұл бағдарлама глобализация жағдайында ұлттық мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын атап көрсете отырып, өздерінің тарихи рөлін және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіну негізінде тұрақты саяси сәйкестікті қалыптастыруға ықпал етеді [11].

Урбандалу және миграция процестері саяси сәйкестіктің трансформациясында маңызды рөл атқарады. Қалалық орта тұрғындарының саяси процестерге белсене қатысуына ықпал етіп, оларда жаңа саяси сананы қалыптастырады. Сонымен қатар ауылдық жерлерден қалаға қарай бағытталған ішкі миграция мәдени және әлеуметтік тепе-теңдікті сақтауға қатысты күрделі мәселелер тудырып, дәстүрлі сәйкестіктің жаңа жағдайларға бейімделуін талап етеді [12].

Жаңғыру процесінде жастардың рөлі де ескерілмей қалмауы тиіс. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында өскен жас буын ашық әлемтанымға ие болып, саяси өмірге белсене қатысуға ұмтылады. Бұл қоғамдық бастамаларға белсенді қатысуында және жаһандық үрдістерге деген қызығушылығында көрініс табады, бұл олардың саяси сәйкестікті ұлттық құндылықтар мен заманауи сын-қатерлердің синтезі негізінде қалыптастырады.

Демек жаңғыру қазақстандықтардың саяси сәйкестігінің трансформациясына көп қырлы әсер ете отырып, мемлекет, азамат және қоғам туралы дәстүрлі түсініктерді өзгертеді. Ол икемділікке, бейімделуге және өзгерістерге дайындыққа негізделген саяси сәйкестікті қалыптастыруға ықпал етеді, бұл әлемдік тұрақсыздық жағдайында Қазақстанның сәтті дамуы үшін қажетті шарт болып табылады.

Қазақстандағы бірыңғай саяси сәйкестікті қалыптастыру бірқатар қиындықтармен қатар, қоғамды біріктіру үшін үлкен мүмкіндіктер де ашады. Негізгі қиындықтардың бірі – елде 100-ден астам этнос аралық топтың өмір сүруіне байланысты этномәдени әр алуандылық. Мәдени мұраның байлығына қарамастан, көп ұлтты қоғамның құрылымы әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық жағдайында ыдырауға және этнос аралық қайшылықтарға әкелуі мүмкін [13].

Тағы бір маңызды қиындық – жаһандану процесінің әсерінен мәдени біртектену және ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға деген қызығушылықтың төмендеуі. Ашық

ақпараттық кеңістік жағдайында жас буын жаһандық мәдени үрдістердің әсеріне ұшырап, ұлттық саяси сәйкестікпен байланысы әлсіреуі мүмкін. Сонымен қатар, урбандалу және миграция процестері әлеуметтік-мәдени бейімделуде шиеленістер тудырып, бірыңғай сәйкестікті қалыптастыруға кедергі келтіруі мүмкін. Алайда Қазақстанда бұл қиындықтарды жеңіп, саяси сәйкестікті нығайту үшін үлкен әлеует бар. Біріншіден, «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» сияқты мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру этникалық немесе діни ерекшеліктеріне қарамастан, барлық азаматтарды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағдарламалар мәдени әр алуандылықты сақтауға, толеранттылыққа және азаматтық патриотизм идеясын нығайтуға бағытталған [14].

Екіншіден, экономикалық даму және әлеуметтік реформалар да бірыңғай саяси сәйкестікті қалыптастыру үшін негіз жасайды. Кедейліктің деңгейін төмендету, білім мен денсаулық сақтауға қолжетімділікті жақсарту әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді, бұл өз кезегінде азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады.

Үшінші маңызды аспект – азаматтық қоғамның дамуы және халықтың саяси белсенділігінің артуы. Үкіметтік емес ұйымдардың нығаюы, жастардың саяси және қоғамдық бастамаларға қатысуы азаматтардың елдің саяси өміріне араласуына ықпал етеді. Бұл процестер бірыңғай саяси жүйеге тиістілік сезімін нығайтып, азаматтық патриотизм санасын дамытады [15].

Қазақстан сонымен қатар бейбітшілік пен мәдениеттер арасындағы диалог идеяларын насихаттау үшін геосаяси мәртебесін тиімді пайдаланады. Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі сияқты халықаралық форумдарды өткізу арқылы ел әлемдік өзара іс-қимыл мен төлерегештікті нығайту алаңы ретіндегі рөлін айқындап, бұл бірыңғай саяси сәйкестікті қалыптастыруға оң әсер етеді.

Демек барлық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан бірыңғай саяси сәйкестікті қалыптастыру үшін ерекше мүмкіндіктерге ие. Экономикалық даму, мемлекеттік саясат, мәдени әр алуандылықты қолдау және азаматтық белсенділіктің артуы сияқты факторлардың үйлесуі глобалды өзгерістер мен жаңғыру жағдайында қоғамды біріктіру үшін берік негіз жасайды.

## Нәтижелерді талқылау

Жаңғыру жағдайындағы қазақстандықтардың саяси сәйкестікті зерттеудің эмпирикалық кезеңінде сандық және сапалық әдістер арқылы ақпарат жинау жүргізілді. Бұл кезеңде сауалнама және сұхбат алу әдістері қолданылды.

Қазақстан азаматтарының саяси сәйкестіктің негізгі аспектітері мен олардың жаңғыру процестерін қабылдау деңгейін анықтау болды. Сауалнамада келесі санаттағы сауалдар қойылды:

- **Мемлекетпен сәйкестік деңгейі:** ұлттық мақтаныш сезімі, мемлекеттік саясатқа деген көзқарас және Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы рөлі туралы сұрақтар.
- **Жаңғырудың жеке көзқарасқа әсері:** цифрландыру, урбандалу, білім беру реформалары.

- Мемлекеттік институттар мен саяси көшбасшыларға деген сенім деңгейі.
- Жаһандану мен ұлттық құндылықтардың саяси сәйкестікке әсерін бағалау.

Сауалнама Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан (қалалық және ауылдық жерлер) 358 респонденттің арасында жүргізілді. Жасы, жынысы, білім деңгейі және жұмыспен айналысуы сияқты демографиялық параметрлер ескеріліп, кездейсоқ үлгідегі іріктеу әдісі қолданылды.

Зерттеудің тереңдетілген талдауы үшін әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері болып табылатын 20 респондентпен жартылай құрылымдалған сұхбаттар өткізілді:

- Студенттер және жас мамандар
- Азаматтық қоғам өкілдері
- Ауыл шаруашылығы қызметкерлері
- Этномәдени бірлестіктер өкілдері
- Саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар.

Сұхбат сұрақтары жеке тұлғаның өзін-өзі тануы, жаңғыруды қабылдауы және мемлекеттік саясаттың күнделікті өмірге әсері сияқты тақырыптарды қамтыды.

*Деректерді талдау нәтижесінде келесідей қорытындыларға келдік:*

- 82% респондент Қазақстанға тиісті екендігіне мақтаныш сезінетінін, бірақ тек 45%-ы ғана өзін саяси процестерге белсенді қатысушы деп санайтыны анықталды.
- Респонденттердің 68%-ы цифрландырудың өмірлеріне оң әсер етуіне сенсе де, 37%-ы оның дәстүрлі құндылықтарды әлсірететінін айтты.
- Респонденттердің 59%-ы жаңғырудың мемлекеттік саясатқа деген көзқарасына оң әсер ететінін атап өтті, ал 21%-ы әлеуметтік теңсіздіктің артуына алаңдаушылық білдірді.
- Респонденттердің 76%-ы саяси сәйкестікті азаматтық патриотизммен байланыстырса, 18%-ы этномәдени аспектілерге баса назар аударды.

*Жүргізілген сұхбаттарды талдау нәтижесінде келесідей қорытындыларға келдік:*

1) Жастар жаңғыруды дамудың маңызды құралы деп бағалай отырып, дәстүрлі құндылықтар мен заманауи сын-қатерлер арасындағы үзіліс бар екенін атап өтті. Бұл оларда өз сәйкестікке қатысты белгісіздік сезімін тудырады.

2) Егде жастағы адамдар жаһандану процесінде ұлттық салт-дәстүрлердің жоғалуына алаңдаушылық білдірді.

3) Этномәдени бірлестіктер өкілдері ұлттық бірлік пен мәдени әр алуандылықты сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін атап өтті.

Жүргізілген сауалнама мен сұхбат нәтижелері Қазақстан азаматтарының саяси сәйкестікті жаңғыру жағдайында әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістердің әсерінен өзгеріске ұшырап жатқанын көрсетті. Жаңғыру азаматтық патриотизмді нығайтуға ықпал ететінімен қатар, дәстүрлі құндылықтарды жаңа жағдайларға бейімдеу қажеттілігін де анықтады. Зерттеу нәтижелері жаңғыру мен саяси сәйкестікті сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңыздылығын дәлелдейді.

## Қорытынды



Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақстандықтардың саяси сәйкестікті жаңғыру жағдайында әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістердің әсерінен күрделі түрлену процесін бастан кешіп жатқаны анықталды. Негізгі қорытындыларды келесідей тұжырымдауға болады: азаматтық патриотизм саяси сәйкестіктің негізі болып қалып отыр, бұл елге деген мақтаныш сезімі, тәуелсіздік идеалдарына беріктік және біртұтас қоғамның бір бөлігі екендігін сезінуде көрініс табады. Цифрландыру, урбандалу және білім беру реформалары сияқты жаңғыру процестері мемлекеттік саясатқа деген сенімді арттырады, бірақ дәстүрлі құндылықтарды сақтау және әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу мәселесіне алаңдаушылық тудырады. Этномәдени әр алуандық сәйкестік қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады, бұл мәдени аралық өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, бірақ әлеуметтік алшақтықтың алдын алу үшін саналы мемлекеттік саясатты қажет етеді. «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» сияқты мемлекеттік бағдарламалар қоғамды біріктіруде, жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыруда және азаматтық патриотизмді нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы саяси сәйкестікті одан әрі нығайту үшін келесі шараларды қабылдау қажет: ұлттық сана-сезім мен азаматтық патриотизм құндылықтарын дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары арқылы жастарды қолдау және қазақ тіліндегі цифрлық контентті жасау арқылы елге деген тиістілік сезімін нығайту. Этномәдени дәстүрлерді сақтауға ықпал ететін бастамалар арқылы мәдени әр алуандылықты қолдау және әртүрлі топтар арасындағы бірлікті нығайту үшін этномәдени бірлестіктерді пайдалану маңызды. Мемлекеттік институттардың ашықтығын қамтамасыз ету, азаматтарды шешім қабылдау процесіне тарту және қауіпсіздік пен тұрақтылық сезімін нығайту арқылы мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыру қажет. Сонымен қатар жаңғыру және дәстүрлер арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған саясатты дамыту қажет. Бұл виртуалды мұражайлар мен онлайн көрмелер сияқты заманауи технологиялар арқылы мәдени мұраны насихаттауды қамтуы мүмкін.

Азаматтық қоғамды дамыту, азаматтарды қоғамдық бастамаларға белсенді қатыстыру және үкіметтік емес ұйымдарды қолдау диалог үшін кеңістік жасап, қоғамға тиістілік сезімін нығайтып, жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастырады. Қазақстандағы саяси сәйкестікті қалыптастыру және нығайту үшін дәстүрлер мен заманауи сын-қатерлер арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Қазақстанның сәтті дамуы үшін қоғамды жалпыұлттық құндылықтардың негізінде біріктіру, этномәдени әр алуандылықты қолдау және азаматтардың саяси және әлеуметтік процестерге қатысу деңгейін арттыру қажет. Азаматтық патриотизмге негізделген саяси сәйкестік елдің тұрақты дамуы мен халықаралық аренадағы беделін нығайту үшін сенімді негіз болады.

### **Автордың қосқан үлесі.**

**З.С. Гаипов** – ғылыми мақаланың негізгі идеяларын басшылыққа ала отырып, мақсаты мен міндеттерін анықтау, зерттеу материалдары мен әдістерін пайдалана отырып теорияларды талдау, ой-тұжырымдарды нақтылау.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Мамардашвили М. Природа мысли // Человек. – 2009. – №2. – С. 20-41.
2. Качанов Ю.Л. Опыты о поле политики. – Москва: Гнозис, 1994. – 113 с.

3. Коноплин Ю.С., Красина О.В. Проблемы индивида как актора мировой политики в условиях развития процессов глобализации // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия, Политология. – 2001. – № 3. – С. 111-123.

4. Уразалиева Г.К. Казахстанская и казахская идентичность: конструирование в гражданском обществе // Саясат. – 2008. – №5. – С. 62-65.

5. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): в 5-ти томах. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 2. – 624 с.

6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трёх тысячелетий. – Алматы: Рауан, 2019. – 374 б.

7. Ксенжик Г.Н. Политические процессы в дореволюционном Казахстане // Мысль. – 2013. – № 9. – С. 49-54.

8. Жетпысбаев С.К. Традиции и обычаи казахского народа: место и роль в модернизации общества // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: История, филология. – 2023. – № 8 (22). – С. 9-19.

9. Тоқаев Қ.К. Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы [Электронды ресурс]. – 2022. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (Қаралған күні: 05.06.2024).

10. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс]. – 2017. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/14764> (Қаралған күні: 05.06.2024).

11. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [Электронды ресурс]. – 2017. URL: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) (Қаралған күні: 05.06.2024).

12. Александров Ю.Г. Казахстан: форсированная модернизация в действии // Восток. Афро-Азиатские общества: история и современность. – 2015. – № 3. – С. 80-91.

13. Сейсен Н.Б. Межэтнические процессы в современном Казахстане: политологические аспекты // Проблемы Науки. - 2016. - № 5 (47). – С. 267-271.

14. Концепция «Мәңгілік ел» [Электронный ресурс]. – 2020. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-karzhy/press/news/details/102309?lang=ru&ysclid=m6drr99l2f783010897> (Дата обращения: 05.06.2024).

15. Алиева А.С. Перспективы развития гражданского общества в процессе общественно-политической модернизации государства. Магистерский проект, [Электронный ресурс]. – 2023. URL: <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/1180/Алиева%20Анель.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (Дата обращения: 05.06.2024).

### **З.С. Гаипов**

*Академия государственного управления при Президенте РК, Астана, Казахстан*

### **Политическая идентификация казахстанцев в условиях модернизации**

**Аннотация.** Статья посвящена изучению влияния процесса модернизации на политическую идентичность казахстанцев. Политическая идентичность играет важную роль в укреплении

национального единства и стабильности страны, а модернизация оказывает на нее многоаспектное влияние. Модернизация рассматривается как сложный процесс, охватывающий политические, экономические, социальные и культурные изменения. Авторы комплексно анализируют влияние исторических и культурных факторов на формирование политической идентичности, а также современных тенденций, таких как глобализация, цифровизация, реформы образования и урбанизация. В исследовании подчеркивается важность программ «Рухани жаңғыру» («Духовное обновление») и «Мәңгілік ел» («Вечная страна»), их роль в формировании общенациональных ценностей. Рассматриваются актуальные вопросы сохранения национальной и этнокультурной идентичности в условиях глобализации, а также значение этого процесса для устойчивого развития общества. В ходе исследования использовались количественные и качественные методы, включая опросы и интервью, которые позволили выявить ключевые аспекты политической идентичности в обществе. Результаты исследования показывают необходимость развития национального самосознания, поддержки этнокультурного разнообразия и повышения гражданской активности для укрепления политической идентичности. Среди основных факторов, влияющих на политическую идентичность казахстанцев, отмечаются цифровая трансформация, реформы образования, урбанизация и глобализация. Кроме того, обсуждается вопрос сохранения баланса между политическим участием молодежи и традиционными ценностями. Сделанные в статье выводы служат важной основой для повышения эффективности государственной политики, направленной на укрепление национального единства и стабильности.

**Ключевые слова:** политическая идентичность, модернизация, гражданский патриотизм, национальное единство, глобализация, цифровизация, этнокультурное разнообразие, государственная политика, молодежь, урбанизация.

**Z.S. Gaipov**

*Academy of Public Administration under of the President of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan*

### **The political identification of Kazakhstani people in the context of modernization**

**Abstract.** The article is devoted to studying the impact of modernization processes on the political identity of Kazakhstani people. Political identity plays a significant role in strengthening national unity and stability, while modernization has a multifaceted influence on its transformation. Modernization is considered a complex process encompassing political, economic, social, and cultural changes. The authors conduct a comprehensive analysis of the historical and cultural factors shaping political identity, as well as contemporary trends such as globalization, digitalization, educational reforms, and urbanization. The study highlights the importance of programs like “Rukhani Zhangyru” (“Spiritual Renewal”) and “Mangilik El” (“Eternal Nation”) and their role in forming national values. It addresses the pressing issues of preserving national and ethnocultural identity in the context of globalization and demonstrates the significance of this process for the sustainable development of society. Quantitative and qualitative methods were employed in the research, including surveys and interviews, which helped identify the key aspects of political identity in society. The findings emphasize the necessity of fostering national consciousness, supporting ethnocultural diversity, and enhancing civic engagement

to strengthen political identity. Key factors influencing the political identity of Kazakhstani citizens include digital transformation, educational reforms, urbanization, and globalization. Additionally, the article discusses maintaining a balance between youth political participation and the preservation of traditional values. The conclusions presented in the study provide a valuable foundation for improving the effectiveness of state policies aimed at strengthening national unity and stability.

**Keywords:** political identity, modernization, civic patriotism, national unity, globalization, digitalization, ethnocultural diversity, state policy, youth, urbanization.

## References

1. Mamardashvili M. Priroda mysli [The nature of thought], Chelovek [Human], 2, 20-41 (2009) [in Russian]
2. Kachanov Yu.L. Opyty o pole politiki [Experiments on the Field of Politics.] (Gnozis, Moscow, 1994, 113 p.) [in Russian]
3. Konoplin Yu.S., Krasina O.V. Problemy individua kak aktora mirovoi politiki v usloviyakh razvitiya protsessov globalizatsii [Problems of the Individual as an Actor in World Politics in the Context of the Development of Globalization Processes], Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya, Politologiya [Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Political Science Series], 3, 111–123 (2001). [in Russian]
4. Urazalieva G.K. Kazakhstanskaya i kazakhskaya identichnost': konstruirovaniye v grazhdanskom obschestve [Kazakhstani and Kazakh Identity: Construction in Civil Society ], Sayasat [Politics], 5, 62-65 (2008). [in Russian]
5. Istoriya Kazakhstana (s drevnejshih vremen do nashih dnei): v 5-ti tomah [History of Kazakhstan (from Ancient Times to the Present Day): in 5 Volumes] (Atamyra, Almaty, 2010, Vol. 2, 624 p.) [in Russian]
6. Klyashtornyi S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan: letopis' tryokh tysyacheletii [Kazakhstan: a chronicle of three millennia] (Rauan, Almaty, 2019, 374 p.) [in Russian].
7. Ksenzshik G.N. Politicheskie protsessy v dorevolutsionnom Kazakhstane [Political processes in pre-revolutionary Kazakhstan ], Mysl' [Thought], 9, 49-54 (2013) [in Russian]
8. Zhetpysbaev S.K. Traditsii i obychai kazakhskogo naroda: mesto i rol' v modernizatsii obschestva [Traditions and customs of the Kazakh people: place and role in the modernization of society], Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Istoriya, filologiya [Bulletin of the Novosibirsk State University. Series: History, philology], 8 (22), 9-19 (2023) [in Russian]
9. Tokaev K.K. Zhana Kazakstan: Zhanaru men zhangyru zholy» atty Zholdaуy [“New Kazakhstan: The Path of Renewal and Spiritual Renewal” Message]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (Accessed: 05.06.2024) [in Kazakh]
10. «Tsifrlyk Kazakstan» memleketik bagdarlamasy [State program “Digital Kazakhstan”] [Electronic resource]. - 2017. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/14764> (Accessed: 05.06.2024). [in Kazakh]
11. Memleket basshysynyn «Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru» atty makalasy [Article of the Head of State "Direction to the Future: Spiritual Renewal"] [Electronic resource]. Available at: <https://>

[www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) (Accessed: 05.06.2024) [in Kazakh]

12. Aleksandrov Yu.G. Kazakhstan: forsirovannaya modernizatsiya v deistvii [Kazakhstan: forced modernization in action], Vostok. Afro-Aziatskie obschestva: istoriya i sovremennost' [East. Afro-Asian societies: history and modernity], 3, 80-91 (2015) [in Russian]

13. Seisen N.B. Mezhetnicheskie protsessy v sovremennom Kazakhstane: politologicheskie aspekty [Interethnic processes in modern Kazakhstan: political science aspects], Problemy Nauki [Problems of Science], 5 (47), 267-271 (2016) [in Russian]

14. Konceptsiya «Mәngilik el» [The concept of “Mangilik el”]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-karzhy/press/news/details/102309?lang=ru&ysclid=m6drr9912f783010897> (Accessed: 05.06.2024) [in Russian]

15. Alieva A.S. Perspektivy razvitiya grazhdanskogo obschestva v proctsesse obschestvenno-politicheskoi modernizatsii gosudarstva. Magisterskii proekt [Prospects for the Development of Civil Society in the Process of Socio-Political Modernization of the State. Master's Project]. [Electronic resource]. Available at: <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/1180/Alieva%20Anel'.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (Accessed: 05.06.2024) [in Russian]

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Гаипов З.С.** – саяси ғылымдар докторы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан.

**Gaipov Z.** – Doctor of Political Sciences, Academy of Public Administration under the President of the RK, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



МРНТИ 11.25.91

Научная статья

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-46-62>

## Совпадающие интересы, расходящиеся стратегии: сравнительный анализ присутствия Китая и России в Центральной Азии

И.Х. Супыалдияров<sup>1</sup>, С.К. Алиева<sup>1</sup>, Д.С. Супыалдиярова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Университет SDU, Алматы, Казахстан

(E-mail: [islam.supyaldiyarov@sdu.edu.kz](mailto:islam.supyaldiyarov@sdu.edu.kz), [aliyeva\\_sk@enu.kz](mailto:aliyeva_sk@enu.kz), [dairshinadi@gmail.com](mailto:dairshinadi@gmail.com))

**Аннотация.** С момента независимости пяти центральноазиатских республик и Россия, и Китай продолжают активно продвигать свою повестку и преследовать свои внешнеполитические цели в этом регионе, что приводит к растущему соперничеству между различными подходами и стратегиями крупных держав. Цель данной статьи – изучить динамику отношений между Китаем и Россией в Центральной Азии и попытаться определить области сближения и расхождения их стратегий. В этой статье авторами предпринята попытка проанализировать развивающуюся динамику отношений между Китаем и Россией в Центральной Азии, выделяя точки соприкосновения и расхождения и исследуя их последствия для региональной стабильности и безопасности в регионе. Сосредоточив внимание на последствиях присутствия Китая и России в Центральной Азии для региональной стабильности и безопасности, это исследование использует всесторонний анализ политических, экономических аспектов и аспектов безопасности. Благодаря анализу исторических предпосылок и региональной политики двух держав, данная статья содержит ценную информацию о развивающихся отношениях между Китаем, Россией и Центральной Азией.

**Ключевые слова:** Китай, Россия, Центральная Азия, региональная безопасность, стабильность.

Поступила: 03.07.2024; Принята: 20.02.2025; Доступна онлайн: 30.03.2025

## **Введение**

Современная территория пяти центральноазиатских республик во все периоды истории являлась стратегическим транзитным коридором, соединяющим различные цивилизации и империи. В современный период нельзя не выделить двух крупнейших соседей Центральной Азии Китай и Россию, которые продолжают играть существенную роль в становлении и развитии данного региона. Во многом благодаря географическому соседству, культурным связям, общему историческому прошлому и растущей экономической взаимозависимости эти два крупнейших игрока на доске Евразийского континента продолжают оказывать всеобъемлющее влияние на региональные процессы в Центральной Азии.

И Китай, и Россия довольно активно участвуют в создании и функционировании крупнейших региональных организаций в регионе. Обе страны в процессе взаимодействия со странами региона опираются на созданные при их непосредственном участии региональные платформы для дальнейшего развития сотрудничества, укрепления своих инициатив и продвижения своего влияния. Более того, отсутствие крупных региональных инициатив или организаций в Центральной Азии без участия России или Китая еще раз подчеркивает определяющую роль этих стран в формировании политического ландшафта региона. Ведь страны ЦА в своем стремлении обеспечить устойчивое экономическое развитие, укрепить сотрудничество в области безопасности и региональной интеграции часто вступают в партнерские отношения и активно поддерживают различные инициативы, в которых участвуют либо Россия, либо Китай, если не оба сразу. Примечательно, что Шанхайская организация сотрудничества (ШОС), которая является одним из краеугольных камней регионального сотрудничества в ЦА, является примером и свидетельством их совместного участия.

В XXI веке Центральная Азия оказалась в центре новой геополитической динамики, поскольку ни Китай, ни Россия не намерены отступать в соперничестве за влияние в регионе. Ни для кого не секрет, что на протяжении двух десятков лет здесь существовало неофициальное «разделение сфер влияния» между Россией и Китаем: где первая традиционно считалась гегемоном региональной безопасности, в то время как последняя была гегемоном в области экономики в регионе [1]. Исторически данный регион находился в сфере влияния России благодаря культурным и экономическим связям. Однако попытки бросить вызов доминирующему положению России в регионе со стороны Китая становятся всё более заметными и частыми. Причинами данного вызова являются растущий с каждым годом экономический потенциал Китая и амбициозные глобальные цели и интересы, которые уже сейчас меняют расстановку сил и динамику власти в Центральной Азии.

Сотрудничество Китая и России по вопросам безопасности в Центральной Азии в первую очередь обусловлено общей озабоченностью по поводу терроризма, сепаратизма и незаконного оборота наркотиков. Шанхайская организация сотрудничества (ШОС) сыграла решающую роль в содействии сотрудничеству в области безопасности, включая совместные военные учения и обмен разведданными. Растущее присутствие

Китая в области безопасности в регионе вызвало беспокойство у общественности Центральной Азии и России. Существует также потенциал для конкуренции в торговле оружием, поскольку и Китай, и Россия являются крупными экспортерами оружия в регион. Россия остается доминирующим партнером по внешней безопасности в регионе и крупнейшим поставщиком оружия. Однако баланс сотрудничества в области безопасности и конкуренции имеет решающее значение для поддержания стабильности в Центральной Азии.

Согласно статистическим данным из Trade Map за 2022 год, которая была разработана Центром международной торговли ЮНКТАД, объемы импорта Центральной Азии из мира составили 98 млрд долларов США, из которых почти 28 млрд долларов США приходятся на долю импорта из России. В свою очередь, объемы импорта из Китая в Центральную Азию в 2022 году составили 23 млрд долларов США [2]. В совокупности в 2022 году импорт из этих двух стран в Центральную Азию составил примерно 51.36% от общего импорта всего региона. Такая тесная экономическая связь уходит корнями далеко в историю и продолжает влиять на торговые отношения и общее экономическое развитие региона в нынешнее время.

Наличие огромных энергетических ресурсов, геополитическое положение и потенциал в качестве транзитного коридора являются основными факторами роста стратегического значения Центральной Азии с момента распада Союза Советских Социалистических Республик (СССР). Историческое значение Центральной Азии выходит далеко за рамки простой транзитной станции на дороге [3]. И в настоящее время Центральная Азия является регионом, находящимся в центре внимания практически всех региональных и глобальных держав, которые стремятся обеспечить свои экономические и геополитические интересы. Необходимо отметить, что среди таких держав Китай заметно выделяется, шаг за шагом укрепляя свое присутствие в Центральной Азии с помощью своей всеобъемлющей стратегии, которая охватывает экономические, политические аспекты и аспекты безопасности. Все же не зря Китай зарекомендовал себя "самой утонченной и искусной из трех великих держав в своей региональной дипломатии" [4].

Понятно, что китайский мегапроект XXI века инициатива "Пояс и путь" является главным катализатором растущего присутствия Китая в Центральной Азии. Тем самым появляются вопросы о точках соприкосновения или расхождения во внешнеполитических интересах Китая и России. Растет необходимость во всестороннем и комплексном анализе многогранных отношений между двумя региональными силами и их последствий для развития региона, а также для более широкого глобального порядка. Ведь рост влияния Китая сопровождается и ростом расширения его интересов в регионе.

Практически невозможно не заметить, насколько сильно выросло экономическое присутствие Китая в Центральной Азии с момента объявления проекта «Один пояс – один путь». Через данную инициативу Китай продолжает вкладывать огромные инвестиции в инфраструктурные проекты по всему региону, в частности, улучшая транспортные сети и энергетические трубопроводы, тем самым укрепляя свои позиции и региональную взаимосвязанность всего региона. Россия же, с другой стороны,



имеет исторические экономические связи со странами Центральной Азии, особенно в энергетическом секторе. Хотя между Китаем и Россией существуют огромные возможности для экономического сотрудничества, конкуренция между государствами, особенно в таких секторах, как экспорт энергоносителей из Центральной Азии и инвестиционные проекты в регионе, продолжает вызывать большой научный интерес. Таким образом, становится очевидным, что динамика экономических отношений между этими двумя государствами в Центральной Азии имеет последствия для регионального экономического развития.

Очевидно, что расстановка сил в Центральной Азии будет и уже меняется из-за растущего присутствия и влияния Китая в регионе, тем самым бросая вызов единоличному доминированию России. Необходимо отметить, что китайская инициатива "Пояс и путь" может иметь также важный аспект безопасности, а именно - постепенную "секьюритизацию" Евразийского континента Китаем в ответ на возобновление внимания Соединенных Штатов к Азиатско-Тихоокеанскому региону и возобновление напряженности в Южно-Китайском море [5]. И Китай, и Россия преследуют свои интересы, продвигают свои цели, тем самым пытаются укрепить свои позиции в регионе. На этом фоне можно заметить некий уникальный симбиоз, состоящий из сотрудничества и конкуренции. В этой связи предполагать, что динамично развивающиеся китайско-российские отношения в Центральной Азии имеют колоссальное влияние только на данный регион, будет ошибкой. Ведь китайско-российский симбиоз сотрудничества и конкуренции в Центральной Азии может иметь и более обширные экономические и политические последствия, выйдя за рамки одного региона. Таким образом, в данной статье авторами предпринята попытка всесторонне проанализировать развивающуюся динамику отношений между Китаем и Россией в Центральной Азии, выделяя точки соприкосновения и расхождения и исследуя их последствия для региональной стабильности и безопасности в регионе.

### **Методология исследования**

Методология, применяемая в нашей работе, сосредоточена вокруг попытки всестороннего изучения эволюционирующей динамики китайско-российских отношений в Центральной Азии с особым акцентом на выявление точек сближения и расхождения и, следовательно, в значительной степени опирается на теории международных отношений, в частности, реализма и конструктивизма. Реализм в данном случае применяется для понимания динамики интересов исследуемых государств, в то время как конструктивизм способствует лучшей интерпретации роли идей, норм и идентичности в формировании и развитии внешнеполитических стратегий государств. Таким образом, эти две теории обеспечивают прочную основу для всестороннего анализа комплексного взаимодействия между Россией и Китаем в ЦА.

Начнем с того, что данное исследование опирается на использование качественного метода анализа. Так как качественный исследовательский подход в нашем случае обеспечивает глубокое понимание многогранных аспектов китайско-российских

отношений. Этот метод также особенно подходит для изучения тонких нюансов взаимодействий и геополитической динамики в ЦА. Применяя данный метод, исследование стремится раскрыть ключевые и необходимые аспекты, такие, как общие интересы, расходящиеся приоритеты и последствия этих факторов на региональную безопасность.

В дополнение к качественному анализу в данной работе используется сравнительный метод, который позволяет систематически сопоставить и соизмерить внешнеполитические стратегии и региональные инициативы Китая и России в ЦА. Также данный метод позволяет структурированно проанализировать сходства и различия в подходах обеих держав. Сравнительный метод выбран для более ясного понимания того, как действия каждой страны влияют на региональную динамику, способствуя более глубокому анализу исследуемого вопроса.

Помимо этого, в исследовании проводится еще исторический анализ, направленный на отслеживание эволюции китайско-российских отношений в ЦА. Данная историческая перспектива предоставляет более четкую картину событий и помогает лучше понять долгосрочные тенденции, тем самым предоставляя ценный контекст для оценки текущей динамики.

Кроме того, для более полного понимания текущей динамики отношений между двумя державами и их интересами в регионе, в данном исследовании применяется контент-анализ широкого спектра источников, которые включают последние новости, ранние публикации различных авторов, отчеты, опубликованные международными организациями. Данный методологический выбор основан на необходимости всестороннего анализа информации с разных источников. Контент-анализ позволяет выявить тенденции, паттерны и ключевые темы в дискурсе, касающемся китайско-российских отношений в ЦА, тем самым улучшая всесторонность и укрепляя надежность исследования.

Наконец, в исследовании применяется метод кейс-стади, сфокусированный на конкретных примерах сотрудничества и соперничества между Китаем и Россией в ЦА. Этот метод выбран для предоставления конкретных примеров, которые иллюстрируют более широкие тенденции, выявленные с помощью качественного и сравнительного анализов. Погружаясь в конкретные кейсы, исследование стремится глубже изучить их влияние на региональные процессы, а также провести более детальный анализ факторов, определяющих успех или неудачу сотрудничества между этими двумя державами в регионе, предоставляя тонкое и контекстно-насыщенное понимание данной тематики. Данное исследование призвано дополнить существующую академическую литературу по российско-китайским отношениям в Центральной Азии.

*Исторический обзор китайско-российских отношений в Центральной Азии.* Исторический фон китайско-российских отношений с Центральной Азией охватывает несколько столетий и включает в себя периоды как сотрудничества, так и конкуренции и даже конфликтов. Отношения между двумя государствами в Центрально-Азиатском регионе развивались под влиянием различных политических, экономических и культурных факторов. Сотрудничество между Китаем, Россией и странами Центральной

Азии можно проследить до древнего Шелкового пути, который способствовал торговым и культурным обменам между цивилизациями Востока и Запада. Однако в более поздней истории отношения Китая и России с Центральной Азией переживали периоды соперничества и конфликтов.

Можно отметить, что первые годы независимости стран Центральной Азии Китай сохранял относительно низкий уровень вовлеченности в регион, в основном сосредоточившись на внутренних вопросах и вопросах безопасности границ. Однако с начала нынешнего столетия Китай неуклонно наращивает свое участие в регионе, движимый своими потребностями в электроэнергии, экономическими интересами и более широкими стратегическими целями. Это привело к постепенному сдвигу в динамике китайско-российских отношений в регионе.

В попытке улучшить понимание и изучение китайско-российских отношений в Центральной Азии мы предприняли систематическую классификацию исторической траектории взаимодействия между этими двумя государствами. В стремлении обеспечить комплексную основу для дальнейшего анализа разных факторов китайско-российских отношений в регионе нам пришлось разделить на отдельные этапы исторический фон взаимоотношений двух держав в регионе. Таким образом, данное разделение на пять различных этапов позволяет нам более тонко прочувствовать сложную динамику их взаимоотношений.

*Имперский период:* В имперскую эпоху и Китай, и Россия расширили границы своих империи до границ Центральной Азии. Исторические претензии Китая на территории в Центральной Азии можно проследить со времен династий Хань и Тан, когда китайское влияние достигло территорий современного Синьцзяна. Однако влияние Китая в регионе ослабело в последующие столетия. Напротив, экспансия России в Центральную Азию началась в XVI веке с завоевания Сибири. В XIX веке Российская империя расширилась дальше на юг, оказывая влияние и устанавливая контроль над такими современными территориями, как Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан.

*Большая игра:* Конец XIX-го и начало XX-го веков стали свидетелями периода интенсивного соперничества между Российской и Британской империями в Центральной Азии, известного как "Большая игра". Российская империя стремилась укрепить свое влияние и контроль над регионом, в то время как Британская империя стремилась защитить свои колониальные владения в Индии. Китай, ослабленный внутренними беспорядками и иностранным вмешательством, играл ограниченную роль в этот период. Однако по мере того, как Российская империя расширялась в Центральную Азию, она вступила в прямой контакт с китайской династией Цинь. Граница между двумя империями была спорной и привела к нескольким конфликтам, включая Русско-цинские войны, которые привели к подписанию Айгунского договора в 1858 году и Пекинского договора в 1860 году. Эти договоры установили реку Амур в качестве границы между Российской империей и Китаем, фактически уступив России большие территории, включая регион Внешней Маньчжурии.

*Советский период:* В начале XX века и Китай, и Россия пережили значительные политические потрясения. Падение династии Цинь в 1912 году и последующее

жылдың 13 қаңтарында Парламентте (Жоғарғы Кеңесте), қоғамда үлкен пікірталас тудырған «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі Заңының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [15]. Осы құқықтық құжаттар қалыптасқан жергілікті басқару жүйесіне күрделі өзгерістер енгізіп, тәуелсіз республиканың жергілікті билік жүйесін қалыптастырудың алғышартын жасады. Бұл заңдарға сәйкес: алдымен, өкілді билік және атқарушы билік арасындағы қарым-қатынастардың мәдениеті өзгерді; одан кейін, атқарушы биліктің вертикальді құрылымын орнықтырды [16]. Жасалған өзгерістің негізгі мақсаты, саяси биліктің вертикальді құрылымын күшейту болатын. Сарапшылар өтпелі кезеңге арналған биліктің иерархиялық бағыныштылығын күшейтудің мәнін – жергілікті биліктің Президенттің жарлықтары мен жоғарғы органдар қабылдаған заңдарды, қаулыларды, қарарларды мүлтіксіз орындауын қамтамасыз ету ретінде қажеттілігін уәждеді [17]. Жалпы биліктің вертикальділігін күшейтуге қатысты идеясы, 1990 жылдың екінші жартысынан бастап билік тарапынан жиі көтерілді. Бұл мәселе сол кезеңде халық арасында, қоғамдық ұйымдар тарапынан және баспасөз беттерінде ең жиі талқыланған тақырыптардың бірі болды десек қателеспейміз. Оны «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің сол кезеңдегі нөмірлеріне шолу жасау барысында байқауға болады. Бұл құқықтық құжаттардың қоғам ішінде ғана емес, Парламент (Жоғарғы Кеңес) депутаттары арасында да қызу талқыланғанын, жобалардың жауапты комитеттен бірнеше рет кері қайтып немесе түзетілгенін сол уақыттағы Жоғарғы Кеңес жиналыстарының стенограммаларын [18] және 1991 жылғы Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Жоғарғы Советінің Ведомосты мен 1992 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысын зерделеу барысында аңғаруға болады [19]. Заң жобасына қарсы шыққандардың басым бөлігі вертикальді билікті күшейту, мемлекеттік биліктің күшті орталықтануына алып келу ықтималдылығын алға тартқан. Дегенмен, заң жобасын жасаушылардың өтпелі кезеңде күшті вертикальді атқарушы биліктің қажеттігі туралы дәлелдері мен аргументтері басым түсіп, құжат қабылданды.

1992 ж. қабылданған құжаттар жергілікті кеңестердің бірқатар құзіретін шектеп, оларды өз атқару комитетін құру құқығынан айырды. Бұл өзгерістің нәтижесінде жергілікті кеңестердің атқару комитеті институты жойылып, жергілікті әкімшілік-аумақтағы ұйымдастыру және шаруашылық жұмыстарына жауапты жаңа атқарушы билік «әкімдік» институтының негізі қаланды. Жаңа әкімдіктер, облыстық және аудандық/қалалық деңгейдегі жергілікті атқару комитеттерін алмастырды. Әкімдіктерге басшылықты әкімшілік басшысы (әкім) жүргізді. Осылайша кеңестер өкілді орган, әкімдіктер атқарушы орган функциясын іске асырды. Кеңес төрағасы жергілікті өкілді билікке басшылық етті, ал әкім болса жергілікті атқарушы орган әкімдікке басшылық жасады.

Дәл сол күні, 1992 жылдың 13 қаңтарында ҚР Жоғарғы Кеңесі Қаулы шығарып, онда: «Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 1 наурызға дейін облыстық, Алматы

және Ленинск қалалық әкімшіліктер басшыларын (әкімдерін) тағайындау және аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық әкімдердің тағайындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын», - деп көрсетілді [20]. Одан кейін, сол жылдың 7 ақпанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын экономикалық реформа жағдайында ұйымдастыру және қызметін жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты [21]. Бұл Жарлық Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдарының біртұтас жүйесінің қызмет ету тәртібін, бағыныштылығын анықтаған құжат болды. Оған сәйкес, Президент облыстық деңгейдегі әкімдерді тағайындайды, ал облыс әкімдері аудан/қала әкімдерін, аудан әкімдері болса өз кезегінде сол әкімшілік-аумақтағы ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің басшыларын тағайындады.

Облыстық және аудандық басқару жүйесіне маңызды реформалар жасаған бұл құқықтық өзгерістер, салыстырмалы түрде алғанда ауылды басқару процессіне үлкен жаңалық алып келмеді. Ауылдық деңгейде әкім лауазымы енгізілмеді және ауылдық кеңестің атқарушы комитетін әкімдік алмастырмады. Ауылды басқару процессі бұрынғы тәртіп бойынша жүрді. Ауылдық кеңес де-юре билік етуші орган ретінде қызметін жалғастырды (ауылдық Кеңес төрағасы ауыл басшысы саналды). Сондықтан ауылдық деңгейде басшы қызметін де-факто ұжымшар немесе кеңшар басшыларының атқаруы жалғасты. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Заңмен ауылды басқару саласына енгізілген ең маңызды жаңалық – ауылдық кеңес төрағасына кеңестің, сәйкесінше ауылдық кеңеске төрағаның функциясына жататын міндеттерді қарауына тыйым салды. Бұл жаңалықтың мәнін екі себептен шығуы ықтимал. Біріншіден, ауылдық әкімшілік-аумақтарда атқарушы биліктің функциясын кеңес төрағасына, ал өкілді биліктің құзыреті ауылдық кеңеске жүктеуді көздеу. Екіншіден, атқарушы биліктің барлық сатыдағы вертикальді қатынасын қамтамасыз ету. Атап айтқанда, ауылдық кеңес төрағасына жоғарыдан түскен тапсырмаларды кеңес мүшелерімен талқылап жатпай бірден іске асыруын міндеттеу.

Осы кезеңдегі баспасөзге шолу барысында, көптеген ауылдық елді мекендерде өзін-өзі басқару институтының қызметін атқару мақсатында арнайы ұйымдардың құрылғандығын байқауға болады. Атауы құрылған өңіріне қарай ақсақалдар алқасы, ақсақал-билер алқасы, ағалар алқасы т.с.с. болып өзгерген бұл ұйымдар ауылдағы проблемалық мәселелерді тұрғындардың өз күшімен шешуін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды. Тіпті, тұрғындардың ұйғаруымен кейбір өңірлерде мұндай ұйымдарға айыппұл салу құқығы беріліп, одан түскен қаржы қайырымдылық мақсаттарға жұмсалды [22]. Төменгі бастамамен ұйымдасып құрылған осындай ұйымдардың қызметін ауылдық аумақтардағы қоғамдық-саяси қызметтегі позитивті әрекет ретінде сипаттауға болады.

1993 ж. соңғы айларында жергілікті кеңестер жаппай өздерін тарата бастады. Бұл саяси жүйедегі барлық институттарға, әсіресе ауылдық әкімшілік-аумақтардағы басқару жүйесіне үлкен ықпал етіп, қоғамда үлкен талқылау тудырды. Жоғарыда айтылғандай, облыстық, аудандық және қалалық деңгейде кеңестерден жеке әкімдіктер жұмыс істеді. Ал, ауылдық деңгейде кеңес институты сақталды. Сондықтан бұл деңгейдегі кеңестердің

өздерін тарату бойынша ұсыныстарынан кейін, жұртшылық ішінде бұл сатыдағы әкімшілік басқару қызметін кімнің жүргізетіндігіне байланысты сұрақтар тудырды [23]. Ауылдық әкімшілік-аумақтық бірліктерде атқарушы билік ауылдық кеңес төрағасына жүктелгендіктен басқару толығымен оның қолына көшті.

1993 ж. жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыстың жоғары сатылары сияқты ауылдық елді мекендерде де әкім институтын енгізуге мүмкіндік берген заңдық негіз қаланды. Сол жылы 8 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының №4200 Заңы [24], ал 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының №4100 Заңы қабылданды [25]. Бұл заңдардың қабылдануымен бірге «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды. Осылайша кеңестік жүйені тәуелсіз Қазақстанның жергілікті басқару институттарына трансформациялау процесі аяқталды.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР Заңына сәйкес, ауылдық кеңестер ауылдық округтермен ауыстырылды. Кент және ауылдық округтердің басқаруға жауапты лауазымды тұлға да «әкім» деп атала бастады. Ауыл әкімі де жоғары деңгейдегі әкімдер сияқты өзі басқаратын әкімшілік-аумақта мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты жергілікті атқарушы органдардың бірыңғай жүйесіне кірді және ол жүйеде тиісті әкімшілік-аумақтың атынан өкілдік етіп, тұрғындарының мүддесі мен құқығын қорғады. Заң ауыл әкімінің аудан әкімі мен мәслихатына толық бағыныштылығы, олардың шешімі мен тапсырмаларына қарсы келе алмайтындығын құқықтық нормамен бекітті. Ауыл әкімінің өз аппараты болды. Аппарат қызметкерлері іс-қағаздарын жүргізді, талап етілетін құжаттардың сақталуын қамтамасыз етті, тұрғындарға түрлі анықтамалар берді, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылғандарды есепке алуды жүргізді, ауыл әкімінің жиналыстарын өткізу үшін ақпарат әзірледі, жиналыс пен әкімнің шешімдерін орындады, тиісті ақпаратты жеткізді, әкімнің тапсыруы бойынша басқа да жұмыстар атқарды. Осылайша, бұрынғы ауылдық кеңес пен оның атқару комитетінің міндеті мен қызметін атқару ауыл әкімі мен оның аппаратына жүктелді.

## Қорытынды

1991-1995 жж. құқықтық, саяси және құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде аудандық бағыныстағы қала, ауылдық округ, кент және ауылдық округке кірмейтін ауыл әкімшілік-аумақтық бірліктерін басқарудың қазіргі жүйесінің негізі қаланды. 1995 жылғы қабылданған Ата заңмен орныққан бұл жүйенің бірқатар проблемалары болды. Атап айтқанда:

- әкімшілік-аумақтарды басқарушы лауазымды тұлға – ауыл әкімі жоғары сатыдағы билік органдарының басшыларына тәуелді болды;
- бұл деңгейдегі әкімшілік-аумақта дербес бюджет болмады, барлық қаражат жоғарыдан бөлінді;

– биліктің төртінші сатысында ауыл әкімі мен оның аппаратының қызметін бақылайтын өкілді орган болмады.

Жоғары сатыдағы аудан немесе қала (облыстық маңызы бар) әкімі тағайындайтындықтан ауыл әкімінің жоғары лауазымды тұлғаларға бағыныштылығы сөзсіз қамтамасыз етілді. Мұндай бағыныштылық жүйесі ауыл әкімінің дербестігін ғана емес, құқықтық қорғанышын да шектеді. Осы жылдары ауыл әкімдерінің қызмет сапасын әдетте жоғары әкімдердің субъективті көзқарасы анықтады. Мұндай қатынас мәдениеті ауыл әкімдерінің жергілікті тұрғындарға емес, алдымен жоғары лауазымды тұлғалардың талабын қанағаттандыратын жұмыс тәртібін қалыптастыруға негіз салды.

1990-шы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа байланысты ауыл әкімінің аппаратындағы штат қысқарып, әкімдіктің ресурстық қамтамасыз етілуі шектеулі болды [26]. Оның үстіне әкімшілік-аумақтағы ауыл әкімдері аппаратының штат кестесі ауылдың демографиясына ғана емес, жоғары деңгейдегі жергілікті әкімдіктің әлеуетіне байланысты да өзгеріп отырды. Сондықтан әкімшілік-аумақ демографиясы бірдей болса да, республиканың әр облысындағы ауыл әкімдерінің ресурстық қамтамасыз етілуінде әртүрлілік сақталды. Көбіне ауыл әкіміне бағынышты штат қызметкерінің саны 2-5 арасында болды. Әрине бұл штат саны ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсетуге жетпеді. Осы себепті ауыл әкімдері арасында жоғарыдан түскен тапсырманы орындаумен шектеліп, әкімшілік-аумақтық бірлікте өз бетімен шара ұйымдастыруы әлсіреді.

Ауыл әкіміне бюджет берілмегендіктен, бұл институт ауылдағы кез келген шара мен мәселені шешу үшін жоғары мемлекеттік органдардан қаржы сұрайтын. Бұл туралы 1996 жылдың маусым айында өткен барлық деңгейдегі әкімдердің республикалық форумында көтерілді. Осы форумда сөйлеген ауыл әкімдері өздерін материалдық-техникалық жабдықтаудың жеткіліксіздігін, жұмыстарын сапалы іске асыру үшін ресурспен және құқықтық негізбен қамтамасыз етудің өзектілігін айтты [27]. Мұндай жағдай ауыл әкімінің жергілікті мәселелерді шешу мүмкіндігін шектеді, сондықтан бұл институттың жұмысының тиімділігіне ауыл тұрғындары арасында күмәнмен қарау жоғары болды [28].

Шешім қабылдаушылар билік иерархиясының ең төменгі сатысында мәслихат құрмау туралы шешімді екі себеппен қабылдаған болуы мүмкін. Алдымен, КСРО тұсындағы ауылдық кеңес институты жұмысының тиімсіздігі, оның бұл деңгейде шынайы басқару институты бола алмауы [29], де-факто ауылдық кеңес қабылдайтын шешімдерді бірекі адам әзірлеп, жиында тек формальді бекітумен шектелуі бұл сатыдағы билік үшін өкілді органға қажеттілік жоқтығын дәйектеген болуы ықтимал [30]. Екіншіден, жаңа жүйеде биліктің ең төменгі сатысына жеке бюджет қарастырылмағандықтан және ауыл әкіміне кең құзырет пен өкілеттілік берілмегендіктен бұл деңгейдегі өкілді органның қызметінің қажеттілігін төмендетті.

Ауыл әкімі мен аппараты қалыптасқан уақытта қалыптасқан осы жүйелі проблемаларды шешу мәселесі саяси деңгейде бірнеше рет көтерілгенімен ұзақ жылдар бойы нақты шешім қабылданбады. Осыған байланысты ауыл әкімдерінің жергілікті мәселелерді шешу әлеуеті әлсіз болды, олардың қызметіне тұрғындар арасында

скептикалық көзқарас қалыптасты. Соңғы жылдары қабылданған шешімдердің нәтижесінде ауыл әкімдерінің дербестігі мен ресурстық қамтамасыз етілуі мәселесін шешуге қадам жасалды. Әрі қарай бұл деңгейде өкілді орган құру мәселесін қарастыру маңызды. Сонымен қатар, уәкілетті орган үшін іске асырылған өзгерістердің тиімділігін бағалау үшін академиялық зерттеулердің нәтижелерін зерделеу жолымен тұрақты кері байланыс алу реформалардың сапалы және теңгерімді жүруін қамтамасыз етеді.

**Қаржыландыру.** Мақала «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX-XXI ғғ.)» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (BR21882308).

#### **Авторлардың қосқан үлесі.**

**Е.Ә. Жұмашов** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу;

**Н.С. Пұсырманов** – әдебиетпен жұмыс, материалдарды жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Makhmutova M. Developing local self-government: strategic issues. – Almaty: Policy Studies / Public Policy Research Center, 2004. – p. 23.
2. Makhmutova M. Local government organization and finance: Kazakhstan // Local governance in developing countries. – Washington, DC : The World Bank, 2006.
3. Onalbaiuly, S. Democratisation of Local Government and Local Governance in Kazakhstan (Doctoral dissertation). - Cambridge : University of Cambridge, 2019.
4. Bhuiyan, S.H. Decentralization and local governance in Kazakhstan // International Journal of Public Administration. – 2010. – №33(12-13). – P. 658-667.
5. Urinboev R. Local government capacity in post-soviet Central Asia // Viešoji politika ir administravimas. – 2015. – №14(3). – P. 177-199.
6. Siegel D. Social ties and state formation in post-Soviet central Asia (Doctoral dissertation). – New York: City University of New York, 2016.
7. Zhumashov Y. An Exploration of Vertical and Social Accountability in the Elected Tier of Local Government: Evidence from Kazakhstan // Journal of Eurasian Studies. – 2023. – Т. 14. – №. 2. – С. 179-193.
8. Шепель В.Н. Органы государственной власти Республики Казахстан (16 декабря 1991 г. – 1 января 2001 г.). – Алматы: ДП «Эдельвейс», 2004. – 736 с.
9. Котов К.Ф. Советы на страже законности. – Алматы: Казахстан, 1979. – 343 с.
10. Хазыров Б. Жергілікті бақылауды жетілдірген жөн // Социалистік Қазақстан. – 1991. – №38 (19813).
11. Салов О.А. Советы – форма самоуправления и основа политической системы социализма. – Москва: Экономика, 2004. – 75 с.
12. Rigby T.H. Soviet local government and democracy // Australian Outlook. – 1954. - Vol. 8 (1). – P. 19-31



13. Депутаттық қызмет және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі Қазақ ССР заңдарының жинағы. - Алматы: Қазақстан, 1991. – 240 б.
14. Қуанышәлиев М., Таңатаров Ж. Алыстағы ауылдағы айла-шарғы // Егеменді Қазақстан. – 1991. – №176 (19951).
15. Қазақстан Республикасының Заңы. Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының /Негізгі Заңының/ жекелеген нормаларын тоқтату туралы: – 1992 жылғы 13 қаңтарда қабылданған.
16. Емельянов К. Парадоксы местной власти // Казахстанская правда. – 1992, - №17 (20.942).
17. Шубай Б. Өміршең өзгерістер өзегі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиясынан) // Қазақстанның «Дала дидары» апталық ауыл газеті. – 1992. – Б. 24-30.
18. «ҚР ҰМ» РММ. Қор. 2. Т. 1, 2.
19. «ҚР ҰМ» РММ. Қор. 2. Т.3. Іс. 39, 40, 41, 46.
20. Постановление Верховного Совета Республики Казахстан. О порядке введения в действие Закона Республики Казахстан О внесении на переходный период изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан О местном самоуправлении и местных Советах народных депутатов Республики Казахстан: утв. 13 января 1992 года.
21. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын экономикалық реформа жағдайында ұйымдастыру және қызметін жетілдіру туралы: 1992 жылғы 7 ақпандағы бекітілген.
22. Ахмет М. Ауыл ағалары билік айтады // Егемен Қазақстан. – 1993, маусым – 3. – №127(20502).
23. Жоров Н. Вакуума власти на селе не будет // Казахстанская правда. - 1993, ноябрь – 25.
24. Қазақстан Республикасының N 4200 Заңы. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы. 1993 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған.
25. Қазақстан Республикасының N 4100 Заңы. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы. 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған.
26. Төлепберген М. Басқару мен бағыну // Егемен Қазақстан. – 1996. – №154 (21365).
27. Төлепберген М. Ауылдан Ақордаға дейін // Егемен Қазақстан. – 1996. – №125(21338).
28. Амалбек Б. Ащқұрсақ ауыл әкімге сенбейді // Егемен Қазақстан. – 2000. - №47-48 (22318).
29. Иманқұлов Н. Ауылға – ауылнай // Егеменді Қазақстан. – 1993. – №149(20524).
30. Салықов М. Қуатты құрылым күтеміз // Егеменді Қазақстан. – 1991. – №285(20060).

**Е.А. Жумашов, Н.С. Пусырманов**

*Институт истории государства, Астана, Казахстан*

### **Трансформация сельсовета в сельский акимат: ретроспективный анализ**

**Аннотация.** В последние годы были приняты важные реформы, направленные на развитие системы управления в городах районного подчинения, поселках, сельских округах, и отдельных, которые являются низшими звеньями иерархии власти в областных административно-территориальных единицах Казахстана. В частности, был введен бюджет четвертого уровня и проведены прямые выборы акимов вышеназванных административно-территориальных единиц. В рамках данных реформ актуально изучение истории становления института сельского

акима и его аппарата в 1991-1995 годах в контексте масштабных правовых, политических, административных и структурных реформ в стране. В статье рассмотрена трансформация сельских (поселковых) советов в сельские (поселковые) акиматы после обретения Казахстаном независимости. Посредством изучения академической литературы, публицистических статей, опубликованных в периодических изданиях, а также анализа архивных документов изложен создания института акиматов и акимов на низшем уровне власти на сельских территориях. Ретроспективный анализ позволил выявить системные проблемы, присущие с момента образования института акима села и его аппарата, что способствует оценить его постепенную эволюцию.

**Ключевые слова:** местное самоуправление, местное государственное управление, местное управление, аким села, акимат села.

**Y.A. Zhumashov, N.S. Pussyrmanov**  
*The Institute of State History, Astana, Kazakhstan*

### **Transformation of the selsoviet into the village akimat: a retrospective analysis**

**Abstract.** In recent years, important reforms have been adopted aimed at developing the management system in cities of local significance, villages, urban-type settlements, rural districts, which are the lowest local government in the hierarchy of power in the regional administrative-territorial units of Kazakhstan. In particular, a fourth-level budget was introduced and direct elections of akims towns, cities of audan significance, villages and rural districts were held. Within the framework of these reforms, it is relevant to examine the history of the formation of the institute of rural akim and its staff in 1991-1995 in the context of large-scale legal, political, administrative and structural reforms in the country. The article discusses the transformation of selsoviet into village akimats after Kazakhstan's independence. Examining academic literature, media publications and archival documents, authors reported creation of local government at the level of cities of local significance, villages, urban-type settlements, rural districts. A retrospective analysis revealed systemic problems inherent since the establishment of the institute of rural akim, which helps to assess its gradual evolution.

**Keywords:** local self-government, local public administration, local government, rural akim, rural government.

### **References**

1. Makhmutova M. Developing local self-government: strategic issues. (Policy Studies / Public Policy Research Center, Almaty, 2004, 23 p.).
2. Makhmutova M. Local government organization and finance: Kazakhstan. Local governance in developing countries. (The World Bank, Washington, 2006).
3. Onalbaiuly, S. Democratisation of Local Government and Local Governance in Kazakhstan (Doctoral dissertation). (University of Cambridge, Cambridge, 2019).
4. Bhuiyan, S.H. Decentralization and local governance in Kazakhstan. International Journal of Public Administration, 33(12-13), 658-67 (2010).

5. Urinboyev R. Local government capacity in post-soviet Central Asia. *Viešoji politika ir administravimas*, 14(3), 177-199 (2015).
6. Siegel D. Social ties and state formation in post-Soviet central Asia ( Doctoral dissertation). (City University of New York, New York, 2016).
7. Zhumashov Y. An Exploration of Vertical and Social Accountability in the Elected Tier of Local Government: Evidence from Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*, 14 (2), 179-193 (2023).
8. Shepel' V.N. *Organy gosudarstvennoi vlasti Respubliki Kazahstan (16 dekabrya 1991 g. – 1 yanvarya 2001 g.)* [State authorities of the Republic of Kazakhstan (December 16, 1991 – January 1, 2001)]. (DP «Edel'vejs», Almaty, 2004, 736 p.). [in Russian]
9. Kotov K.F. *Sovety na strazhe zakonnosti* [Soviets on guard of legality]. (Kazahstan, Almaty, 1979, 343 p.). [in Russian]
10. Hazyrov B. *Zhergilikti bakylaudy zhetildirgen zhon* [It is advisable to improve local control]. *Socialistik Kazakstan* [Socialist Kazakhstan], 38 (19813), 1991. [in Kazakh]
11. Salov O.A. *Sovety – forma samoupravleniya i osnova politicheskoy sistemy socializma* [Councils are a form of self-government and the basis of the political system of socialism] (Economics, Moscow, 2004, 75 p.). [in Russian]
12. Rigby T.H. *Soviet local government and democracy // Australian Outlook*, 8 (1), 19-31 (1954).
13. *Deputattyk kyzmet zhane zhergilikti ozin-ozu baskaru maseleleri zhonindegi Kazak SSR zandarynyn zhinagy* [Collection of laws of the Kazakh SSR on parliamentary activity and local self-government] (Kazahstan, Almaty, 1991, 240 p.). [in Kazakh]
14. Kuanyshaliev M., Tanatarov ZH. *Alystagy auyldagy aila-shargy* [Manipulation in a distant village], *Egemendi Kazakstan* [Sovereign Kazakhstan], 176 (19951), 1991. [in Kazakh]
15. *Kazahstan Respublikasynyn Zany. Otpeli kezende Kazak KSR Konstituciyasynyn /Negizgi Zanynyn/ zhekelegen normalaryn toktatu turaly: – 1992 zhylygy 13 kantarda kabyldangan.* [Law Of The Republic Of Kazakhstan. On termination of the constitution /Basic Law/ certain norms of the Kazakh SSR during the transition period: – adopted on January 13, 1992.]. [in Kazakh]
16. Emel'yanov K. *Paradoksy mestnoi vlasti* [Paradoxes of local government], *Kazahstanskaya pravda*, №17 (20.942), 1992. [in Russian]
17. Shubaj B. *Omishshen ozgerister ozegi* (Kazahstan Respublikasy Zhoǵarǵy Kenesinin sessiyasynan) [Core of viable changes (from the session of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan)], *Kazahstannyn «Dala didary» aptalyk auyl gazetini* [Weekly rural newspaper of Kazakhstan "Dala didary"], 1992. [in Kazakh]
18. «KR UM» RMM. Kor. 2. T. 1, 2. [in Kazakh]
19. «KR UM» RMM. Kor. 2. T.3. Is. 39, 40, 41, 46. [in Kazakh]
20. *Postanovlenie Verhovnogo Soveta Respubliki Kazahstan. O poryadke vvedeniya v dejstvie Zakona Respubliki Kazahstan O vnesenii na perekhodnyj period izmenenij i dopolnenij v Zakon Respubliki Kazahstan O mestnom samoupravlenii i mestnyh Sovetah narodnyh deputatov Respubliki Kazahstan: utv. 13 yanvarya 1992 goda* [Resolution of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan. On the Procedure for the Enactment of the Law of the Republic of Kazakhstan On Amendments and Additions to the Law of the Republic of Kazakhstan on Local Self-Government and Local Councils of People's Deputies of the Republic of Kazakhstan for the Transitional Period: approved by the Government of the Republic of Kazakhstan. January 13, 1992.]. [in Russian]

21. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. Kazakstan Respublikasynyn memlekettik baskaru organdaryn ekonomikalyk reforma zhagdajynda ujymdastyru zhane kyzmetin zhetildiru turaly: 1992 zhylygy 7 akpandagy bekitilgen [Decree Of The President Of The Republic Of Kazakhstan. On the organization and improvement of the activities of Public Administration bodies of the Republic of Kazakhstan in the context of economic reform: approved on February 7, 1992]. [in Kazakh]
22. Ahmet M. Auyl agalary bilik aitady [The village brothers say the authorities], Egemen Kazakstan [Sovereign Kazakhstan], №127(20502), 1993. [in Kazakh]
23. Zhorov N. Vakuuma vlasti na sele ne budet [There will be no power vacuum in rural areas], Kazahstanskaya pravda, 1993. [in Russian]
24. Kazakstan Respublikasynyn N 4200 Zany. Kazakstan Respublikasynyn akimshilik-aumaktyk kyrylysy turaly. 1993 zhylygy 8 zheltoksanda kabyldangan [Law Of The Republic Of Kazakhstan No. 4200. On the administrative-territorial structure of the Republic of Kazakhstan. Adopted on December 8, 1993]. [in Kazakh]
25. Kazakstan Respublikasynyn N 4100 Zany. Kazakstan Respublikasynyn zhergilikti okildi zhane atkarushy organdary turaly. 1993 zhylygy 10 zheltoksanda kabyldangan [Law Of The Republic Of Kazakhstan No. 4100. On local representative and executive bodies of the Republic of Kazakhstan. Adopted on December 10, 1993]. [in Kazakh]
26. Tolepbergen M. Baskaru men bagynu [Management and subordination]// Egemen Kazakstan [Sovereign Kazakhstan], №154 (21365), 1996. [in Kazakh]
27. Tolepbergen M. Auyl dan Akordaga deiin [From the village to Akorda], Egemen Kazakstan [Sovereign Kazakhstan], №125(21338), 1996. [in Kazakh]
28. Amalbek B. Ashchkursak auyl akimge senbeidi [Ashkursak village does not trust the mayor], Egemen Kazakstan [Sovereign Kazakhstan], №47-48 (22318), 2000. [in Kazakh]
29. Imankylov N. Auylga – auylnai [To the village-Aulnay], Egemen Kazakstan [Sovereign Kazakhstan], №149(20524), 1993. [in Kazakh]
30. Salykov M. Kuatty kyrylym kytemiz [We expect a powerful structure], Egemen Kazakstan [Sovereign Kazakhstan], №285(20060), 1991. [in Kazakh]

#### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Жұмашов Е.Ә.** – PhD, Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан.

**Пұсырманов Н.С.** – PhD, Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан.

**Zhumashov Y.** – PhD, The Institute of State history, Astana, Kazakhstan.

**Pussyrmanov N.** – PhD, The Institute of State history, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 11.15.11  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-77-91>

## Ұлттық интеллигенцияның идеологияға ықпалы

М.Ә. Қайырбек<sup>1</sup>, Б.А. Габдулина<sup>1</sup>, К.М. Токтомушев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Орталық Азия университеті, Бішкек, Қырғызстан

(E-mail: [murat1979303@gmail.com](mailto:murat1979303@gmail.com), [bagish68@yandex.ru](mailto:bagish68@yandex.ru), [Kemel.t@googlemail.com](mailto:Kemel.t@googlemail.com))

**Аңдатпа.** Мақала ұлттық интеллигенцияның қазіргі мемлекеттік идеологиялық жұмысқа ықпалын талдауға арналған. XX ғасырдың басында, Кеңес заманында, тәуелсіздік кезеңінде зиялы қауымның идеология саласында атқарған рөліне қысқаша шолу жасалған. Кезінде Алаш қайраткерлері мен ұлттық интеллигенция өкілдерінің саяси белсенділігі ұлт болашағы үшін күреспен сипатталды. Олар қоғамдық-саяси жұмыспен қатар халық ағарту ісімен, білім-ғылым саласын дамытумен айналысты, ұлттық құндылықтарды сақтап, ұлт мүддесі үшін қызмет етті. Ал тәуелсіздік жылдары зиялы қауымның идеологияға ықпалы біртіндеп бәсеңдеді. Оған әлеуметтік-экономикалық ахуал, нарық заманының ерекшеліктері және басқа да жағдайлар әсер еткен болуы ықтимал. Осы тұжырымды дәлелдеу үшін белгілі сарапшылар мен ғалымдардан сұхбат алынып, берілген жауаптар қорытылып, нақты ой-тұжырымдар әзірленді. Сондай-ақ интеллигенцияның идеологиялық жұмысқа ықпалының төмендеуіне себеп болған жаңа заман үрдістеріне талдау жасалды. Ғаламтор, әлеуметтік желілер сияқты коммуникация құралдары қарқынды дами бастағандықтан, ақыл-ой еңбегімен айналысатын әрі өзіндік сыни көзқарасы бар зиялы азаматтардың қоғамдық пікір қалыптастыру ісіндегі рөлі төмендеп, блогер, журналист және басқа да белсенді азаматтардың ықпалы күшейе түсті деген қорытынды жасалды. Интеллигенция өкілдерінің идеологияға ықпалын арттыру үшін қандай мәселеге басымдық беру қажеттігі қарастырылды. Ғылым және шығармашылық саласындағы зиялы қауымды әлеуметтік желілердің контентін әзірлеуге және оны ілгерілетуге жұмылдыру маңызды деген ұсыныс айтылды. Мақалаға қажетті мәліметті жинақтау барысында сұхбат жүргізумен қатар, тарихи зерттеу жүргізілді және контент-талдау жасалды.

**Түйін сөздер:** ұлттық интеллигенция, идеология, ықпал, мемлекеттік саясат, билік, әлеуметтік желі, коммуникация.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

## Кіріспе

Кеңес одағы кезеңінде идеологиялық жұмысқа баса мән берілді. Оған тұтас мемлекеттік аппарат, түрлі саладағы интеллигенция өкілдері, қоғамдық ұйымдар жұмылдырылды. Тоталитарлық жүйеге негізделген компартия идеологияны өз билігін нығайтудың басты құралы ретінде пайдаланды. Осыған орай «идеология» деген ұғымға қатысты қоғамда түрлі пікір қалыптасты. Оның жағымсыз сипаты туралы айтыла бастады. Тіпті, *«идеология – ғылымға қарсы, адамның басын айналдырушы, алдап-арбаудың, әлеуметтік шындықты бұрмалаудың құралы болып көрінді»* [1]. Дегенмен, мемлекет теориясы туралы ғылыми әдебиеттерде және оқулықтарда идеология саяси жүйенің және биліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады [2]. Идеология азаматтарды ортақ миссия төңірегінде топтастырып, қоғамды түрлі сын-қатерден қорғауға септігін тигізеді. Мемлекет идеология арқылы өз саясатын түсіндіріп, билік институттарына деген сенімді нығайтуды көздейді. Идеология қоғамда ортақ құндылықтар қалыптастыру арқылы халықты жұмылдыруға мүмкіндік береді [3]. Әлемдік тәжірибеге зер салсақ, идеологиялық жұмыстың барлық дерлік елде бар екеніне көз жеткіземіз.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң, идеологиялық жұмысты дербес жүргізе бастады. Елімізде ішкі-сыртқы саясаттың басымдықтарына сай келетін жаңа идеологиялар пайда болды. Атап айтқанда, әр кезеңде «Этносаралық татулық пен келісім», «Күшті президенттік республика», «Қазақстандық патриотизм», «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Интеллектуалды ұлт», «Мәңгілік ел», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті Қазақстан», «Адал азамат», «Заң және тәртіп» сияқты идеологиялық ой-тұжырымдар кеңінен дәріптелді. Осындай идеологияларды қоғам санасында берік орнықтыру үшін билік тарапынан нақты жұмыс жүргізілді. Жалпы, мемлекеттің идеологиялық жұмысын, ең алдымен, мемлекеттік аппарат жүргізеді. Оған осы салаға жауапты лауазымды тұлғалар, мемлекеттік органдарға бағынатын ғылыми институттар мен мекемелер де жұмылдырылатыны анық. Бұдан бөлек, ғылым және шығармашылық саласындағы интеллигенция өкілдері идеологияға ықпал ететін негізгі топ ретінде саналады. Сондықтан ұлттық интеллигенция идеологиялық тұжырымдарды қалыптастыру ісінде қандай рөл атқарады, олардың бұған ықпалы бар ма, болса қандай жолмен ықпал етеді деген сұрақтар туындайды. Әдетте, интеллигенцияны ақыл-ой еңбегімен айналысатын, қоғамға, мемлекетке салмақты ой, салиқалы сөз айтып, бағыт-бағдар беретін әлеуметтік топ ретінде қарастырады [4].

XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлері және интеллигенция өкілдері қазақтың ұлт ретінде сақталуына, ұлттық мүддемізді қорғауға орасан зор еңбек сіңірді. Олардың саяси, ғылыми және ағартушылық қызметі халқымыздың рухын көтеруге, сана-сезімін оятуға арналды [5]. Сол сияқты Кеңес заманында өмір сүрген ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері елдік мүддеге қызмет етті, қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жаңғыртуға, ана тілімізді дамытуға үлес қосты.

Алаш арыстарының және кеңес заманындағы ұлттық интеллигенцияның қоғамдағы рөліне, билікке әсеріне қатысты ғылыми еңбектер аз емес [6]. Онда олардың идеологиялық жұмысқа ықпалы зор болғаны туралы тұжырымдар бар. Ал, 1991

жылдан бері, біздің ойымызша, зиялы қауымның идеология саласына ықпалы біртіндеп төмендей бастады. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен медиа қарқынды дамып, ақпарат тарату жолдары түбегейлі өзгеріске ұшыраған және түрлі блогерлер мен қоғам белсенділерінің популистік қызметі күшейген қазіргі заманда бұл айқын аңғарылып отыр. Осы гипотезаны растау үшін Қазақстандағы идеологемалардың қалыптасуына ұлттық интеллигенция өкілдері қаншалықты ықпал еткенін анықтау қажет. Мұның тәжірибелік маңызы бар деп санаймыз. Сол арқылы зиялы қауымның қазіргі қоғамдағы орнын және рөлін айқындауға мүмкіндік туады. Сонымен қатар бүгінгі интеллигенция өзіне қоғам тарапынан жүктелген міндеттерді атқарып жүр ме деген сұраққа жауап беруге болады.

**Зерттеудің мақсаты** – Қазақстанда идеологиялық тұжырымдардың қалыптасуына ұлттық интеллигенцияның ықпалы бар-жоғын зерделеу, зиялы қауым өкілдері қоғамда қандай рөл атқарып отырғанын саралау және олардың идеология саласына ықпалы бәсеңдеп барады деген гипотезаны дәлелдеу. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылып отыр: зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерге және баспасөзде жарияланған мақалаларға шолу жасау; ұлттық интеллигенцияның идеологиялық жұмысқа ықпалын айқындау.

### **Зерттеу әдістері**

Осы мақалаға арқау болған гипотезаны дәлелдеу үшін белгілі сарапшылар мен білікті мамандардан сұхбат алынды. Сұхбат идеологиялық тұжырым және ұлттық интеллигенция ұғымы, зиялы қауымның қоғамдағы рөлі, идеологемалардың қалыптасу барысы туралы сұрақтарды қамтыды. Оған әртүрлі салада қызмет ететін азаматтар және үш буын (аға буын, орта буын және жастар) өкілдері атсалысты. Барлығы 10 сұхбат алынды. Сондай-ақ ғылыми мақалалар мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар контент-талдау әдісімен зерттелді.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

*Тарихи контекст.* Ұлттық интеллигенцияның идеологияға ықпалын анықтамас бұрын, интеллигенция ұғымының мазмұнын айқындап алу қажет. Ғылыми әдебиеттерде бұл түсінікке қатысты түрлі анықтама, түрлі ұстаным бар. Мысалы, Ожеговтің түсіндірме сөздігіне жүгінсек, «интеллигенция» ұғымы ғылыми айналымға Ресейде XIX ғасырдың 60-шы жылдары енгізілді деп жазылған. Бастапқы кезде интеллигенцияға қоғамның білімді, сыни тұрғыда ойлай алатын бөлігін, яғни ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдарды жатқызған [7]. «Интеллигенция» ұғымын орыс ойшылдары (атап айтқанда, Петр Боборыкин) ойлап тапқан, алғаш рет орыстар қолданған деген пікір көбірек тараған [8]. Дегенмен, бұл пікірді жоққа шығарған авторлар да бар. Мысалы, М.Добрускин бұл ұғым, ең алдымен, Фихтенің, Шеллингтің және Гегельдің еңбектерінен бастау алғанын, сондан соң орыс және батыс-еуропа әдебиеттеріне енгенін атап өткен [9].

XIX ғасырдың екінші жартысында интеллигенция ұғымы әлеуметтік мәнге ие болды. Гайданың пікірінше, бұл термин қоғамдық процестерді сыни тұрғыда ой елегінен өткізетін және қалыптасқан қоғамдық тәртіпті өзгертуге ұмтылатын адамдарды сипаттау үшін қолданыла бастады [10]. Орлов: «интеллигенция әуел бастан элитаға, яғни билікке, қарсы қойылды, өйткені оның қызметі әлеуметтік жүйені өзгертуге бағытталды» деген ой айтты [11]. XX ғасырдың басында интеллигенция тақырыбы әлеуметтік-философиялық зерттеулердің ажырамас бөлігіне айналды. Дмитриева мен Чичин (2013) Антонио Грамшидің осы ұғымды жан-жақты зерттегенін және оның «интеллигенция» мен «интеллектуалдарды» бір-біріне қарама қайшы қойғанын атап өткен [12]. Кеңес заманында (1917-1991 жж.) бұл термин идеологиямен байланысты ұғым ретінде ерекше мәнге ие болды. Будник (2009) интеллигенцияның жұмысшы тап пен биліктің арасында дәнекер болғанын, сонымен қатар оның үстемдік еткен идеологияға сыни тұрғыдан қатынасқанын жазған [13]. Бүгінгі таңда «интеллигенция» көпқырлы ұғым ретінде қарастырылады. Оның әлеуметтік, этикалық және мәдени қырлары бар екені ерекше аталады. Меметовтің (2008) пікірінше, қазіргі интеллигенция ұғымы білімді болуды ғана білдірмейді, сонымен қатар моральды таңдау жасау қабілеті болуды талап етеді [14].

Жалпы, интеллигенция терминіне қатысты ғылыми әдебиеттердегі негізгі дискуссия мына мәселелер төңірегінде өрбиде: интеллигенцияның әлеуметтік іс-қимыл субъектісі ретіндегі рөлі, интеллигенция мен интеллектуал ұғымдарының ара-жігі; терминнің тарихи-мәдени астарының мән-маңызы және ұлттық инеллигенцияны жіктеу, яғни, оның типологиясы туралы мәселелер. Бір сөзбен айтсақ, интеллигенция ұғымы философиялық тұжырымдамадан әлеуметтік-мәдени категорияға дейінгі ұзақ жолдан өтті. Оның бастауында интеллектуалды әрі моральді-этикалық құндылықтар тұр. Сондықтан интеллигенция қоғамдық даму үдерісінің маңызды тобы саналады.

XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы ерекше әлеуметтік топ ретінде қалыптасты. Оған, ең алдымен, саясат, мәдениет, ғылым және шығармашылық саласының өкілдері кірді. Сол кездегі ұлттық интеллигенцияның белді өкілдері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты тұғырлы тұлғалар [15]. Олардың қайраткерлігіне саяси белсенділік, идеологиялық жұмыс және ағартушылық қызмет арқау болды.

Бір ғасыр бұрын ұлттық интеллигенция өкілдері қазақ халқының құқығын қорғауға, автономия алуға, төл өркениетімізді сақтауға ұмтылды [16]. Бұл белсенді саяси қызмет болды. Сондай-ақ, ұлттық сана-сезімді көтеру және қоғамды жаңғырту идеясы баспасөз арқылы кеңінен дәріптелді. «Қазақ», «Айқап» сияқты газет-журналдар тәуелсіздік және мәдени бірегейлік идеяларын насихаттайтын платформа рөлін атқарды. Мұны идеологиялық көшбасшылық деуге болады. Бұдан бөлек, Алаш қайраткерлері білім беру, халықтың сауатын арттыру сияқты ағартушылық қызметпен айналысты. Олар мектеп ашу, оқулық жазу, жастарды оқыту жұмыстарына айрықша мән берді.

Осылайша, XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенция ілім-білім таратумен шектелмей, қоғамдық өзгерістердің қозғаушы күші болды. Алаш арыстарының қайраткерлік қызметі ұлттық сана-сезімді дамытуға орасан зор үлес қосты.



Ал, билікке большевиктер келіп, Кеңес Одағы құрылған соң, интеллигенцияның қоғамдағы ролі едәуір өзгерді. Осы кезеңде ұлттық интеллигенция мемлекеттің қатаң идеологиялық бақылауында болды [17]. Бір жағынан, 1920-30 жылдары Алаш Орда қайраткерлерінің белді өкілдері жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады [18]. Бұл ахуал интеллигенцияға ауыр соққы болып тиді. Қазақстанның мәдени-интеллектуалды өмірінде жазылмас жара қалдырды. Көптеген интеллектуалды элита өкілдері қырып жойылды немесе марксистік-лениндік идеологияға бағынуға, мемлекеттің үгіт-насихат аппаратының айтқанымен жүруге мәжбүр болды [19].

Екінші жағынан, кеңес билігі жастарды жоғары оқу орындарында оқытып, оларды партия құрылымдарына, мәдениетке, өнерге, ғылымға тартып, жаңа интеллигенция қалыптастыруға белсене кірісті [20]. Жазушылар Одағы (1934 ж.), Ғылым академиясы (1946 ж.) сияқты мекемелер құрылды. Кеңес заманында шығармашылық саласындағы интеллигенция өкілдері идеологиялық бақылау жүйесіне кіріктірілді. Жазушылар, суретшілер, музыканттар коммунистік партияның қызметі, индустриализация, тың игеру, ұжымдастыру үдерісі сияқты мемлекеттік ауқымдағы жұмыстарды мадақтап, насихаттайтын туындылар жазды. Дегенмен, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сияқты зиялылар шығармашылығы арқылы ұлттың мәдени мұрасын, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын сақтауға және дамытуға үлес қоса алды.

Кеңес билігі білім беру жүйесін дамытуға баса назар аударды. Халықтың жаппай сауаты артқанының арқасында интеллигенцияның жаңа буыны өсіп жетілді. Бірақ, ғылыми қызмет қатаң идеологиялық құрсауда болды.

Бұрынғы Кеңестер Одағы таратылып, Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алған соң, ұлттық идеологиялық жұмысты дербес жүргізуге мүмкіндік туды. Осыған орай интеллигенция өкілдеріне деген қоғам назары арта түсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлттық интеллигенция өкілдері жаңа қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру ісіне белсене атсалысты. Тіл, мәдениет, тарих, ұлттық құндылықтар мәселелері кеңінен талқыланды. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш Орда қайраткерлерінің есімдерін жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Дегенмен, 1990-шы жылдардағы экономикалық қиындықтар, нарық заңдылықтарына негізделген заманның орнығуы ұлттық интеллигенцияның ықпалын, қоғамдағы ролін бәсеңдетті. Зиялы қауым өкілдерінің көпшілігі қаржы тапшылығын айқын сезінді, бұрынғыдай мемлекеттік тапсырыс көлемі күрт төмендеп кетті. Бірақ, бұл кезеңде ғылым мен мәдениетке қарағанда, негізінен, бизнеске және саясатқа бет бұрған жаңа элита қалыптаса бастады.

XXI ғасырда қалың көпшіліктің назары дәстүрлі интеллигенция өкілдерінен гөрі қоғамдық пікірге ықпалы арта түскен журналистерге, блогерлерге және басқа да қоғам белсенділеріне ауды. Әрине, ғылыми және шығармашылық жұмыспен айналысатын интеллигенция өкілдері мән-маңызын, абырой-беделін сақтайды, бірақ оның ықпалы, негізінен, академиялық ортамен шектеліп қалды.

Қазақ интеллигенциясының тарихына көз жүгіртсек, оның идеологияны қалыптастырудағы ролі саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты болғанын аңғарамыз. XX ғасырдың басында ұлттық интеллигенция қоғамдық өзгерістердің басты қозғаушы күші ролін атқарса, кеңес заманында ол мемлекеттік идеологияның бір

құралы ғана болды, ал тәуелсіздік кезеңінде оның идеологияға ықпалы біртіндеп азая бастады. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы сияқты қазіргі заманның үрдістері мен сын-қатерлері ұлттық интеллигенцияның идеология саласына ықпалын сақтап қалу үшін жаңа жағдайға бейімделуін талап етеді.

*Қазіргі үрдістер: интеллигенцияның рөлі төмендеп, ықпалы азайды.* Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған соң, жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келді. Соның салдарынан ғылым және шығармашылық саласындағы интеллигенцияның идеологияға ықпалы азая бастады. Бұл ахуалдың бірнеше себебі бар деп ойлаймыз.

Біріншісі – әлеуметтік-экономикалық басымдықтардың өзгеруі. КСРО ыдыраған соң, Қазақстан экономикасы нарық жағдайына бейімделуге мәжбүр болды. Бұл үрдіс ресурстарды қайта бөлуге әкеп соқтырды. Осы кезде мәдениет, руханият және ғылым саласына қарағанда, энергетика секторы, инфрақұрылымды дамыту мәселелері басты басымдыққа айналды. Ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаржы көлемі күрт азайып, интеллигенцияның мүмкіндіктері шектелді. Түрлі мәдени жобалар жеке демеушілерге тәуелді болып қалды.

Екіншісі – интеллигенция мәртебесінен айырылу. Кеңес дәуірінде интеллигенция өкілдері айрықша құрметке ие болды. Олар білімге және материалдық игіліктерге еркін қол жеткізе алды, соның игілігін көрді. Қазіргі қоғамдық санада интеллектуалды элита бұл мәртебеден біртіндеп айырылып қалды деген пікір қалыптасты. Мысалы, қоғамның тұтынушылық құндылықтарды бірінші орынға қоюының салдарынан ғылым мен мәдениет жас мамандарды карьералық тұрғыдан онша қызықтырмайтын болды.

Дәстүрлі интеллигенцияның рөлі төмендеумен бірге қоғамдық пікірге ықпалы күшейе түскен баламалы топтар пайда болды. Атап айтқанда, интернеттің және әлеуметтік желілердің қарқынды дамуына байланысты Facebook, Instagram, Telegram, YouTube және TikTok сияқты платформалар қоғамдық пікір қалыптастыратын негізгі алаңдарға айналды [21]. Еркебұлан Сайрамбайдың пікірінше, жаңа медиа, яғни әлеуметтік желілер, жастардың саяси белсенділігін арттырды [22]. Жұрт бұрын интеллигенцияға құлақ асқан болса, енді блогерлердің, тәуелсіз журналистер мен қоғам белсенділерінің сөзіне жүгінеді. Әлеуметтік желілер ақпаратқа жедел қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бірақ, көбіне көпірме сөз бен үстірт талқылаулардың белең алуына әкеп соқтырды. Қоғам белсенділері мен түрлі ұйымдар әлеуметтік және мәдени дискурс қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқара бастады. Олар экология, адам құқығы, гендерлік теңдік сияқты өзекті мәселелерді көтеріп, қоғам назарын өзіне аудару үшін дәстүрлі интеллигенциямен «бәсекеге» түсіп, оны ығыстыра бастады. Түрлі онлайн-курстар, подкасттар және танымал ғылыми блогтар білім тарату жолында жаңа орта қалыптастырып жатыр [23]. Дәстүрлі академиялық еңбектерге қарағанда, тың тәсілдерге негізделген бұл жобалар анағұрлым икемді, қол жетімді және барынша ауқымды аудиторияны қамти алады. Дегенмен, олар көбіне әлеуметтік немесе мәдени үдерістерге терең талдау жасауға емес, жұртты қызықтыратын тақырыптарды талқылауға әуестенеді.

Бүгінгі Қазақстан қоғамы жаһандық мәдени және интеллектуалды үрдістерге барынша ашық екенін аңғаруға болады. Жастар негізінен батыстың құндылықтары мен білім стандарттарын басшылыққа алуға тырысады. Ұлттық интеллигенция, өз

кезегінде, жаһандық деңгейдегі ақпарат алмасу жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу қатерімен бетпе-бет келіп отыр. Музейлер, кітапханалар, архивтер цифрлық ортаға көшуде. Бұл үрдіс мәдени мұраның қол жетімді болуын қамтамасыз етеді. Бірақ, сонымен бірге осы дәстүрлі мәдениет ошақтарының интеллектуалды өмірдің орталығы ретіндегі рөлін төмендетеді.

Қазіргі заманғы ақпараттық-технологиялық өзгерістер зиялы қауымға елеулі сын-қатерлер тудырып отыр. Кеңес заманымен салыстырғанда, қазір мемлекет интеллектуалды элитаға бұрынғыдай ықпал етпейді. Бірақ, бұл жағдай оның институционалдық қолдауға ие болуын да әлсіретті. Интеллигенция жаңа медиамен және жеке сектормен қоғам назары үшін бәсекеге мемлекет қолдауынсыз жеке өзі түсуге мәжбүр болып отыр. Ақылы лекциялар, білім курстары және консалтинг қызметтері сияқты коммерциялық жобаларға қызығушылық артқандықтан, ғалымдар терең зерттеуді қажет ететін мәселелерден гөрі қоғамды қызықтыратын тақырыптармен айналысуды жөн көреді. Оның үстіне қазіргі білім жүйесі сыни ойлау қабілетін және шығармашылық дарынды әрдайым дамыта бермейді. Бұл жағдай болашақ интеллигенцияның сапасына әсер ететіні анық. Көптеген білікті жас мамандардың шетелге кетуі осы проблеманы ушықтыра түсетіні де сөзсіз.

Күрделі кезеңге қарамастан, интеллигенцияның жаңа заманның талабына бейімделе бастағанын да аңғаруға болады. Тәуелсіздік жылдары жүзеге асырылған нақты мәдени жобалар бар. «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» сияқты жобалар төл мәдениетімізді дәріптеуге, ұлттың құндылықтарын сақтауға арналған. Қазақстан ғалымдарының халықаралық жобаларға қатысуы ғылыми жұмыстың беделін арттыра түседі. Ұлттық интеллигенцияның кейбір өкілдері әлеуметтік желіні ұтымды пайдаланып, ғылымды, тарих пен мәдениетті насихаттауға үлес қосып жүр.

Қазіргі заманның үрдістері ғылым және шығармашылық саласындағы интеллигенцияның идеологияға ықпалы азайғанын көрсетеді. Бұл ахуал коммуникация арналарының өзгеруімен, жаһандану үдерісінің белең алуымен және цифрлық мәдениетке өтумен тікелей байланысты. Дегенмен, ұлттық интеллигенция жаңа жағдайға бейімделу, соның ішінде әлеуметтік медианы белсенді пайдалану және халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы өзінің қоғамдағы рөлін арттырып, идеология саласына ықпалын күшейте алады. Ол үшін білім саласында тың реформалар жүргізіп, жас дарынды азаматтарға қолдау көрсету керек. Сондай-ақ, ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған мәдениет саласындағы саясатты дамыту маңызды.

*Сарапшылармен сұхбаттан жасалған ой-тұжырымдар.* Ұлттық интеллигенцияның идеологияға ықпалы тәуелсіздік жылдары өзгергенін талдау үшін белгілі сарапшылардан, ғалымдар мен шығармашылық интеллигенция өкілдерінен сұхбат алынды. Мамандар интеллигенцияның идеологияға, қоғам санасына ықпалы төмендеді деген тезиспен келісті. Осы үрдістің бірнеше себебін атап өтті. Бұл – цифрлық медианың мән-маңызының артуы, азаматтық белсенділіктің дамуы және жаһандану үрдісінің белең алуы. Бірінші сарапшының пікірінше, *«Бұрын интеллигенция идеологиялық тұжырымдарға түсініктеме беру ісінде басты рөл атқаратын. Қазір олай емес. Оның ықпалы кәсіби немесе академиялық ортамен ғана шектеліп қалды».* Осы сарапшының

ойынша, интеллигенцияның ықпалы төмендегеніне қарамастан, ол халықтың мәдени және тарихи мұрасын сақтау ісінде маңызды рөл атқара береді. Сұхбат сұрақтарына жауап берген екінші сарапшы: *«Интеллигенцияның ұлттық құндылықтар мен дәстүр сабақтастығын жалғастыру ісіндегі орны айрықша. Зиялы қауым жаһандану дәуірінде біркелкі мәдениет қалыптастырудың жағымсыз үрдістеріне төтеп бере алады. Төл мәдениетіміздің жұтылып кетпеуіне жол бермейді»,* – деді. Үшінші сарапшы *«интеллигенция мемлекеттің идеологиялық жұмысында қосалқы рөл атқарып отыр»* деген тұжырыммен келісті. Бірақ, оның бұл жұмысқа зор үлес қоса алатынын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, блогерлер мен қоғам белсенділеріне қарағанда, ұлттық интеллигенция мемлекеттік идеологияны тұжырымдамалық әрі философиялық тұрғыдан негіздеп бере алатыны анық. Сондай-ақ, сарапшылар интеллигенцияның цифрлық кеңістікке кірігуі және медиа саласының жаңа көшбасшыларымен ықпалдасуы айрықша маңызды екенін атап өтті. *«Зиялы қауым өз идеяларын жастарға жеткізу үшін қазіргі заманғы форматтар – подкастқа қатысу, блог жүргізу, әлеуметтік желіні кеңінен пайдалану сияқты тың тәсілдерді меңгеріп, уақыт талабына бейімделуі қажет»* екені айтылды.

“Ей, Мысыр тұрғындары, біз әлі де адалдық келісіміндеміз, Бізді өзеніңіздің суынан өткізесіз бе? Шөлдегенімізді баса аласыз ба? Ұстанымымыз Ніл секілді ұзын ба?”. (Аударма біздікі).

Анаға элегия. Шауқи 1918 жылдың аяғында соғыстың аяқталуы және бітімге келу туралы хабарды естігенде әлі Барселонада еді. Әйтсе де, жақсы хабармен қатар суық хабар да келіп жетті. Сол күні ақынның әжесі Каирде қайтыс болады. Қайғыға салынған ақын әжесіне арнап элегиясын жазады [8, 14-15б.]. Бұл өлеңнің жолдарында адамзат тағдырына мұңын шағып тұрғандай болды. Шауқи бұл элегиясын нағыз аянышты жағдайда жазған. Төменде Шауқидің 50 жолдық элегиясының үзіндісі берілген:

لى الله أشكو من عوادي النوى سهما  
أصاب سويداء الفؤاد وما أصمى  
من الهاتكات القلب أول وهلة  
وما دخلت لحماً ولا لامست عظماً  
توارد والناعي فأوجست رنة  
كلاماً على سمعي وفي كيدي كلما  
فما هتفا حتى نزا الجنب وإنزوى  
فيا ويح جنبي كم يسيل وكم يدمى  
طوى الشرق نحو الغرب والماء للثرى  
إلي ولم يركب بساطاً ولا يما  
أبان ولم ينيس وأدى ولم يفه  
وأدمى وما داوى وأوهى وما رما

[10, 466-467б.].

[10, 466-467б.].

“Бұл менің жүрегімнің түкпір-түкпіріне тиді, бірақ өлуге мүмкіндік бермеді. Дәл осы сәтте етке кірмей, сүйекке тимей жүректі жұлып алардай болды. Мен өмірдегі оқиғаларды сөктім, бірақ бұдан не өзгеріс болады, Олардың арасында тек бірен-саран елес қалды. Аллах жар болсын, күнәсіз менің періштем. Уақыт бақытқа кедергі болды, аттең-ай. Сіз көркемсіз, тәрбиеніз тым асқақ, Ана деген мәңгі есім сізге шақ”.

Қуғын-сүргіннің соңы: Шауқидің Барселонадан қайтуына рұқсат берілгенімен, ол бірден оралуға мүмкіндік ала алмады. Ақын осы кезде Испанияның оңтүстігіне барып, қалаларындағы араб ескерткіштерін көруге бел буады. “Араб елдері және исламның ұлылары” атты көлемді қасидасын ақын осы уақытта жазады. Онда араб тарихына шолу жасалады [9, 12б.]. 1918 жылы соғыс аяқталып, 1920 жылы Отанына оралуға рұқсат алған уақыт аралығында өткен бұл кезең ақынның Андалусия, Кордова және т.б. түрлі аймақтардағы Андалусия ескерткіштерін аралаған кезі болды” [10, 83б.]. Жат жерде болған кезінде Шауқи уақытын Каирден өзімен бірге алып келген кітаптары мен өлең

жинақтарын оқумен өткізді. Барселонада жазған өлеңдерінің көпшілігінде туған жеріне шынайы сағынышын білдіреді.

Андалусиядағы араб өркениетінің көріністері оның өлең жазуға деген терең сезімдерін оятты. Сөйтіп, арабтардың тарихқа толы даңқын жырлады. Шауқи қиын сапардан кейін Испанияның оңтүстігіндегі Андалусияға келді, онда ол уақытша салтанатты жағдайдан кейін қирандылар, сарайлар, мешіттер мен Ислам елінің басына түскен апаттардың куәсі болды. Саңырау тастар мен үнсіз қирандылардың жоқтауы ақын-жазушылардың жоқтауынан да қаттырақ болды. Шауқи “Араб елдері және исламның ұлылары” атты көлемді поэмасын жазады. Ол 24 өлеңнен тұратын 1400 жолды қамтиды. Бұл туындысында ақын Мұхаммед пайғамбардың және халифаттардың заманынан қазіргі заманға дейінгі мұсылмандардың тарихын баяндап береді. Бұл шығарма ақын өмірден озғаннан кейін ғана жарияланған болатын. “أندلسية” “Андалусия ханшайымы” атты танымал прозалық пьесасын да Испания жерінде жазды.

1920 жылы Ахмед Шауқи Мысырға оралғанда оны жастар ықыласпен қарсы алады. Халқының жылы лебізі ақынды қатты тебіренгізіп, ол көз жасына ерік береді. Бұл тамаша қабылдауды сипаттаған ақын:

وحيا الله فتيانا سماحا ... كسوا عطفی من فخر ثيابا  
ويا وطنی لقيتك بعد یأس ... كأني قد لقيت بك الشبابا

[10, 4716.].

*“Мейірімді жастарға Аллах разы болсын, Такаппарлық киімін жамылған кім? Ей, елім мен сені үмітсіздіктен кейін жолықтырдым, Жастық-шағыммен кездескендей күй кештім”.*

*Шауқидің Мысырға оралуы.* Ахмед Шауқи Испанияда 4 жыл 6 ай болып, 51 жасында туған жеріне оралады. Ақын мінген пойызды күтіп тұрған қалың бұқара халық қыстың суық кешінде вокзал маңайына жиналды. Олардың ішінде досы, талантты ақын Хафиз Ибраһим де болды. Біраз уақыттан кейін пойыз келіп тоқтайды. Суықтан қымтанған аласа жігіт пальтосының жағасын қолына қысып сыртқа шықты. Мыңдаған адамдар Ахмед Шауқиді көріп, қуаныштан айғайлап, оны мойындарына салып көтерді. Ал досы Хафиз Ибраһим ақынды: “Досымды қайтарған Аллаға мақтаулар болсын, Туған жерге оралғанына мың шүкір” – деп басталатын өлең жолдарымен қарсы алды. Газет-журнал бетерінде: “Қош келдіңіз, жазушылар шебері! Қош келдіңіз, “Ақындар ханзадасы”! Қош келдіңіз, Ахмед Шауқи! – деген ұрандар жазылды.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде араб ақыны Ахмед Шауқи шығармашылығында “сағыныш” концептісінің ерекше орын алғанына көз жеткіземіз. Ақын шеберлігі арқылы бұл ұғымды сан түрлі құбылып, әр түрлі контекстке салып, дамытып отырады. Бұл өзгерістер Ахмед Шауқидің туған жері Мысырдан алшақта жүріп жазған өлеңдерінде терең байқалады. Әрине, ақынның жер аударылуы оның шығармашылығына айтарлықтай әсер еткені рас. Алшақта жүріп, туған жеріне, еліне деген ыстық сағыныштан патриоттық сезімі де



арта түсті. Сондықтан оның шығармашылығындағы осы бір кезең түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ол енді сарай ақыны емес еді. Сонымен, ақын өзін сарайдың алтын бұғауынан босата бастайды, ал сарай мен Шауқидың арасындағы қарым-қатынас біртіндеп әлсірей бастайды. Ол өзінің ішкі жаралары мен ауыртпашылықтарын білдіру үшін халыққа жақындап, хедив тілінен кейін халықтың тілі мен тынысына айналды. Сәйкесінше, елдегі ауыр жағдайлар оның сараймен байланыстарын әлсіретіп, санасын ұлтшылдық сезімімен толықтырып нығайта түсті.

Ахмед Шауқидің Испания жерінде жазған шығармалары қайғы-мұң, ностальгиямен ерекшеленді. Бұл жаңа орта оның поэзиясының өсіп-өркендеуі үшін құнарлы топырақ секілді болғанымен, Шауқи оны қуанышпен қабылдай алмады, себебі ол туған жерінен алшақта еді.

Сасанидтердің Таки-Кисра сарайында тұрған аббасидтік араб ақыны Әл-Бухтури секілді араб мұсылмандарының жоғалған жұмағы Андалусия қирандысында тұрған араб ақыны Ахмед Шауқи елінен алшақта жүріп “البحثري سينية” “Синият әл-Бухтуриге” қайшы сағыныш сезіміне толы танымал қасидасын жазады: “ نازاعتني إليه في الخلد نفسي. و سلا مصر: هل سلا ” “القلب عنها أو أسا جرحه الزمان المؤسى وطني لو شغلت بالخلد عنه ”, бұл жолдарда ақын “Отаным жайлы мәңгілік айтар едім, Ол үшін мен өле-өлгенше шайқасар ем. Мысырдан сұрайық, жүрегі оны ұмытпады ма? Әлде ол өткен күндермен жаралы ма?” – деп, ыстық ықыласын білдіреді. (Аударма біздікі).

Шауқи бұнымен тоқтаған жоқ, жер аударылғанына қарамастан, туған жері үшін ағылшын отаршылдығына қарсы қылыштай өткір өлеңдерімен танылды. Қайтып оралғаннан кейін де жазуын тоқтатпады.

Ахмед Шауқи Мысырға оралып, саяси және қоғамдық өмірге, сондай-ақ исламды дәріптеуге өз үлесін қоса бастады. Ақын 1924 жылы Сенат депутаты болып тағайындалады. 1927 жылы сәуірде Каир Опера театрында Ахмед Шауқидің құрметіне арналған поэзия фестивалі өтеді. Онда араб әлемінің түкпір-түкпірінен келген көптеген ақындар мен саясаткерлер қатысып, ақынға الشعراء أمير “Ақындар ханзадасы” лақап аты беріледі.

Испаниядан оралған соң, Ахмед Шауқи поэзиясы халыққа, оның ұлттық-әлеуметтік мәселелеріне жақындау бағытында үздіксіз дамып келді. Өз халқының жағдайын сезініп, оның мәселелерін сөз ететін халық ақынына айналды. Батыс жазушыларын оқу ақынның талантын шыңдады, сондықтан ол туған жеріне ақындық байлығымен оралды. Жер аударылғаннан кейінгі кезең оның өміріндегі ең жемісті кезең болды. Қоғамдық және ұлттық оқиғаларды қамтитын қасидалары артып, тарихтан бастау алған пьесаларын жаза бастады. Аз ғана уақыт аралығында ақынның көптеген тамаша шығармалары жарық көреді. Осылайша, Шауқи сарай ақынынан ұлт ақынына айналды.

Арада қаншама жыл өтсе де, атамекенге деген сағыныштағы бұл поэтикалық мәтіндер араб халықтарының жадында әлі күнге дейін сақталған. Шауқидің басынан өткен тәжірибе халқын бостандық пен әділеттілікке шақыратын өлеңдермен шабыттандырды. Ахмед Шауқидің туындылары Шығыстағы әділдік үшін күрес пен айғақ ретінде өмір сүруін тоқтатпады және өмірінде болған оқиғаларды шынайы көрсете білді.

**Қаржыландыру.** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті 2025-2027 жылдарға арналған «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру

негізінде «Абай және Шауқи дискурсындағы «Адам» концептісі (қолжазбалардың түпнұсқасы негізінде)» атты ғылыми жоба аясында дайындалды (AP25796471).

#### Авторлардың қосқан үлесі:

**Р.С. Кожобекова** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, әдебиетпен жұмыс, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып талдау жүргізу, аударма жасау.

**А.А. Мустафаева** – теориялық материалдарды жинақтау, бағыт-бағдар беру, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

#### Әдебиеттер тізімі

1. بيروت: دار صعب. - 240. - 1998. - ص. عطوي خ. ف. أحمد شوقي أمير الشعراء.
2. ص 230. - 2010. - القاهرة: الهيئة المصرية العامة للكتاب. شوقي ضيف. شوقي شاعر العصر الحديث.
3. القاهرة: دار القومية للطباعة و النشر. - 1990. - ص 112. جودت ص. بلابل من الشرق
4. الجزء الثاني. - لبنان. بيروت: دار الفاخوري حنا. الجامع في تاريخ الأدب العربي الحديث
5. الجيل. 1996. - ص 438
6. مصر. القاهرة: مكتبة النهضة. 2010. - ص 133. شوقي حسين. أبي شوقي
7. مصر. القاهرة: دار الجيل. 1988. - ص 190. مبارك زكي. أحمد شوقي
8. صبري م. الشوقيات المجهولة الجزء 2. لبنان. بيروت: دار المسيرة. 1979. - ص 217.
9. مصر. القاهرة: دار المعارف. 1982. - ص 185. عبد المجيد أ. أحمد شوقي الشاعر الإنسان
9. Al-Rifai, N. Y. Denshawai and Cromer in the Poetry of Ahmad Shawqi // Advances in Social Sciences Research Journal. - 2020. - Vol. 7(3). - Is. 3. - P. 1-27.
10. ضيف شوقي. الادب المعاصر في مصر. مصر. القاهرة: دار المعارف. 1957. - ص 271.

#### Р.С. Кожобекова, А.А. Мустафаева

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

#### Концепт «ностальгия» в поэзии Ахмеда Шауки

**Аннотация.** «Ностальгия» – одно из уникальных человеческих чувств. Его структурно-семантической основой являются многообразие значений и различных понятийных символов, имеющих эмоциональную окраску. В данной статье отражены многочисленные изменения, происходившие в творчестве поэта Ахмеда Шауки, известного поэта Египта, тоскующего по Родине, родным и близким во время своего изгнания в Испанию. В ходе исследования рассматривается концепт “ностальгия” в творчестве поэта. Определена собственная концептосфера Ахмеда Шауки, характерная периоду его жизни, и отражена его национальная идентичность. Несмотря на то, что он воспитывался при хедивском дворце, как поэт он чувствовал «пульс» египтян, оказывая сильную поддержку им и их желаниям при помощи своих произведений. В статье

также анализируется период депрессии поэта, связанный с изгнанием Ахмеда Шауки в Испанию после начала Первой мировой войны в 1915 году и дальнейшей эскалацией революции в Египте в 1919 году. В результате исследования проанализировано, что Ахмед Шауки нашел облегчение, обратившись к поэзии, чтобы облегчить свою ностальгию по родине, находясь вдали от своей страны. Обсуждаются основные проблемы в поэзии поэта в зависимости от рассматриваемого периода. Результаты исследования показали, что поэт написал касыду под названием “Арабские страны и великие люди ислама” во время посещения памятников мусульманской цивилизации в Севилье, Кордове и Гранаде. Умение передать истинное настроение и красоту в поэзии Шауки позволило распознать лишь одну сторону творчества поэта. В результате проведенного исследования выявлено то, что концепт “ностальгия” занимает особое место в творчестве поэта Ахмеда Шауки.

**Ключевые слова:** Ахмед Шауки, арабская поэзия, ностальгия, изгнание, концептосфера, патриотизм.

**R.S. Kozhabekova, A.A. Mustafaeva**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **The concept of “nostalgia” in the poetry of Ahmed Shawki**

**Abstract.** The concept of “nostalgia” is one of the unique human feelings. Its structural and semantic basis is a variety of meanings and various conceptual symbols that have an emotional connotation. This article reflects the homesickness and numerous changes of the famous Egyptian poet Ahmed Shawki during his exile in Spain. The study examines the concept of “nostalgia” in the poet’s work. Ahmed Shawki’s own concept sphere, characteristic of the period of his life, is determined, and his national identity is reflected. Although he was brought up in the Khedive palace, as a poet he felt the “pulse” of the Egyptians, giving strong support to them and their desires through his writings. The article also analyzes the period of the poet’s depression associated with the exile of Ahmed Shawki to Spain after the outbreak of the First World War in 1915 and the further escalation of the revolution in Egypt in 1919. As a result of the study, it was analyzed that Ahmed Shawki found relief by turning to poetry to alleviate his nostalgia for his homeland while away from his country. The main problems in the poet’s poetry are discussed depending on the period under consideration. The results of the study showed that the poet wrote a poem called “Arab countries and great people of Islam” while visiting the monuments of Muslim civilization in Seville, Cordoba and Granada. The ability to convey the true mood and beauty in Shawki’s poetry made it possible to recognize only one side of the poet’s work. As a result of the study, it was revealed that the concept of “nostalgia” occupies a special place in the work of the poet Ahmed Shawki.

**Keywords:** Ahmed Shawki, Arabic poetry, nostalgia, exile, concept sphere, patriotism.

### **References**

1. Atwy Kh.F. Aḥmed Shawkī Amīr al-Shu‘arā’ [Ahmed Shawki the Prince of poets] (Dar Sa’b, Beirut, 1998, 240 p.). [in Arabic]
2. Daif Sh. H. Shawki Sha’er Al-Asr Al-Hadith [Shawki poet of the modern era] (Al-Hai’a Al-Masriya Al-Amma lil Kitab, Cairo, 2010, 230 p.). [in Arabic]

3. Jawdat S. Balabel min Al-Sharq [Nightingales from the East] (Al-Dar al-Qawmiyah lil- Tiba'ah wa AlNashr, Cairo, 1990, 112 p.) [in Arabic]
4. Al-Fakhouri Kh. Al-Jami' fi Tarikh Al-Adab Al-Arabi [The mosque in the history of Arabic literature] / part 2. (Dar Al-Jeel, Beirut: Beirut, 1996, 438p.) [in Arabic]
5. Shawki H. Abi Shawki [My Father Shawki] (Maktabat Al-Nahda, Cairo, 2010 133 p.) [in Arabic]
6. Mubarak Z. Ahmed Shawki [ Ahmad Shawqi] (Dar Al-Jeel, Cairo, 1988, 190 p.) [in Arabic]
7. Sabry M. Al-Shawqiyat Al-Majhoula [The unknown poems of Shawki] Vol. 7(3), 2nd ed., (Dar Al-Mayssara, Beirut, 1979, 217 p.) [in Arabic]
8. Abd ul-Majeed A. Ahmed Shawki Al-Sha'er Al-Insaan [Ahmed Shawki is a human poet] (Dar Al-Ma'aref, Cairo, 1982, 185 p.) [in Arabic]
9. Al-Rifai N.Y. Denshawai and Cromer in the Poetry of Ahmed Shawqi, Advances in Social Sciences Research Journal, 7(3), 3, 1–27 (2020).
10. Daif S. Al-Adab Al-Mu'aser fi Masr [Contemporary literature in Egypt] (Dar Ul-Ma'aref, Cairo, 1957, 271 p.) [in Arabic]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Қожабекова Р.С.** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Мұстафаева А.Ә.** – PhD, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Kozhabekova R.S.** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Mustafaeva A.A.** – PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 11.25.33  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-221-231>

## Спорт дипломатияның тілі ретінде: жарыстарды өткізу арқылы байланыстарды нығайту

А.К. Мухамедғалиева<sup>ID</sup>, Б.Ж. Абжаппарова<sup>ID</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [aidana\\_mk1203@mail.ru](mailto:aidana_mk1203@mail.ru), [hadisha\\_1960@mail.ru](mailto:hadisha_1960@mail.ru))

**Аңдатпа.** Мақалада спорттың халықаралық аренадағы елдер арасындағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы рөлі, әсіресе спорттық дипломатияның маңыздылығы қарастырылған. Халықаралық қатынастарда кездесетін шиеленістерді шешу үшін спортты қолданудың тиімділігі тарихи мысалдар арқылы көрсетілген. Мәселен, Үндістан мен Пәкістан арасындағы «крикет дипломатиясы» немесе Қытай мен АҚШ арасындағы «пинг-понг дипломатиясы» спорттың бірлік пен түсіністік орнатудағы ықпалын дәлелдейді. Сол сияқты Корей Халық Демократиялық Республикасы мен Корея Республикасының спорт саласындағы кездесулері шиеленіс деңгейін төмендетуге көмектескені пайымдалады. Мақалада спорттың саяси қысым құралына айналып кетуі де қарастырылады, әсіресе Олимпиада ойындары мен басқа да ірі жарыстарда спортшылар мен елдер арасындағы саяси кикілжіңдер орын алып жатқаны баяндалады. Спорттың бейбітшілікке және елдер арасындағы достық қарым-қатынастарға ықпалын арттыру мақсатында халықаралық спорт ұйымдарының бейтараптылығын сақтау, мәдени дипломатияны дамыту, ортақ ережелер мен кодекстерді енгізу сияқты шешімдер ұсынылады. Сондай-ақ туризмді және ұлттық мәдени мұраны насихаттауда спорттың рөлі айрықша екені айтылады. Бұл Қазақстанда өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының мысалында тереңірек зерттеледі. Сонымен қатар спортты халықаралық деңгейде саяси құрал ретінде пайдаланудан гөрі, бірлік пен бейбітшілікке бастайтын жол ретінде қарастырудың маңыздылығы атап өтіледі.

**Түйін сөздер:** спорт, халықаралық қатынастар, саясат, бейбітшілік, іс-шаралар, шиеленістер, дипломатияның тілі, қарама-қайшылықтар, мәдениет, дипломатия, саяси қысым, қарым-қатынастар, экономика.

## Кіріспе

Әлемдік аренада елдер арасындағы бейбітшілік пен келісім қашан да маңызды рөл ойнаған. Ішкі және сыртқы талас-тартыстарды шешуде ғалымдар, халықаралық ұйымдар және басқа да ірі кәсіпорындар көптеген мәселелерге тап болып, шешімсіз қалып отырды. Тіпті елдер арасындағы бірлікті нығайта алады деген мықты-мықты ұйымдардың өздері, тарихтан білетініміздей, өз жұмыстарын тоқтатты. Оның үстіне біздер қазіргі уақытта көптеген шиеленістер мен қақтығыстардың куәсі болып отырмыз. Халықаралық қатынастар саласын зерделей келе әлеумет, экономика, саясат сынды маңызды бағыттардың бірлестігін спорттан таба аламыз деген түйінге келдік. Өйткені спорт адам мен адамды қалай байланыстырған болса, ел мен елді дәл солай байланыстыра алады. Спортқа деген бірдей қызығушылықтары арқылы адамдар өзара біріге алады және бір мәмлеге келу әлде қайда жеңілдей түседі. Спорт – түрлі жарыстар мен ойындарды қамтитын физикалық белсенділіктен бөлек, маңызды саналатын бірнеше бағыттарды бірге ұстап тұратын тетік ретінде қарастырылады. Демек, спорттық дипломатия – бұл қазіргі таңда дипломатиялық қызметтің белгілі бір түрі ретінде қарастырылып, сыртқы саяси міндеттерді шешуде көмекші құрал немесе тәуелсіз саяси бағытта жұмыс жасайтын бағыт ретінде мақсатталады. Ол мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарды жақсарту, сондай-ақ басқа елдің басшылығына саяси қысым жасау, басқаша айтқанда, белгілі бір сыртқы саяси мақсаттарды, ниеттерді және мүдделерді жүзеге асыруда қолданылады. Яғни, қазіргі таңда спорт тек салауатты өмір салтын дамытуда қолдағанымен, басқа да үлкен саяси шиеленістерге алып келе алады. Демек, спорттық дипломатия тақырыбы халықаралық деңгейде зерттелуі тиіс шешімін таппаған өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Мақаланы жазудағы негізгі мақсатымыз спорттық дипломатияның дұрыс ағымда дамуын жақсарту және саясаттың араласуынан туындаған түрлі мәселелердің шешімін табу және зерделеу. Сонымен қатар, спорттың тек оң мақсатта жүзеге асырылуын қолдау әрі келешектегі болуы мүмкін шиеленістерді болдырмаудың амалын тереңірек зерттеп, талдау жүргізу. Осының негізінде тарихқа үңілуді жөн санап, салыстырулар мен анализ жүргізуді зерттеудің нақты әдістері деп таныдық. Осы бағытта зерттеу жүргізуде халықаралық аренада елдер арасында болған спорттық байланыстарды зерттеуді міндет еттік. Аталып кеткен мәселелерді болдырмауда спорттық дипломатияны тереңірек зерттеп, мүмкін бола алатын тетіктерді қарастырдық және мақаланың келесі бөлімдерінде кеңірек талдау мен талқылауға салдық.

## Зерттеу әдістері

Спорттық дипломатияның мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды жақсартуын және бейбітшілік орнатуын зерттеуде тарихи және салыстырмалы әдістер қолданылды. Сонымен қатар, анализдеу, синтездеу сынды жалпы теориялық әдістер кеңінен қарастырылды. Тарихта кездескен бірнеше спорттық дипломатиялар өзара салыстырылып, зерттеулер жүргізілді.

## **Нәтижелер мен талқылаулар**

Бізге белгілі болғандай, спорт сонау ежелгі Греция мен Месопотамия замандарынан бастау алады. Яғни ежелгі кезеңдердің өзінде-ақ спорттық іс-шаралар өткізілген уақытта барлық соғыстар мен басқыншылық әрекеттер тоқтап тұратын. Бұл, бір жағынан, спортқа деген құрметтің болғандығын айғақтайды. Алайда, спорт дипломатияның және саясаттың бір құралы мен бөлшегі ретінде тек XX ғасырда кеңінен қолданыла бастайды. Алдымыздағы ғасырда түрлі олимпиадалық ойындар, әлемдік матчтар мен чемпионаттар, фестивальдар үлкен сұранысқа ие болып, спорттың дипломатиядағы айырықша орнын дәлелдей түскен болатын. Сол кезеңдерде тарихта қалған талай спорттық жарыстарда спорт басты кезекте дипломатиялық құрал ретінде рөл ойнағанын көреміз. Шиеленістер орын алған елдер арасында спорт көркем түрде қақтығыстарды шеше отырып, келісімге әкелген болатын. Бұл спорттың дипломатияда жеткен маңызды жетістіктері ретінде қарастырылып, халықаралық дәрежеде алатын орнын айқындай түсті. Мәселен, тарихи тұрғыдан өте қиын қарым-қатынаста болған Үндістан мен Пәкстан тәуелсіздік алғаннан бері (1952 жылдан бастап) крикет спорты бойынша жарысқа түсіп отырды. Бәрімізге белгілі, мұның астында тек спорттық қарсыластық емес, сондай-ақ геосаяси өлшемге ие маңыздылық та жатты. 2004 жылы Үндістан үкіметі он бес жылда алғашқы рет өзінің ұлттық крикет ойыны бойынша командасына және мыңдаған жанкүйерлеріне Пәкстанға екі құрама команданың ойынына баруға рұқсат берді. Бұл оқиға екі жақты шиеленіс пен кикілжіңнің айтарлықтай әлсіреуіне әсер етті. 2008 жылы Мумбайдағы шабуылдардан кейін Үндістан-Пәкстан қарым-қатынасы күрт шиеленістерге әкелгеніне қарамастан, «крикет дипломатиясы» өз тіршілігін жойған жоқ. 2011 жылғы 30 наурызда Үндістанның Мохали қаласындағы стадионда үнді премьер-министрінің пәкстандық әріптесімен бейресми кездесуі өткен болатын. Бұл пәкстандық премьер-министрдің соңғы он жылдағы Үндістанға келген алғашқы сапары және кездесуі болды [1]. Осыған байланысты Оңтүстік Азиядағы екі ядролық держава арасындағы шиеленіс деңгейі біршама төмендей түскені байқалды. Келтірілген мысалдың жүзінде спорттың әлемдік үлкен мәселелерді оңайлықпен шеше алатындығына тағы бір мәрте көз жеткіздік. Спорттық дипломатияның тағы бір үлгісі ретінде «Пинг-понг дипломатиясын» қозғасақ болады. Екі ел арасындағы аталған байланыстар 1970 жылдың басында үстел теннисі бойынша американдық команданың Қытай тарапынан ресми түрде Бейжіңге шақырту алуларынан басталған болатын. Бұл тұрғыда Қытайдың ұсынысы бойынша екі ел арасындағы қатынастар тек спорттық сайыстарды қарастырмады, бұдан бөлек елге шақырту арқылы американдықтарды қонақ ретінде қабылдап, елдің әсем жерлерін көрсету болып табылды. Бұл спорттық іс-шара екі елдің қарым-қатынасындағы шынайы серпілестердің бірі болып саналды, бұған себеп АҚШ азаматтарының Қытайдағы азаматтық соғыстан (1949 жылғы) кейінгі ҚХР-ға тарихи сапармен келген алғашқы кездесуі болды (1971 жылғы). Бұдан бөлек, аталған уақытқа дейін АҚШ коммунистік Қытаймен дипломатиялық қатынаста мүлдем болған емес, себебі Қытай Республикасын Қытай жеріндегі жалғыз мемлекет деп қарастырған. Спорттың өзін зерттер болсақ, бір апта ішінде екі ел арасында үстел

теннисі бойынша бірқатар матчтар өткізілді, ал жарыстардан кейін алыстан келген қонақтар Қытайдың бай тарихи-мәдени мұрасымен танысып, «Аспан асты елінің» көрікті жерлерін тамашалады. Келесі 1972 жылы қытайлық үстел теннисінің шеберлері дәл сондай бағдарламамен АҚШ-қа спорттық сапармен аттанды [1]. «Пинг-понг дипломатиясының» нәтижесі ретінде екі елдің қай саладан болмасын, жақындасуын байқаймыз. Саяси тұрғыдан бұл спорттық іс-шаралардан кейін Қытай БҰҰ-дағы Қауіпсіздік Кеңесінде орын алды және АҚШ Президенті Р. Никсонның ҚХР-ға сапарымен Шанхай коммюникесіне қол қойылды. Бұл Азия және АТӨ-дегі (Азия-Тынық мұхиты өңірі) күштердің арақатынасын айтарлықтай өзгерткен болатын. Осыған байланыста американдық атақты «Time» журналы да «пинг-понг дипломатиясының» нәтижелеріне түсініктеме бере отырып, «Спорт тарихта бұрын-соңды халықаралық дипломатияның құралы ретінде осыншалықты тиімді пайдаланылмаған» деген қорытындығы келді. Бір қызығы 2017 жылдың қыркүйек айында үстел теннисі бойынша АҚШ-Қытай тарихи матчтарының қатысушылары қырық бес жылдан кейін Мичиган университетінде арнайы ұйымдастырылған салтанатты іс-шарада кездесті.

Осы сында басқа да тарихи үлгілерге зер салар болсақ, АҚШ пен ҚХДР арасындағы байланыстарды қарастыруымызға болады. Бұл аспектіде «баскетбол дипломатиясын» айта кеткен жөн. Қазіргі таңда бұл термин көбіне-көп әйгілі американдық баскетболшы Д. Родманның ҚХДР-ға сапарымен тікелей байланыстырылады. Бұл алғашқы сапар 2013 жылдың ақпан айында жүзеге асырылды әрі бұл бірнеше аптадан кейінгі Вашингтонның Ким Чен Ынның режимін қатты сынға алған ядролық сынақтарынан кейін болғаны мәлімделді. Осы уақытқа дейін баскетбол жұлдызы Солтүстік Кореяға кемінде 4 рет сапар жасаған болатын. Әрине, екі жақ қажетті дипломатиялық қатынастарға әлі жете алмаса да, бұл спорттық дипломатиядағы нақты әрі маңызды қадамдардың бірі екендігіне назар аудартады.

Тарихта мәңгі есте қалатын, шиеленісулері жоғары деңгейге жеткен елдер ретінде Корея Республикасы мен ҚХДР-ды еске аламыз. Алайда, осы шиеленісте де спорт өзінің дипломатиядағы ерекше қабілеттерімен жұртты таңғалдыра түсті. Нақтылай айтсақ, ағымдағы жылы Парижде өткізілген жазғы Олимпиада ойындарында екі елдің спортшылары үстел теннисі бойынша бақ сынасты. Нәтижесінде ҚХДР спортшылары – Ри Чон Сик пен Ким Кум Ен күміс медальге қол жеткізсе, Корей Республикасынан келген Лим Чон Хун мен Син Ю Бин қола жүлдеге ие болды [2]. Әлем жұртын таңғалдырғаны екі елдің спортшыларының естелік суретке түскендері. Қанша жерден жаға жырттыққан үлкен соғыстар орын алса да, екі елдің азаматтары бір-бірін шын ниеттерімен құттықтап, осындай қуанышты сәтті естелікке сақтады. Әрине, ҚХДР-дың ұстанатын саясатына байланыста екі елдің азаматтары марапаттау рәсімінде қол алысу сәтінде бір-бірлеріне сәл ғана қол тигізіп, корей тілінде құттықтауларын жолдады. Бұл жағдайда да екі елде өмір сүріп жатқан бір ұлттың арасындағы бауырмалдықты көре отырып, спорттың арадағы кикілжіңдерді, сәл де болсын, ұмыттырып, адамдарды жақындастыратынына куә боламыз.

Спорт, ең алдымен, әлемнің әр континенті мен әртүрлі халықтарын біріктіретін әмбебап қарым-қатынас тілі болатындығын әрқашан есте ұстаған жөн. Осы принципке



сүйене отырып, спорттың өзі саяси емес екендігін айқындауға болады, сол себепті спорттық дипломатияның әсері мен нәтижесі тек үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың және әлемдік қоғамдық пікірдің саяси еркіне байланысты болады. Осы тұрғыда Халықаралық олимпиада комитетінің бұрынғы Президенті Пьер де Кубертен енгізген әйгілі олимпиадалық «Спорт саясаттан тыс» деген ұраны өткеннің еншісінде айналды десек те болады. Демек, спорт саясатпен қатар келе жатқан бағыт ретінде елдердің қарым-қатынасына тікелей әсер ете алады.

Бірақ спорт әр кезеңде елдерді бірлікке шақырып дипломатияның мықты жүйесі ретінде қарастырылмаған. Қазіргі таңда спорттың саясатпен байланысы тығыз болғандықтан, елдер өз арасындағы шиеленістерді спорттың ережелері арқылы ушықтыруға тырысады. Спорт пен саясаттың өзара іс-қимыл процесі қазіргі заманның ең өзекті қоғамдық-саяси құбылыстарының бірі болып табылады. Бұдан шығатыны, төрешілік сапасы, допинг бақылауының нәтижелері және спортшылардың беделін түсіру сынды жанжалдар жаһандық саяси ойынның күшті құралы болып табылады. Қырғи қабақ соғыс кезінде спорт, оның ішінде тіпті Олимпиада сынды ауқымды іс-шаралар супер державалар үшін қысым мен идеологиялық қарама-қайшылықтардың ең күшті деген тұтқаларының біріне айналды. Елдер арасындағы келіспеушіліктердің кесірінен және спорттың саясатпен ұштасуынан көптеген спортшылар өз қабілеттерін жоғалтуда. Олимпиада ойындары қазіргі уақытқа дейін спорттық жарыстарда саяси қысым жасаудың құралына айналды. Спортта атлеттерге жасалатын айыптауларға байланысты көптеген жарысқа шығушылар өздеріне деген сенімділіктерін жоғалтып, нашар өнер көрсететіндіктерін байқаймыз [3]. Дана қазақ «таяқтың екі ұшы болады» деп бекерден-бекер айтпаған болса керек. Иә, елдерді біріктіретін спорт сынды жиындарда бәсекелес бола тұрып, қарусыз күресу барша әлемге қажет нәрсе. Бірақ елдер арасындағы барлық спорттық бәсекелесулер елдің имиджін түсіру, команда ішілік араздықтар және түрлі жарақаттар мен ыңғайсыздықтарды тудырады. Бірақ түпкі тамырында спорт бір елді көтеріп, екінші елді түсіруден тұрмайды. Спорт, қашан да, салауатты бәсекелестікті қолдаған. Сол себепті «спорттық дипломатия» тақырыбы қазіргі таңда тек бір елде ғана емес, жаһандық деңгейде үлкен мәселе болып табылады әрі бұл тақырыпты қозғау өте өзекті саналады.

Осы сынды мәселелер қазіргі күнге дейін шешімін таппаған сұрақтардың бірі болып күн тәртібінде тұрғаны анық. Бұл түрлі тәжірибелер мен кеңесулерді қажет ететіндігі белгілі болып табылады. Осы орайда мүмкін болар тетіктерді ұсынуды жөн санаймыз. Халықаралық спорт ұйымдарының дүниежүзілік спортқа тікелей қатысы бар екендігі белгілі. Соған байланысты Халықаралық Олимпиада комитеті, ФИФА және басқа да спорттық федерациялар бұл салада елеулі орынға ие әрі спорттың бейтараптығын сақтауда шешуші рөлді атқарады. Аталған ұйымдар саяси қысымнан тәуелсіз болып, түрлі идеологиялық және басқа да ұстанымдарды білдіруде халықаралық жарыстардағы жалғандықтарды болдырмау үшін тиісті істер жасауы тиіс. Бұдан бөлек, жарысқа қатысушылардың саяси бейтараптығы қамтамасыз етілуі тиіс. Әрине, әр адамның өз көз-қарасы мен ұстанатын принциптері бар. Алайда, саяси көз-қарастар жарыстар барысында ысырылып, барынша сөзге алынбағаны жөн. Қабылданған ережелер

деңгейінде спорттың саяси ықпалсыз сала болып қалуын қамтамасыз ету үшін саяси көзқарастарды білдіруде спорттық іс-шараларды пайдаланудың алдын алу маңызды саналады. Спорттағы аталған мәселелерді шешудің тағы бір жолы – мәдени дипломатияны дамыту. Себебі спорт елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтудың тиімді құралы ретінде әбден бола алады [4]. Спорт арқылы мәдени алмасуларды, түсіністік пен ынтымақтастықты жақсарту бағдарламаларын ұйымдастыру болып жатқан саяси қысымдарды азайтуға, сондай-ақ, спорттың бейбіт қарым-қатынас құралы ролінде маңыздылығын арттыруға көмектеседі. Оған қоса, әр мемлекет өз ішінде спортшылар мен жанкүйерлер арасында білім беруді және сыйластықты дамытқаны шарт. Мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды, толеранттылықты және пікірлердің әралуандылығын құрметтеудің маңыздылығы туралы білім адамдар арасындағы радикалды көңіл-күйді жеңілдетуі әбден мүмкін. Спортшылар мен жанкүйерлердің халықаралық жарыстар идеологияның күресі емес, спорттық шеберлік пен рухты білдіру мүмкіндігі екендігін түсінгендері шарт. Әлемдік мәселелерді шешуде санкциялар қолданылатындай, халықаралық спортта да айқын саяси араласулар жағдайында санкциялар ұйымдастырылуы керек деп ойлаймыз. Егер ел спортты саяси қысым жасау не болмаса өзге елдердің беделін түсіру мақсатында қолданылса, оған халықаралық турнирлерге қатысуда шектеу қойылған абзал деп санаймыз. Осылайша, спорттың қақтығыстарды нашарлатпай, әділ және ашық өткізілетіндігіне көз жеткіземіз. Әлемдегі тәртіпті сақтаудың тағы бір маңызды бөлігі – бұл ортақ ережелерден тұратын кодекс әзірлеу. Осындай кодекс тек саяси мақсаттарды көздеген елдер үшін спортқа араласуларын тежейтін болады. Сол себепті де спорттағы бейбітшілік кодексін қатысушы мемлекеттер мүмкін бола алатын саяси қайшылықтарды болдырмау үшін бірлесіп әзірлеулері қажет [5]. Спортты дұрыс мақсатта пайдаланумен бірге, елдер арасында диалог құралы ретінде де пайдаланған абзал. Себебі, жоғарыда айтылып кеткен, спорт шиеленістерді шешуші «көпір» ретінде үлкен маңызға ие болып табылады. Қарсылас мемлекеттердің қатысуымен бірлескен спорттық іс-шаралар мен турнирлерді ұйымдастыру шиеленісті азайтып, диалогты ілгерілетуге мүмкіндік туғызады. Осындай әсері үлкен мәселені шешу халықаралық спорт ұйымдарының, үкіметтердің және спорт қауымдастықтарының күш-жігерін қажет етеді. Спорт, шынымен де, бейтараптанған аймаққа айналуы үшін саяси тарапта қолданудан бас тартып, оның теңдік, бірлік және бейбітшілік сынды шынайы мақсаттарына назар аударған абзал.

### **Зерттеу нәтижесі**

Иә, саясат жаһандық бағыт болғандықтан, кез-келген салада қолданыла береді. Қазіргі уақытта, тіптен, әлемдік державалар жаһандық үстемдік үшін агрессивті бәсекелестікті жүргізіп жатқанын көреміз. Және олар әр бағытта өздеріне жағымды, ыңғайлы схемалар құрастыра бастайды әрі іс-қимылдардың барлық деңгейлерінде барлық мүмкін құралдарды қолданады. Олардың ішіне ақпараттық арандатулар, қаржылық алаяқтар, үгіт-насихат, экологиялық соғыстар жатады. Бұл «ақпараттық-экономикалық қару-жарақ» сайысында спортқа ерекше назар аударылады: халықаралық қатынастардағы

саяси ахуалды сақтау аясында спорт әлемдегі қаржылық-саяси үстемдікті нығайту құралы ретінде қолданылады [6][7]. Бұл халықаралық ауқымдағы спорттық жарыстарды өткізу құқығы үшін мемлекеттер арасындағы бәсекелестіктің күшеюін түсіндіреді. Біздің ойымызша, елдер арасындағы күрес тек спорттық жарыстарды өз елінде өткізу бойынша болуы тиіс. Және әділдік орнату мақсатында өткізілетін орындар, шама келгенше, екінші рет 10-15 жылдан кейін қайталануы керек. Бұл елдер арасында спорт бойынша максималды орын алатын қақтығыстар ретінде саналуы тиіс. Сонда ғана елдер арасында салауатты бәсекелестік орын алып, түрлі кикілжіңдердің мәртебесі төмендей түседі.

Жоғарыда ұсынылған, мүмкін болатын, шешімдерді қарастыра отырып спортқа қатысы бар халықаралық ұйымдардың ойнайтын рөлі ерекше екендігіне көз жеткіземіз. Спорттың саясатпен ұштасуы нәтижесінде қанша нашар тәжірибелері мен мысалдары болғанымен, спорттың елдің мәдени, тарихи мұрасын барша жұртқа паш ететіндігін де ұмытпаған жөн. Спорт арқылы белгілі бір мемлекет өзінің ұлттық ерекшеліктерін әлем жұртына көрсете алады. Бұл мемлекеттің экономикасына көптеген кірістер алып келуіне септігін тигізеді. Осының мысалы ретінде Қазақстанда ағымдағы жылдың 8-13 қыркүйек аралығында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын айта кетсек болады. Бұл Қазақстан үшін әлемдік аренаға шығудағы айырықша мүмкіндік болып саналды. Тоқсаннан астам мемлекет Қазақстанның жүрегі – Астана қаласында бақ сынаса отырып, өз мықтылықтарын көрсетті. Қазақстан да өз кезегінде берілген мүмкіндікті үздік деңгейде пайдаланып, елді халықаралық дәрежеде әр қырынан таныта түсті. Ойындар жүргізілген нысандарда барынша қазақи нақыштағы киімдер мен ұлттың ерекшелігін көрсететін дәстүрлі заттарымыз кеңінен насихатталды [8]. Зор үлесін тигізе білген еріктілерге де арнайылап қазақилықты көрсетер ұлттық киімдер де тігіліп, әдемі дизайнда құрастырылды. Этноауылда Қазақстанның әр аймағына арналған киіз үйлер тігіліп, ұлттық тағамдар дайындалды. Келген қонақтарға қазақтың сайын даласының ауасын сезіндіріп, балаларға арналған түрлі ұлттық ойындар әзірленді. Бұдан бөлек әр адам қымыз дәмінен жасалған балмұздақтарды татып көруге мүмкіндік алды. Алтыбақандар құрастырылып, ұлттық киім киген қазақ жастарының түйелерде жүруі шетелдіктердің көздерін тамсандырды. Әр бөлікке ерекше назар аударған ұйымдастырушылар үлкен еңбек атқарды десек те болады. Көшпенділер ойындары өткізілген аумақтардың әр бөлігі қазақ ұлтын толыққанды сипаттап тұрғандай болды. Қазақтың ұлттық заттары сатылымға шығарылып, шетелдіктер арасында үлкен танымалдылыққа ие болды. Бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындарға табыс әкелді. Жасалған үлкен іс-шара елге қызығушылығы бар туристтерді одан бетер тамсандыра түсті деген сенімдеміз [9]. Осы орайда спорттың туризм, экономика, әлеует – әр салада орнын тапқанын байқата түсті. Бізді қуантқаны да осы болды. Шынымен де, алыс жерлерден келген қонақтарымыз көздің жауын алар түрлі әшекей бұйымдарымыз бен ұлттың батылдығы мен тыныштығын қатар сипаттаған киімдерімізді шетелде киіп жүрсе, басты мақсатымыз сол. Бұл ұлттық кодты жоғалтып алмаудағы жасалған басты әрі нақты қадамдардың бірі ретінде қарастырсақ болады. Біздің мемлекетіміз, дәстүрі мен діні біте қайнасқан, ел ретінде барша шетел жұртын таңғалдырды. Ата-

бабаларымыздың мұра етіп қалдырып кеткен ойындары мен дәстүрлерін шетелдіктер назарына салу маңызды әрі үлкен қадамдардың бірі болды. Біз – номадтардың ұрпақтары көшпенділер ойындарының қас шеберлері екендігімізді көрсетіп, көрші халықтар алдында ғана емес, әлем алдында өзіміздің мықты тарихымыз бен терең рухымызды паш еттік. Қазақстанды ел ретінде танымаған мемлекеттер қазақ жеріне келіп өз өнерлерін көрсетумен қатар, қазақтың сайын даласының әдемілігін, оның күйін, сезімін қазақ жұртымен қатар сезініп, сол сарынға енді. Бұл ойындардың Қазақстан үшін маңызы зор болды. Болашақта көшпенді спорт түрін ары қарау жандандыру мақсатында өз елімізде осы сынды ауқымды іс-шаралардың талайын өткіземіз деген ниеттеміз.

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, тарихи мысалдар мен заманауи тәжірибелер спорттық дипломатияның халықаралық қатынастардағы тиімділігін дәлелдейді және оның әлеуетін аша түседі. Әлемдік деңгейде спорттық дипломатия алдағы уақытта назардан тыс қалмайтыны сөзсіз, өйткені әлем елдері оны дәстүрлі дипломатияның қосымша құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық қатынастарды дамытудың дербес бөлшегі ретінде де пайдаланатын болады. Спорттың эмоционалды құрамдас бөлігі мен оның негізінде жатқан жалпы түсінікті құндылықтардың арқасында спорттық дипломатияны мемлекеттің «жұмсақ күші» деп санауға әбден болады. Себебі ол ұлттар мен мәдениеттердің ортақ нүктесі болып табылады, бұл оны екіжақты және көпжақты өзара бейбіт әрекеттесудің әмбебап құралына айналдырады деген сенімдеміз.

#### **Авторлардың қосқан үлесі.**

**А.К. Мухамедгалиева** – әдебиетпен жұмыс, материалдар жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

**Б.Ж. Абжаппарова** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Наумов А.О. Спортивная дипломатия как инструмент «мягкой силы» // *Мировая политика*. – 2017. - №4. – С. 32-43.
2. Спортсмены из Южной Кореи и КНДР сделали совместное селфи. Для них спорт вне политики [Электронный ресурс] – 2024. URL: <https://www.sport-express.net/olympics/summer/reviews/sportsmeny-iz-yuzhnoy-korei-i-kndr-sdelali-sovmestnoe-selfi-na-olimpiade-2024-podrobnosti-2238780/> (дата обращения: 05.06.2024).
3. Ткаченко А.И., Носкова Н.А. Спортивная дипломатия в современном мире // *Правовые, экономические и гуманитарные вопросы современного развития общества: теоретические и прикладные исследования / Сборник научных трудов. Вып. 11 // под общ. ред. Л.А. Демидовой, Т.А. Куткович. – Новороссийск: Новороссийский институт (филиал) АНО ВО МГЭУ, 2023. – С. 126-129.*

4. Пономарева Е.А. Через дипломатию к олимпизму: вызовы современности // Олимпийский бюллетень. – Москва, 2020. – №21. – С. 24-33.
5. 강대룡 한국의 스포츠외교 정책과 국제정치 패러다임과의 관계 / 강대룡. 서울, 2006. – 81 쪽.
6. 유호근 현대 스포츠 외교사 : 올림픽을 중심으로 / 유호근. 경기도, 2015. – 274 쪽
7. 윤강로 스포츠외교론 / 윤강로. 서울, 2012. – 391 쪽
8. 5th World Nomad Games [Электронды ресурсы] – 2024. URL: <https://worldnomadgames.kz/en/news/ob-igrah> (қаралған күні: 05.06.2024).
9. Fifth World Nomad Games Conclude with Kazakhstan Leading Medal Standing [Электронды ресурсы] – 2024. URL: <https://astanatimes.com/2024/09/fifth-world-nomad-games-conclude-with-kazakhstan-leading-medal-standing/> (қаралған күні: 05.06.2024).

**А.К. Мухамедғалиева, Б.Ж. Абжаппарова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Спорт как язык дипломатии: укрепление связей путем проведения соревнований**

**Аннотация.** В статье рассматривается роль спорта в укреплении мира и согласия между странами на международной арене, особенно о важности спортивной дипломатии. Эффективность использования спорта для разрешения конфликтов, возникающих в международных отношениях, продемонстрирована на исторических примерах. Например, «дипломатия крикета» между Индией и Пакистаном или «дипломатия пинг-понга» между Китаем и США доказывают влияние этого вида спорта на установление единства и взаимопонимания. Также предполагается, что встречи Корейской Народно-Демократической Республики и Республики Корея в сфере спорта помогли снизить уровень напряженности. В статье также рассматривается превращение спорта в инструмент политического давления, особенно на Олимпийских играх и других крупных соревнованиях, где происходят политические конфликты между спортсменами и странами. В целях повышения влияния спорта на мир и дружеские отношения между странами предлагаются такие решения, как сохранение нейтралитета международных спортивных организаций, развитие культурной дипломатии, внедрение общих правил и кодексов. Также отмечается, что спорт играет особую роль в продвижении туризма и национального культурного наследия. Это более подробно было изучено на примере V Всемирных игр кочевников, проходивших в Казахстане, в городе Астана. Кроме того, подчеркивается важность рассмотрения спорта как пути к единству и миру, а не использования его в качестве политического инструмента на международном уровне.

**Ключевые слова:** спорт, международные отношения, политика, мир, соревнования, напряженность, язык дипломатии, противоречия, культура, дипломатия, политическое давление, отношения, экономика

**A.K. Mukhamedgaliyeva, B.Zh. Abzhapparova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Sport as the language of diplomacy: strengthening ties through competitions**

**Abstract.** The article examines the role of sport in strengthening peace and harmony between countries in the international arena, especially the importance of sports diplomacy. The effectiveness of using sports to resolve conflicts arising in international relations has been demonstrated by historical examples. For example, the "diplomacy of cricket" between India and Pakistan or the "diplomacy of ping pong" between China and the United States prove the influence of this sport on the establishment of unity and mutual understanding. It is also assumed that the meetings of the Democratic People's Republic of Korea and the Republic of Korea in the field of sports helped to reduce the level of tension. The article also examines the transformation of sport into an instrument of political pressure, especially at the Olympic Games and other major competitions, where political conflicts between athletes and countries occur. In order to increase the influence of sports on the world and friendly relations between countries, solutions such as maintaining the neutrality of international sports organizations, developing cultural diplomacy, and introducing common rules and codes are proposed. It is also noted that sport plays a special role in promoting tourism and national cultural heritage. This was studied in more detail on the example of the V World Nomad Games, held in Kazakhstan, in the city of Astana. In addition, the importance of considering sport as a path to unity and peace, rather than using it as a political tool at the international level, is emphasized.

**Keywords:** sport, international relations, politics, peace, competition, tension, language of diplomacy, contradictions, culture, diplomacy, political pressure, relations, economy

### **References**

1. Naumov A.O. Sportivnaya diplomatiya kak instrument "myagkoi sily" [Sports diplomacy as a tool of «soft power»], *Mirovaya politika* [World Politics], 4, 32-43 (2017). [in Russian]
2. Sportsmeny iz Yuzhnoi Korei I KNDR sdelali sovmestnye selfi. Dlya nikh sport vne politiki [Athletes from South Korea and North Korea took a selfie together. For them, sport is outside politics] [Electronic resource]. Available at: <https://www.sport-express.net/olympics/summer/reviews/sportsmeny-iz-yuzhnoy-korei-i-kndr-sdelali-sovmestnoe-selfi-na-olimpiade-2024-podrobnosti-2238780/> (Accessed: 05.06.2024). [in Russian]
3. Tkachenko A.I., Noskova N.A. 2. Sportivnaya diplomatiya v sovremennom mire [Sports diplomacy in the modern world], *Pravovye, ekonomicheskie I gumaniternye voprosy sovremennogo razvitiya obshchestva: teoreticheskie I prikladnye issledovaniya. Sbornik nauchnykh trudov*. [Legal, economic and humanitarian issues of modern development of society: theoretical and applied research], [Collection of scientific papers. No 11. Under the general editorship of L.A. Demidova, T.A. Kutkovich] (Novorossiysk Institute (branch) of the ANO IN MGEU, Novorossiysk, 2023. - P. 126-129). [in Russian]
4. Ponomareva E.A. Cherez diplomatiyu k olimpizmu: vyzovy sovremennosti [Through diplomacy to Olympism: challenges of modernity], *Olimpiiskii byulleten'* [Olympic Bulletin], 21, 24-33 (2020). [in Russian]

5. 강대룡 한국의 스포츠외교 정책과 국제정치 패러다임과의 관계 / 강대룡. 서울 [Kang Dae-ryong Korea's relationship with Sports Foreign Policy and international political Paradigm / Kang Dae-ryong. Seoul], 2006. – 81 쪽. [in Korean]
6. 유호근 현대 스포츠 외교사 : 올림픽을 중심으로 / 유호근. 경기도 [Yoo Ho-geun Modern Sports Diplomatic History : Centered on the Olympics / Yoo Ho-geun. Gyeonggi-do], 2015. – 274 쪽. [in Korean]
7. 윤강로 스포츠외교론 / 윤강로. 서울 [Yoon Kang-ro Sports Diplomacy / Yoon Kang-ro. Seoul], 2012. – 391 쪽. [in Korean]
8. 5th World Nomad Games – 2024. [Electronic resource]. Available at: <https://worldnomadgames.kz/en/news/ob-igrakh> (Accessed: 05.06.2024)
9. Fifth World Nomad Games Conclude with Kazakhstan Leading Medal Standing – 2024. [Electronic resource]. Available at: <https://astanatimes.com/2024/09/fifth-world-nomad-games-conclude-with-kazakhstan-leading-medal-standing/> (Accessed: 05.06.2024)

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Мухамедгалиева А.К.** – Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Абжаппарова Б.Ж.** – тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Mukhamedgaliyeva A.K.** – undergraduate student of the Department of Oriental Studies Faculty of International relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Abzhapparova B.Zh.** – Doctor of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



IRSTI 11.01.65  
Scientific article

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-232-242>

## China's Cultural Initiatives after the Policy of "Opening up and Reform"

D.B. Dauyen<sup>1</sup>, Z.U. Iskakova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: [dinara\\_dauen@mail.ru](mailto:dinara_dauen@mail.ru), [iskakovaz13@mail.ru](mailto:iskakovaz13@mail.ru))

**Abstract.** The article analyzes the main political, economic, and trade factors, including the most important changes and initiatives of China in the cultural sphere after the policy of "openness and reform". That is, since 1978, which plays an important role in the history of this China, what cultural achievements and discoveries have occurred in the People's Republic of China in the 45 years from this policy to the present day, its impact and benefits to society will be directly considered, and the results and analytics will be considered. The fullness of this policy with the transformational process and the role of the cultural sphere in a modernizing society will be emphasized. In general, this policy of "openness and reform" is a leading indicator and result of the development of Chinese culture. This is because, within the framework of this policy, China's cultural industry has developed over time, armed with the idea of liberating consciousness and expanding commitment, constantly promoting reforms and increasing transparency. From beginning to end, Chinese culture has retained a broad outlook, generosity, and a spirit of tolerance, which allowed it to embark on the path of developing a culture of socialism with Chinese identity.

**Keywords:** policy of "openness and reforms", cultural modernization, transformational processes, cultural policy.

### Introduction

Ескерткіште ұсынылған сөздерді мағыналық топтарға бөлуіміз керек. Мысалы, өсімдік пен жануар атаулары, қару-жарақ атаулары, шаруашылық пен кәсіпке қатысты сөздер және тағы басқа. Бірақ еңбектегі сөздерді әр жерінен мысалға алып талдамай, еңбектің құрылымына, сөздіктегі мағыналық, тақырыптық топтарға назар аударуымыз қажет. Бұл біздің дереккөздерді іздеуімізді жеңілдетеді. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінің негізгі тарауларын А.Н.Гаркавецтің жіктеуі бойынша негізгі тарауларды анықтауға болады. Жазба ескерткіші басты төрт бөлімнен тұрады. Бірінші тарауы қыпшақ тіліндегі атау сөздерді қамтыған. Екінші тарауда етістіктер мен қалау райлы етістіктер берілген. Үшінші бөлімде де есім сөздер мен етістіктер қоса берілген. Төртінші тарау мұраның ерекше бөлімі саналады. Еңбектің практикалық бөлігі деп атауға болады, онда сөздердің айтылуы көрсетілген.

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің бірінші бөлімнің лексикалық қоры бірнеше тараушаларға ажыратылады. Бірінші тараушаны аспан және *аспан денелеріне қатысты сөздер жиынтығы* деп қарауға болады. Еңбекте қыпшақ тіліндегі сөздермен қатар оғыз диалектісі бірге жүреді. Мұны автордың өзі айқындап өткен. Мысалы, қазіргі «жаңбыр» сөзі қыпшақ тілінде «*yamğur*» болса, оғыз диалектісінде «*yağmur*», ал «найзағай» сөзі қыпшақ тілінде «*yaşın*», оғыз тілінде «*yulduz*» нұсқаларында келеді [9, 321]. Қыпшақ тіліндегі сөздердің лексикалық ерекшелігін талдау мақсатында оғыз диалектісін шартты түрде қалыс қалдыруымыз қажет. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішіндегі аспан және аспан құбылыстарының атаулары: *kök (аспан), kıyır (аспан), kün (күн), kıyaş (күн сәулесі), ay (ай), aydın (ай жарығы), yulduz (жұлдыз), tuman (тұман), yamğur (жаңбыр), yel (жел), burçaq (бұршақ), buz (мұз), savıq (суық), issi (ыстық), yaşın (жасын, найзағай)*. Сонымен қоса *ай фазаларына байланысты уаһи ай (жарты ай), ay tolun (толық ай)* атаулары кездеседі. Бұл топтағы кей сөздер көп мағыналы болып келеді. Мысалы, *kök (көк)* атауы

«аспан» мағынасын және аспан реңін білдіретін көк түс атауын білдіреді. Сонымен қоса қыпшақ тілінде бұл сөз тұқым және тамыр ұғымдарын да береді. Қыпшақ тіліндегі «ау» аспан денесі атауынан бөлек қазіргі қазақ тіліндегідей күнтізбелік ай мағынасында да жұмсалған.

А.Н. Гаркавецтің топшалауы бойынша еңбектің моңғол бөлімінде біздің қолымыздан тыс қалған түркологиялық жазбалар бар. Соның ішінде жеке тұлғалар жөнінде екі бөлім бар. Мұнда 11 ер адамның және 6 әйел адамның қыпшақ тіліндегі есімдері моңғол тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылған (олардың ішінде аспан денелеріне қатысты кісі есімдері кездеседі). Олар: *Aybek* (Айбек), *Aytoğdy* (Айтуды), *Küntoğdy* (Күнтуды), *Aytemür* (Айтемір) сияқты ер адамның есімдері және *Ayhatun* (Айқатын), *Künhatun* (Күнқатын) сияқты әйел есімдері [9, 7]. Сонымен қоса аспан денелерінің жеке атауы да ұшырасады. Мысалы, *Ülkär* (Үркек жұлдызы).

Ескерткіш мәтініндегі келесі бір лексикалық топ *жер және жер бедеріне қатысты атаулардан* тұрады. Бұл топтағы лексикалық бірліктер де сол кезеңдегі қыпшақ тілін, сөздік құрамын танытады. Қыпшақ тіліндегі баламасымен қатар қолданылаған басқа тіл бірліктері де еңбекте қамтылған. Мысалы, қыпшақ тіліндегі «kerman» (қала) сөзімен қатар парсы тіліндегі «šähär» (қала) сөзі де берілген [9, 327]. Бұл сөздер бәріне ұғынықты болып, қатар қолданыста болған. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегіндегі жерге байланысты және жер бедеріне қатысты атаулар: *topraq* (топырақ), *qum* (құм), *qayır* (қиыршық тастар, ұсақ тастар), *taş* (тас), *oy* (алқап), *in* (үңгір), *yol* (жол), *yurt* (елді мекен), *yaban* (шөлді дала), *quru* (құрғақ жер). Тау сөзінің қыпшақ тілінде екі нұсқасы кездеседі. Олар: «tağ» және «dağ». Бұл топта бірнеше көп мағыналы сөздер бар. Қыпшақ тіліндегі «уег» сөзі жер, жер телімі, біреудің орны мағыналарында қолданылады. Көне қыпшақ тіліндегі «уаг» сөзі жартас әрі жағалау мағынасында, «уазы» сөзі жазық дала әрі шөлді дала мағынасында қолданылған.

Көне мұраның авторы осы тақырыпта қала, тұрғын жай, құрылыс салаларына қатысты сөздерді де қоса қараған. Бұл жерден қыпшақ бірліктерімен қоса, араб және парсы тіліндегі баламалардың да қатарын бергенін байқауға болады. Сол кезеңде қыпшақ тіліне араб және парсы сөздері еніп үлгерген және тұрақты қолданыс тапқан деп топшылауға болады. Мысалы, «*serāy*» (сарай), «*dīvār*» (қабырға, қамал), «*kilit*» (кілім), «*hissar*» (қоған). Бұл сияқты отырықшылық мәдениетке қатысты тілдік бірліктер араб және парсы тілдерінен келіп енген [9, 325-27]. Қыпшақтар көшпелі тұрмыс кешкендіктен жаңа зат атауы басқа тілдерден еніп отырған.

Жазба ескерткіштің келесі бір тобын *су көздері және оған қатысты зат атаулары* құрайды. Су көздерінің атауларына *su* (су), *teñiz* (теңіз), *özen* (өзен), *bulaq* (ағын, бұлақ), *köl* (көл, шұңқыр), *köz* (су көзі, бұлақ көзі), *tärin su* (терең су), *taşkın su* (тасқын су), *kirän su* (жиналған су), *aqar su* (ағынды су), *teñiz kıyığı* (теңіз жағалауы) және тағы басқа да сөздерді атауға болады. Осы топта да қыпшақ-оғыз диалектілігі кездеседі. Мысалы, қыпшақ тілінде «уигтақ» (бұлақ), ал оғыз тілінде «риғар» (су көзі) халық тілінде қатар қолданысқа ие болған. Автор тарихи сөздікті құрастыру барысында осы тақырыптағы екінші лексикалық топқа суға қатысты қолданылып жүрген сөздерді енгізген. Олардың қатарында *balıq* (балық), *qurbağa* (құрбақа), *sülük* (сүлік) сияқты су жануарлары мен *käti*



(*кеме*), (*katırğa*) теңіз кемесі секілді сөздерді кездестіруге болады. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қыпшақ тілі лексикасының қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорында сақталғанын байқау қиын емес.

Сөздерді қолдану тарихын сипаттау – олардың мағыналырының эволюциясын қарастыру деген сөз [10, 182]. Сөз мағынасының тарихы тек дамумен сипатталмайды. Сөз мағынасының ауысуы, күңгірттенуі, тарылуы, жойылуы да мүмкін. Мұның барлығы тарихи үрдіс ретінде танылып, олардың мәні осындай жазба ескерткіштердің лексикалық қорын талдау барысында таныла түседі.

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» жазба ескерткіші – мәмлүк қыпшақтар тілінің лексикасын танытатын негізгі сөздіктердің бірі. Басты ерекшеліктерінің бірі әр сала сөздерін топтастыра алуында және көп тілді сөздік түрінде ұсынылуында. Сөздік қоры жөнінен қыпшақ және оғыз диалектісін ажыратуға болады. Дегенмен сөздердің басым көпшілігі қыпшақ тіліне қатысты. Еңбектен сөздердің мағыналық топтарын ажырата қарауға болады. Соның негізінде аспан және аспан денелеріне қатысты сөздер, жер және жер бедеріне қатысты сөздер, су көздері және суға байланысты сөздер тобы ажыратылып, қазіргі қазақ тіліндегі баламасы ұсынылды. Таладау нәтижесінде қыпшақ лексикасының қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын құрағанына көз жеткіземіз. Еңбекте жалқы есімдер де кездеседі. Сонымен қоса кейбір лексикалық бірліктердің антропоним жасауда белсенді қолданылғанын байқауға болады. Қазақ тіліндегі араб және парсы тілдерінің бірліктерінің енуі қыпшақ кезеңінен бастау алатынын дәлелдеуге болады. Мәмлүк қыпшақтары тілі араб, парсы, моңғол тілдерінен сөз қабылдаған және олар қазіргі қазақ тілінде сол қалыбында қолданылып келеді.

## **Қорытынды**

Мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері қазіргі қазақ тілінің тарихи мұраларына жатады. Тарихи кезеңдері, сақталу географиясы, жазу әліпбиі, жазылу себебі бөлек болып келетін қыпшақ мұралары кешенді зерттеуді талап етеді. Аталған топтардағы жазба ескерткіштердің әрқайсысы әр елде, әр мәдени орындарда, әр мемлекеттерде сақталып, ғалымдар назарына іліккендері жаңадан басылып шығып жатты. Зерттеулер де сол жаңа басылым негізінде жүргізілді. Бұл жазба мұралардың Қазақстанда сақталмағанын ескерсек, жаңа басылымдардың қазақ тілінде жарық көрмегені де белгілі. Қыпшақ жазба мұралары қазақстандық ғалымдар еңбегінде анықтамалар, түсіндірмелер, мысалдар негізіндегі шағын талдаулар түрінде көрініс берді. Кейбір ғалымдар жекелеген қыпшақ мәтіндеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде қыпшақтанудың бағыт-бағдары айқындала бастады десек те жаңылыспаймыз. Қыпшақтанудағы бірінші міндет мұраларды топтау, жинақтау, дәуірлеу болса, келесі міндет оларды жеке-жеке әрі бірлікте қарастырып, теориялық негіз қалыптастыру. Қазіргі уақытта мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткішіне жеке-жеке зерттеулер арналуда.

**Қаржыландыру.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында жазылды (AP19679974).

**Авторлардың қосқан үлесі:**

**Қ.К. Кенжалин** – мақала материалдарын саралап, талдау жасауға пайдалы деректер жинақтауға ат салысты;

**Н.Қ. Шалғынбай** – мақаланың тұжырымдамасына, мақала тақырыбына қатысты материалдарды оқып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1971. – 276 б.
2. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
3. Қайыржан К. Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер», 2013. - 480 б.
4. Сәки Қ. Қыпшақ мәмлүктер. – Астана: «Фолиант», 2006. – 464 б.
5. Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: «Қазақстан», 1966. – 210 б.
6. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Арыс», 2004. – 360 б.
7. Toparlı R. Çögenli S. Nevzat H.Y. Kitab-i mecmü-i türki ve acemi ve mugali. – Ankara, 2000. – 165 б.
8. Әлібекұлы А. Мәмлүктер кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2008. – 176 б.
9. Гаркавец А.Н. Китаб-и Маджму-и Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О.О. Туякбаева. – Алматы: «Баур», 2019. – 600 с.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Т.4. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 б.

**Қ.К. Кенжалин, Н.Қ. Шалғынбай**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

**Лексические особенности памятника «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали»**

**Аннотация.** Произведения, написанные на древнекипчакском языке, имеют разные места написания, используемые надписи, цели в написании, исторические периоды. Не все такие памятники сохранились. Одна из их групп считается наследием мамлюкских кыпчаков. Количество наследств невелико. Текст кыпчакской надписи «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» отличается своей масштабностью. Этот письменный памятник написан на языке кипчаков в египетском государстве. При написании текста памятника использовалась арабская письменность. Словарный раздел текста полностью сохранен.

Язык мамлюкских кыпчаков в Египте считается не до конца изученной темой. Одной их группе посвящается исследовательская работа. Но перевод на казахский язык, их полное изучение не реализуются. Памятнику письменности «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» были даны разъяснения и посвящены отдельные научные статьи. Но полного анализа лексического фонда памятника не проводилось. Труд «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве

ажеми ве мугали» в свое время служил словарем и учебным пособием для овладения кыпчакским языком. Этот труд доказывает господство кыпчаков в Египте и может отражать словарный запас кыпчакского языка. Поэтому важно провести анализ лексического запаса этого труда.

**Ключевые слова:** кыпчаковедение, лексика, кыпчакский язык, памятник исторической письменности, мамлюкские кыпчаки.

**K.K. Kenzhalin, N.K. Shalgynbay**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **The Lexical Features of the monument «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali»**

**Abstract.** Works written in the ancient Kypchak language have different places of writing, inscriptions used, purposes in writing, historical periods. Not all such monuments have been preserved. One of their groups is considered to be the legacy of the Mamluk Kypchaks. The number of inheritances is small. The text of the Kypchak inscription «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali» is distinguished by its scale. This written monument is written in the language of the Kypchaks in the Egyptian state. Arabic script was used when writing the text of the monument. The vocabulary section of the text is completely preserved.

The language of the Mamluk Kypchaks in Egypt is considered an under-studied topic. A research paper is dedicated to one of their groups. But the translation into the Kazakh language and their full study are not implemented. Explanations were given and separate scientific articles were devoted to the monument of writing «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali». But a full analysis of the lexical fund of the monument was not carried out. The work «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve Mugali» at one time served as a dictionary and textbook for mastering the Kypchak language. This work proves the dominance of the Kypchaks in Egypt and may reflect the vocabulary of the Kypchak language. Therefore, it is important to analyze the lexical stock of this work.

**Keywords:** Kypchak studies, vocabulary, Kypchak language, monument of historical writing, Mamluk Kypchaks.

#### **References**

1. Aidarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. Kone turki zhazba eskertkishterinin tili [The language of ancient Turkic written monuments] (Mektep, Almaty, 1971, 276 p.). [in Kazakh]
2. Kaliyev B. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, 2014, 728 p.). [in Kazakh]
3. Kairzhan K. Soz - sandyk: Kazaktyn kone sozderi [Word-digital: ancient Kazakh words] (Oner, Almaty, 2013, 480 p.). [in Kazakh]
4. Saki K. Kypshak mamlukter [Kypchak Mamluks] (Foliant, Astana, 2006, 464 p.). [in Kazakh]
5. Ezhelgi madeniet kualary [Witnesses of ancient culture] (Kazakhstan, Almaty, 1966, 210 p.). [in Kazakh]

6. Kaidar A., Orazov M. Turkitanuga kirispe [introduction to Turkology] (Arys, Almaty, 2004, 360 p.). [in Kazakh]
7. Toparlı R., Çögenli S., Nevzat H.Y. Kitab-i mecmü-i türki ve acemi ve mugali [Book-i majmu-i turki and novice and mugali] (Ankara, 2000, 165 p.). [in Turkish]
8. Alibekuly A. Mamlukter kezindegi turki-kypshak adebieti [Turkic-Kypchak literature of the Mamluks] (Arda, Almaty, 2008, 176 p.). [in Kazakh]
9. Garkavets A.N. Kitab-i Madzhmu-i Tardzhuman-i Turki va Adzhami va Mugali va Farsi. «Svodnaya kniga perevodchika po-turkski, i po-persidski, i po-mongol'ski, i na farsi» Halila bin Mukhammada bin Iusufa al-Kunavi / Pri uchastii O.O. Tuyakbaeva [«The consolidated book of the translator in Turkic, and in Persian, and in Mongolian, and in Farsi» by Khalil bin Muhammad bin Yusuf al-Kunawi / With the participation of O.O. Tuyakbayev] (Baur, Almaty, 2019, 600 p.). [in Russian]
10. Syzdykova R. Sozder soileidi. T.4. [The words speak. Vol. 4] (El-shezhire, Almaty, 2014, 412 p.). [in Kazakh]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Кенжалин Қ.К.** – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.  
**Шалғынбай Н.Қ.** – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Kenzhalin K.K.** – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Shalgynbay N.K.** – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 16.21.07  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-253-264>

## Метеонимдердің паремиялық мағынаның дамуына әсері

Н.В. Милованова<sup>ID</sup>, М.Қ. Ескеева\*<sup>ID</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [natushkakz@mail.ru](mailto:natushkakz@mail.ru), [yeskeyeva@mail.ru](mailto:yeskeyeva@mail.ru))

**Аңдатпа.** Адамзаттың қоршаған ортаны танып-білуі олардың табиғи құбылыстарды қабылдау ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асатындықтан, тілдегі метеорологиялық атаулар ең көне лексикалық қабатқа жатады. Этномәдени мазмұны терең метеонимдер мақал-мәтелдер құрамында да кездеседі. Әрбір халықтың дүниетанымы мен мәдениеті жайлы мол ақпарат беретін мақал-мәтелдер құрамындағы метеонимдердің паремиялық мағынаны түрлендіру әлеуеті жоғары. Мақалада қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тобына жататын тілдердегі метеонимдер қатысқан паремиялық параллельдердің семантикалық табиғаты қарастырылады. Паремиялық мағынаның қалыптасуы мен дамуындағы метеонимдердің қызметі талданып, олардың мақал-мәтелдер мағынасының модификациялануына тікелей әсер ететіні айқындалады. Құрамында метеонимдер қолданылған мақал-мәтелдердің семантикалық құрылымындағы үш деңгейдің – синтаксистік құрылымның дәлме-дәл тура мағынасы мен логикалық негізде анықталатын жалпылама мағынаның, өмірдегі түрлі жағдайға байланысты қолданылатын жағдаяттық немесе прагматикалық-функционалдық мағынаның сабақтастығы метеорологиялық лексиканың семантикалық өрісі негізінде анықталады.

**Түйін сөздер:** түркі тілдері, метеоним, мақал-мәтелдер, паремиялық мағына, семантикалық құрылым, семантикалық модификация, прагматикалық-функционалды мән.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

## Кіріспе

Адам ақыл-ойының құрылымын анықтауды онтологиялық негізде қарастыратын антропологияның зерттеу тетіктерінің негізгісі – тіл. Тіл – адамзат болмысын айқындайтын ой-сана мен дүниетаным ерекшеліктерін, тіршілік пен іс-әрекет факторларын бойына сіңірген шексіз ақпарат көзі. Табиғаттағы саналы тіршілік иесі ретіндегі адамзаттың ерекше қасиеті, қарым-қабілеті өз тілін түрлендіре білуінде, яғни өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін немесе өзінің психологиялық жай-күйі мен қоршаған орта жайлы көзқарасы мен пікірін білдіру үшін тілдің шексіз мүмкіндігін қолдана білуімен дараланады. Тілдің ақпараттық мазмұны жеке лексемалардың семантикалық өрісімен қатар олардың басқа тілдік бірліктермен қатынасқа түсуі арқылы қалыптасатын синтаксистік, дискурстық мән-мазмұны әлемдегі барлық ұғымдар мен үдерістерді әртүрлі деңгейде сипаттауға әлеуетті.

Адамзаттың өзін-өзі және қоршаған ортаны танып-білуі ең алдымен табиғатты танып-білуге деген талпынысынан басталады. Себебі әрбір этностың дүниетанымы өзі өмір сүріп жатқан табиғи ортамен тығыз байланысты қалыптасып, дамып-жетілетін құбылыс. Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын мекендеп, жартылай көшпелі ғұмыр кешкен түркі халықтарының өмір-салты табиғат пен кеңістікті танып-білуді, бағыт-бағдарын белгілеуді, уақыт өлшемін мөлшерлеуді, тұрмыс-тіршілігін, өмір салтын соған сай құруды талап етті: «Далалықтар үшін көшпелі өмір салты табиғи-географиялық дара бітімдегі ортаға бірден-бір үйлесетін, аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын ең ұрымтал базистік негіз болған. Мыңдаған жылдарға созылған биосферамен үндес өмір ырғағы табиғаттың өзіндей табиғи-мәдени ортаны дүниеге әкелген. Өзі мекен еткен кеңістіктің барша қадір-қасиетін танып-білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен шендестіре зерделеуге машықтану – Еуразия көшпелілері үшін өмір сүрудің кепілі» [1; 21, 195 бб.]. Табиғатты жатсынбай, оны өз болмысының құрамдас бөлігі санаған түркі халықтарының өмір салты табиғи құбылыстарға бейімделе отырып, соған сәйкес іс-әрекет арқылы рухани және материалдық игіліктерді игеруімен ерекшеленеді.

Түркі халықтарының адам, табиғат, табиғи құбылыстар, жалпы ғалам туралы көзқарастары да олардың мәдениеті мен тілі арқылы айқындалатын қарапайым дүниетанымынан өрбіп, ақиқат шындықты тануына, табиғатқа бейімделе тіршілік етуіне ықпал етті. Түркілік мәдениеттің даралығын айқындайтын тілдік бірліктер атмосфералық құбылыстарды сипаттайтын метеонимдерді де қамтиды. Түркі тілдеріндегі метеонимдердің этномәдени мазмұны мақал-мәтелдер құрамында тереңдей түседі. Түркі халықтарының мақал-мәтелдерін салыстырмалы тұрғыдан саралау жалпы түркілік дүниетаным мен жекелеген түркі халықтарының даралық болмыс-бітімінің ара жігін ажыратуға жол ашады. Бұл мәселенің түркітану ғылымындағы маңыздылығын айқындайды. Метеонимдер қатысатын мақал-мәтелдердің мазмұнын салыстыра зерттеу жалпы түркілік паремологиялық жүйенің даму ерекшеліктерін шамалауға, жекелеген лексиканың семантикалық өрісінің ауқымын анықтауға ықпал ететін өзекті мәселе.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері** – түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер құрамындағы метеонимдердің паремиялық мағынаның деңгейлік дамуына әсерін анықтау;

тура мағына мен жалпы логикалық және жағдаяттық мағыналардың уәждік негіздерін саралау; түркі мақал-мәтелдерінің мазмұнында сақталған жалпы түркілік дүниетаным мен әр халыққа тән даралық болмысты шамалау.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу материалдарына түркі тілдерінің мақал-мәтелдер жинақтары алынды. Мақал-мәтелдер күрделі лингвистикалық құрылым ретінде кешенді зерттеу әдістерін қолдануды талап етеді. Зерттеу барысында дәстүрлі сипаттау, жүйелеу тәсілдері; салыстырмалы-синхронды талдау әдісі; семантикалық талдаудың абстракциялықтан нақтылыққа көшу әдісі, жалпылау және даралау тәсілі пайдаланылды. Паремия құрамындағы метеонимдердің мазмұндық аясын анықтауда дистрибутивті талдау; жалпы паремиологиялық мағынаны анықтау барысында семантикалық бірегейлендіру әдісі, паремиялық мағынаның деңгейлерін ажыратуда компоненттік талдаудың элементтері; паремия мағынасына нақты және дифференциалды түсініктеме беру үшін интроспекция әдісі пайдаланылды. Зерттеу барысында қолданылған лингвистикалық және танымдық-логикалық амал-тәсілдер паремиялық мағынаның деңгейлері арасындағы қатынасты анықтауға мүмкіндік береді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Түркі тілдеріндегі атмосфералық-метеорологиялық құбылыс атауларының арнайы зерттеу нысанына алынуы өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталады. Бірнеше түркі тілдері деректерін салыстырмалы-тарихи аспектіде, құрылымдық тұрғыдан қарастырған Л.В. Данилова түркі тілдеріндегі метеорологиялық лексика негізінен ортақ болып келетінін көрсете отырып, олардың морфологиялық құрылымына талдаулар жасайды, әр тілге тән фонетикалық ерекшеліктерді айқындайды [2; 20 с.]. Орал-Еділ аумағындағы қыпшақ тілдері бойынша бір буынды түбір-негіздерді жан-жақты зерттеген А. Шайхуловтың еңбегінде «Ауа. Әуе кеңістігі. Климат. Ауа райы» тақырыбына қатысты когнитивті ұғымдардың бір буынды тілдік бірліктері сараланады [3; С. 327-360]. Түркі тілдеріндегі метеорологияға [4; 13-49 с.], ауа райына (климат) [5; С. 352-371] қатысты жалпы түркілік сөздердің лексика-семантикалық сипаттамалары жасалды. Сондай-ақ қазақ тілі бойынша – Н. Базылхан, қырғыз тілі бойынша – К. Сағындықова, башқұрт тілі бойынша – А. Искандаров, әзербайжан тілі бойынша – В. Джафаров, өзбек тілі бойынша – Д. Ваккосова, А. Аликулов, т.б. зерттеушілер метеонимдерді құрылымдық және антропоэлектік парадигмалар аясында арнайы қарастырды.

Зерттеушілердің пікірі бойынша метеорологиялық лексиканың құрамында «кірме сөздер кездеспейді; туынды мағына негізінде қалыптасқан сөздер жоқтың қасы; керісінше, олар өздері семантикалық даму мен ауыспалы мағынаның жасалуына негіз болады. Бұл метеорологиялық лексиканың көнелігін сипаттайды» [6; 21 с.].

Түркі тілдерінің көне қабаттарына жататын метеонимдер мақал-мәтелдер құрамында жиі кездеседі. «Мақал-мәтелдер белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен барлық болмысының куәгері іспеттес оның дүниетанымы мен даналығын бойында

сақтап, атадан – балаға, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына» [7; 221 б.].

Жекелеген түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер Р. Сәрсенбаев, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Н. Чекменов, Ш. Усупбеков, Х. Карасаев, Б. Саримсаков, Г. Садвакасов, Т. Ниетуллаев, Е. Бердимуратов, Н. Исанбет, Х. Махмутов, З. Ураксин, И. Ғарипов, З. Сиразитдинов, Б. Мамаев, С. Алиев, т.б. зерттеушілер тарапынан зерттелді. Х. Мамедов, А. Нұрмұханов, Қ. Қалыбаева, т.б. зерттеушілер түркі мақал-мәтелдерін салыстырмалы тұрғыдан қарастырды. Осы орайда, салыстырмалы паремиологияның теориялық және әдістемелік ұстанымдарын қарастырған Э.Я. Кокаренің мақаласы [8; С. 274-289] түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттеуде де маңызды екенін көрсету орынды. Түркі тіл біліміндегі мақал-мәтелдердің зерттелуі бастапқы кезде құрылымдық бағытта болса, соңғы жылдары антропозектік зерттеулерге басымдық берілуде. Түркі мақал-мәтелдерінің этномәдени мазмұнын, семантикалық даму жолын айқындауға мол мүмкіндік беретін құнды еңбек – академик Ә.Т. Қайдаровтың зерттеуі [9].

Г.Л. Пермяков мақал-мәтелдер семантикасының үш деңгейлі құрылымын көрсетеді – лингвистикалық (сөйлем түрі), логика-семиотикалық (мақал-мәтелдің жалпылама түпкі мәні); заттық-бейнелі (жекелеген этностық дәстүрге тән логикалық идеялардың заттануы, жүзеге асырылуы) [10; С. 78-95]. Мақал-мәтелдердің әмбебап типологиялық классификациясының негізіне алынған бұл жіктеме бойынша паремиосеманың бірінші деңгейі – мақал құрамындағы сөздер мен синтаксистік құрылымның дәлме-дәл тура мағынасы; екінші деңгейі – логикалық негізде анықталатын жалпылама мағына; үшінші деңгейі – өмірдегі түрлі жағдайға байланысты қолданылатын жағдаяттық немесе прагматикалық-функционалдық мағына.

«Табиғат құбылыс атауларымен байланысты мақал-мәтелдер әлем халықтарының барлығының тілінде кездеседі. Кейбір мақал-мәтелдерде табиғаттың әдемілігі туралы сөз қозғалса, кейбірінде табиғат апаттары туралы айтылады» [11; 140 б.]. Қазақ тілінде табиғи құбылыс атаулары қатарына жататын метеорологиялық лексика қатысатын мақал-мәтелдер аса көп емес. Саны аз болса да, құрамында метеонимдер бар мақал-мәтелдер халықтың метеорологиялық құбылыстарды қабылдауы мен тануына, бағалауы мен аналогиялық пайымдауына негізделген тұтас тәжірибелік білім қорын сипаттайды. Түркі тілдеріндегі метеонимдер арқылы жасалған мақал-мәтелдердің семантикалық ерекшеліктері бірнеше тіл деректері негізінде салыстыра қарастырған зерттеулер жоқтың қасы.

Түркі тілдерінің көне қабаттарына жататын метеонимдердің семантикалық жағынан түрленіп, ауыс мағынада қолданылуы мақал-мәтелдер құрамында айқын аңғарылады. Бұл паремиялық мағынаның түрленуіне, прагматикалық-функционалдық мағынаның бірнеше реңкке ие болуына ықпал етеді. Мәселен, түркі тілдеріндегі шаң-топырақты, қарды бұрқырата үйіріп, ұшырып соғатын, қозғалысы тез, қатты жел мағынасын беретін *boran* ~ *buran* ~ *booron* лексемасы арқылы жасалған туынды сын есім *borandī* ~ *boranlī* ~ *burandī* ~ *buranlī* ~ *boorondū* ~ *buranliq* сөзінің «боран соғып тұрған күн» деген тура мағынасынан басқа «жайсыз, қолайсыз», «қарбалас», «суық», т.б. мәндерде қолданылуы мақал мағынасының қолданылу аясының кеңеюіне тікелей әсер ететінін аңғаруға болады: қаз. *Боранды күні бала мен ит құтырады* (*Borandī küni bala men ijt qutiradī*)/



*Боранды күні ит пен қатын құтырады* (Borandī küni ijt pen qatīn qutīradī) ~ ққалп. *Boranlı küni bala menen ijt qutīradı* (Boranlı küni bala menen ijt qutīradı) ~ құм. *Боранлы гюн ит кѳутурур* (Boranlı gün ijt quturur) ~ қырғ. *Бороонду күнү бала менен ит кутурат* (Boroonduu күнү bala menen it kuturat) ~ ноғ. *Боранлы куьни бала ман ийт құтырады* (Boranlı küni bala men ijt qutīradī) ~ тат. *Эт буранлы көндә котырыр* (Et buranlı köndä qotīrīr) ~ түркм. *Ajal näbilsin – dagda borandyr, öjde oturyp, hökmürowandyr* [Ajal näbilsin – dayda borandīr, öjde oturīp, hökmürowandīr] *әйелдің таудағы боранда шаруасы жоқ, үйде отырып, ақыл айтар, қалағанын істейді* ~ ұйғ. *Боранлиқ күндә бала билән ишт қутрайду* (Boranlıq күндә bala bilän išt qutrajdu). Мақалда жайсыз ауа-райында көңіл көтергісі келетін адамдардың әрекеті сипатталады, көбінесе үйде асыр салып ойнаған балалар мен ауа-райының жайсыздығына қарамай қыдырғысы келген әйелдерге қатысты қолданылады. Мақалдың синтаксистік тура мағынасы «боран соғып тұрған кезде бала мен қатынның және иттің іші пысып, ерігеді»; жалпы логикалық мағынасы «қолайсыз уақытта орынсыз іс-әрекет жасау»; жағдаяттық-функционалдық мәндері «күн райының қолайсыздығына қарамастан көңіл көтеру немесе дәл сол кезде аса маңызды емес шаруамен айналысу» (тек боран соғу емес, жаңбыр, қар жаууы немесе жауын-шашынсыз-ақ күн райының аса суық болуы), «жұмыс көп, қарбалас уақытта орынсыз әрекет жасау», «отбасына немесе жеке адамның басына белгілі бір ауыртпалықтар түскенде, шешілуі қиын мәселелер туындағанда жақындарының орынсыз іс-әрекеттермен айналысуы», «қарбалас уақытта ер-азаматтар немесе үлкендер маңызды істермен айналысып, қолы тимей жатқанын пайдаланып, бала-шағаның, қыз-келіншектердің көңіл көтеруі». Көрсетілген паремиясемалар арасындағы семантикалық сабақтастық та, паремиялық мағынаның дамуы да мақал-құрамындағы *boran~buran~booron* тірек сөзінің семантикалық деривациясының аясында айқындалып, жүзеге асады.

Паремиялогиялық параллельдер әр тілде өзіндік тұлғалық-құрылымдық ерекшеліктерімен қолданылғанымен, жалпы паремиялық мағынаның өрбу үдерісі ортақ болып келеді, мысалы, талданып отырған мақалдың синтаксистік құрамындағы *ijt* сөзі кейбір тілдерде *bōri~börü* «бөрі» лексемасымен алмастырылып қолданылғанымен: қбал. *Бөрю боранлы кече чабар* (Bögü boranlı keče çabar) «Бөрі боранды күні шабар») ~ башқ. *Буранлы көн бүрега иркенлек* (Buranlı kön büregä ijrkinlik) «Боранды күні бөріге еркіндік». Мақалдың түрік тіліндегі нұсқасы құрамында *boran* сөзінің орнына *güzgar* «боран» лексемасы қолданылады: *Rüzgarlı günde pamuk atılmaz* (rüzgarlı günde pamuk atılmaz) «боранды күні мақта ашылмас», паремиялық мағынаның жалпы-логикалық мәні «қолайсыз уақытта игі іс болмайды» идеясына басымдық береді. Қазақ тіліндегі *ізғар* (*ызғар*) сөзі «үскірік, өңменіңнен өтердей қатты суық» мәнін береді.

Паремиялогиялық зерттеулерде мақал-мәтелдің жеті түрлі прагматикалық қызметі көрсетіледі: 1) модельдеу қызметі; 2) тәрбиелік қызметі; 3) болжамдық қызметі; 4) магиялық қызметі; 5) жағымсыз коммуникативті қызметі, 6) көңіл көтеру, сергіту қызметі, 7) көркемдік қызметі [10; 87 б.]. Осы тұрғыдан келгенде, *Боранды күні бала мен ит құтырады/Боранды күні ит пен қатын құтырады* мақалының прагматикасын айқындайтын – танымды үлгілеу; тәрбие беру; болжау; сынау; жағымсыз көзқарасты білдіру; бағалауыштық; көңіл-күйді сергіту, т.б. қызметтері паремиялық мазмұн аясындағы семалар арқылы халықтың дүниетанымына сәйкес жағдаяттық қолданыстың сұранысын өтейді.

Түркі мақал-мәтелдері құрамында біршама белсенді қолданылатын метеонимдердің бірі – *bult~bulut~bulit~bolit~nělēm* [12; 124 б.] «атмосферадағы қоюланған су буының топтанған жиыны» [13; 124 б.] және осы сөз арқылы жасалған туынды сөздер. Жалпы түркілік *bult* сөзінің бірнеше ауыспалы мағынасы бар: «көңілдегі кірбің», «мұң», «ауыртпалық», «қайғы-қасірет», «ашу-ыза». Сол сияқты тұлғалық жағынан түрлі альтернативалық өзгерістерге ұшыраған өзара гомогенді әрі синонимдік қатар түзетін *jaүmir~jaүmir~jamүir~jangur~žañbir~žamgür~čumäg* және *žawun~žawin~žaan* «аспаннан су тамшылары түрінде жерге түсетін атмосфералық ылғал, жауын-шашын» [13; 267, 283 бб.] метеонимдері де бірнеше мақал-мәтелдер құрамында қолданылады. Мақал-мәтелдер құрамындағы *bult*, *žañbir/žawin* лексемалары мен оларға сөзжасам жұрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды сөздердің ауыс мағыналары өзі қатысатын паремиясеманың түрленуіне ықпал етеді, мысалы: қаз. *Bұлттанған күн жаумай қоймас (Bulttanğan күn žawmaj qojmas)* ~ ққалп. *Bultlanğan күn jawmaj qojmas* (*Bultlanğan күn žawmaj qojmas*) ~ қырғ. *Булуттуу күн жаабай койбойт (Bulutuu күn žaabaj kojbojt)* ~ қбалқ. *Булут көп болса, жауун жаумай қалмайды (Bulut көр bolsa, žawun žawmaj qalmajdi)* ~ құм. *Көкде булут болмаса, ерге янғур явмас (Kökde bulut bolmasa, jangur javmas)* ~ ноғ. *Бұлымланған қуьн явмай коймас (Bulutlanğan күn jawmaj qojmas)* ~ тат. *Әйләндергән болым яумый қуймас (äjländergän bolit jawmij qujmas)* ~ әзерб. *Göydän yağmasa, yerdä bitmäz (Göjdän jağmasa, jerdä bitmäz)* ~ уйғ. *Булут қаплиса, ямғур яғмай қалмас (Bulut qarplisa, jamүir jaүmaj qalmas)* ~ чув. *Пөлёт сук – сумәр сук (Pëlēt čuk – čumäg čuk)* паремиясының семантикалық құрылымындағы бірінші деңгейлі синтаксистік тура мағына – «бұлтсыз жаңбыр жаумайды»; екінші деңгейлі логикалық жалпылама мән – «әрбір құбылыстың, іс-әрекеттің, үдерістің өзіндік себебі, алғышарты болады»; үшінші деңгейлі жағдаяттық немесе прагматикалық-функционалдық мағынасы бірнеше мәндерден тұрады – «алда болатын кез келген жағдайға дайын болу», «алда күтілетін қауіп-қатерден сақтану», «біреуге ашуланған адам ұрыс-керіске барады немесе кегін қайтарады», «біреуді түртпектеп, тиісе берген адам түбі бір жамандық жасамай қоймайды», т.б. Прагматикалық-функционалдық мағына жағдаятқа байланысты түрлене беруі мүмкін, бірақ *bult*, *bulttanuw-*, *žañbir/žawin*, *žaw-* лексемаларының семантикалық өрісінің аясында ғана өрбиді.

Күрделі лингвистикалық құрылым болып табылатын мақал-мәтелдердің аса маңызды қызметтерінің бірі оның тәрбиелік мәнімен сипатталады. Ұрпақ тәрбиесінің негізі – адамгершілік пен әдептілікке баулу. Метеонимдер қатысқан паремиялардың да тәрбиелік-дидактикалық мәні зор, мысалы: қаз. *Бұлттан шыққан күн ащы, жаман қатынның тілі ащы (Bulttan šiqqan күn ašši, žaman qatinniң tili ašši)* ~ ққалп. *Bulttan shiqqan күn ashshi, jaman qatinniң tili ashshi* [*Bulttan šiqqan күn ašši, žaman qatinniң tili ašši*] ~ ноғ. *Бұлымтан шыққан қуьн ашы, яман хатынның тили ашы (Bulittan šiqqan күn aši, jaman qatinniң tili aši)* ~ қбалқ. *Булутдан чыкьгъан кюнню таягъы ачы, аман қзатынны тили ачы (Bulutdan čiqqan künnü tajaүй ači, aman qatinni tili ači)* ~ қырғ. *Булуттан чыккан күн ачуу, жаман қатындын тили ачуу (Buluttan čikkan күn ačuу, žaman katindin tili ačuу)* ~ түркм. *Bulutdan çykan gün ýakar, ýaşmakdan çykan – dil (Bulutdan čiqan gün jaqar, jaşmaqdan čiqan – dil)* мақалы әйел затын әдепті, көркем мінезді болуға баулиды. Жалпылама логикалық мәні шайпау мінезді әйелдің аузынан шыққан сөз жүректі жаралайды деген ойды сипаттайды. Әйелдің тілі біреуге қатты тиген жағдайда, әдепсіз әйелдерді сынау мақсатында қолданылады.

Мақал-мәтелдердің тура мағынасы мен жалпылама-логикалық және жағдаяттық мағыналары арасындағы байланыс кейде айқын аңғарылса, кейде жаңа мағыналардың уәждік негізінің күрделілігіне байланысты көмескіленіп тұруы мүмкін, мысалы, жалпы түркілік *jel/žel* [12; 254] «кейде қатты, кейде баяу көлденең бағытта қозғалып соғатын ауа ағымы» [13; 289] моносиллабының қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдеріндегі *jel~žel~džil~çil* нұсқалары және осы атаумен мәндес *samal~šamal* «жанға жайлы, қоңыр салқын жел» [13; 705] метеонимі арқылы жасалған: қаз. *Желмен келген – желмен кетеді* (*želmen kelgen – želman ketedi*) ~ ққалп. *Jel menen kelgen – jel menen ketedi* (*žel menen kelgen – žel menen ketedi*) ~ қбалқ. *Жел бла келген жел бла кетеди* (*žel bla kelgen žel bla ketedi*) ~ құм. *Ел булан гелген ел булан гетер* (*jel bulan gelgen jel bulan geter*) ~ қырғ. *Жел менен келген жел менен кетет* (*žel menen kelgen žel menen ketet*) ~ ноғ. *Ел мен келген – ел мен кетер* (*jelmen kelgen – jelmen keter*) ~ тат. *Жилдән килгән – жылгә киткән* (*džildän kilgän – džilgä kitkän*) ~ түрк. *Sel ile gelen yel ile gider* (*sel ile gelen jel ile gider*) «селмен келген, желмен кетеді» ~ түркм. *Ýel getirenini, ýel äkider* (*jel getirenini, jel äkider*) ~ өзб. *Yeldek kelgan yeldek ketar* (*jeldek kelgan jeldek ketar*) ~ ұйғ. *Шамал билән кәлгән шамал билән кетәр* (*šamal bilän kälgän šamal bilän ketär*) ~ чув. *Çилне килни çилне каять* [*čilne kilni çilpe kajat*] – паремиясының семантикасы құрылымындағы деңгейлік мәндердің сабақтастығы мақалдың тірек сөзі *žel, samal* метеонимдерінің мазмұнына негізделген паремиялық уәждер арқылы ажыратылады. Мақал мазмұны жеңіл жолмен немесе тегін келген дүние-байлықтың берекесі болмайды, қалай тез, оңай келсе, дәл солай тез таусылады деген ойды меңзейді, адал еңбекпен табыс табуды насихаттайды. Жеңіл жолмен тапқан табысын тез арада жұмсап қойған адамдарға қатысты қолданылады.

«Қазақ паремиологиялық қорында «жел» сөзінің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдер негізінен, негатив мәнде жұмсалатыны байқалады» [11; 143 б.]. Түркі тілдеріндегі *jel/žel* лексемасының мазмұнындағы ауыспалы, бейнелі-аналогиялық мағыналары бірнеше семаларды қамтиды: «тұрақсыздық», «тез өзгеруге бейімділік», «жеңілтектік», «өмір сүрудің жеңіл жолын әздейтін пысықайлық», «терең ойлай алмау», «бос сөз», «өсек-аяң», «өтірік сөз», «мақтаншақтық», «даңғойлық», «сөзінде тұрмау», т.б.

Қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдеріндегі *Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды* (*žel turmasa, šöptiñ bası qijmildamajdi*) ~ қырғ. *Жел жүрбөсө чөптүн башы кыймылдабайт* (*žel žürböso čöptün başı kijmildabajt*) ~ ноғ. *Ел болмаса, шоьп басы кыймылдамас* (*jel bolmasa, šöp bası qijmildamas*) ~ қбалқ. *Жел урмаса, чөп кьалтырамаз* (*žel urmasa, čöp qaltiramaz*) ~ ққалп. *Samal bolmasa, shöptiñ bası qıymildamaydı* (*samal bolmasa šöptiñ bası qijmildamajdi*) ~ ұйғ. ~ башқ. *Ел исмәй, кура хелкенмәй, бер үпмәй, йөрәк елкенмәй* (*jel ijpmäj, qwra hilkinmäj, bir ýpmäj, jüräk jelkimäj*) `жел соқпаса, қора қозғалмайды, сүймесең жүрек толқымайды` ~ тат. *Жил тими, үлән башы селкенмәс* (*džil timi, ülän başı selkenmäs*) ~ әзерб. *Külək äsmäyincə yarpaq tärpənməz* (*küläj äsmäjindžä jarpaq tärpänmäz*) ~ түрк. *Rüzgar esmeyince yaprak oynamaz* (*rüzgar esmejindže japrak oynamaz*) ~ түркм. *Şemalsyz çöp başy gımyldamaz* (*šemalsiz çöp başı gımildamaz*) ~ өзб. *Shamol bo'lmasa, daraxt uchi qimirlamaydi* (*šamol bōlmasa, dāraht uči qimirlamajdi*) ~ ұйғ. *Шамал чиқмиса дәрәқ еғаңлимас* (*šamal çiqmisa dārāq eyañlimas*) ~ чув. *Йывăç çилсёр чёриклетмест* (*jivăç çilsër çerikletmest*) «желсіз ағаш (тал) қозғалмас» паремиясының жалпылама логикалық мәні ешнәрсе өздігінен болмайды, бір нәрсе екінші нәрсенің пайда болуына себепкер болатынын сипаттайды. Паремиялық мағынаның түрленуіне *jel/žel* лексемасының мазмұнындағы «бос сөз», «өсек-аяң»

семалары ұйтқы болып тұр. «Қазақ паремиологиялық қорында *жел* сөзінің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдер негізінен, негатив мәнде жұмсалатыны байқалады. Мұның түпкі себебі *жел* сөз тіркесінде жатса керек. Шындыққа жанаспайтын өсек адам жанын жаралайтыны мәлім. Мысалы, күйеуінен айрылған, жалғызбасты әйелдің артынан қаңқу сөздің көбірек еретіні туралы тұжырым тілдік санамызда *Жесірдің етегін жел көтерер, жел көтермесе, ел көтерер* деген мақал түрінде таңбаланған» [11; 143 б.].

Түркі халықтарының табиғат құбылыстары жайлы таным-түсінігі жалпы түркілік мәдениетінің қалыптасуына, дүниетанымының кеңеюіне, этномәдени болмысының даралануына ықпал етіп, түркі тілдерінің көркемдік әлеуетінің артуына, паремиологиялық қордың баюына ықпал етті.

Ұланғайыр аумақты мекен еткен, табиғатпен етене жақын түркі халықтары тіліндегі атмосфералық-метеорологиялық лексика арқылы жасалған мақал-мәтелдердің мазмұны олардың табиғат құбылыстары жайлы тұжырымдамалық білім-тәжірибесін сипаттайды.

Мақал-мәтелдер мағынасының дамуы құрамындағы метеонимдердің семантикалық өрісі ауқымында жүзеге асады; тірек сөздің өзек семасы мен шеткері-жанама семалары паремиялық мағынаның түрленуіне, паремioseмалардың ыдырауына, даралануына ықпал етеді: қаз. *Жаңбыр жаумай су болған* (žañbır žawmaj suw bolğan) ~ ққалп. *Jawın jawmaj hól bolğan* (žawın žawmaj hól bolğan) ~ қбалқ. *Жауун жаумай суу болған* (žawun žawmaj suw bolğan) ~ құм. *Янгур явмай, сув болған* (jangur jawmaj, suw bolğan) ~ ноғ. *Жамгыр жаабай суу болгон* (žamgır žaabaj suu bolgon). ~ ұйғ. *Ямғур яғмай һөл болған* (jamǵwr jaǵmaj hól bolğan) ~ чув. *Кахал сын сине сумәр вищә кун малтан саватъ* (kahal čin čine čumār viščë kun maltan čävat) «жалқау адамға жаңбыр үш күн бұрын жауады» паремиясының жалпылама-логикалық мағынасы – «белгілі бір іс басталмай жатып, не істерін білмей, есі шығып, дал болу», жағдаяттық-прагматикалық мағынасын «еш нәрсе істемей-ақ, өзінен өзі әбіржіп жүру», «ешқандай айыбы болмаса да, зардап шегу», «өзінің аңғалдығынан кездейсоқ бір қиындықтарға тап келу» мәндері құрайды. Паремиялық мағынаның түрленуіне *žañbır/žawun* метеонимінің мазмұнындағы өзек семадан тыс «ауыртпалық», «қиындық», «зиян шегу» шеткері семалары негіз болып тұр. Паремioseмалар арасындағы семантикалық сабақтастық та мақал-мәтел құрамындағы метеонимнің мағыналық реңктері мен жанама семалары арқылы айқындалады.

Паремиологиялық параллельдер әр тілде өзіндік тұлғалық-құрылымдық ерекшеліктерімен қолданылғанымен, жалпы паремиялық мағынаның өрбу үдерісі ортақ болып келуі жалпытүркілік дүниетанымды сипаттайды: қаз. *Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер* (žañbirmen žer kögerer, batamen er kögerer) ~ ққалп. *Jawın menen jer kógerer, pátiya menen er kógerer* (žawın menen žer kögerer, pátiya menen er kögerer) ~ башқ. *Ямғыр менән ер йәшәрә, доға менән ил үчешә* (jamǵır minän jer jäsärä, duǵa minän ijl ýšišä) ~ қбалқ. *Жауундан жер жашнар, алғъышдан эр онгар* (žawundan žer žaşnar, alǵışdan äŕ oǵar) ~ құм. *Янгур булан ер яшнар, бирлик булан эл яшнар* (jangur bulan jer jašnar, birlik bulan el jašnar) ~ қырғ. *Жамгыр менен жер көгөрөт, бата менен эл көгөрөт* (žamgır menen žer kögöröt, bata menen el kögöröt) ~ ноғ. *Явын мынан ер атар, бата мынан эр коьтерилер* (jawın minan jer atar, bata minan er köteriler) ~ тат. *Явым белән жңир яшәреп, дога белән ир яшәреп* (jawım belän džir jäsärer, doya belän ir jäsärer) ~ өзб. *Yomg'ir bilan yer ko'karar, duo bilan – el* (jomǵır bilan jer kökarar, duo bilan – el) ~ ұйғ. *Ямғур билән йәр көкирәр, әмгәк билән*

– әр (jamŷur bilän jār kökirär, ämgäk bilän – är) ~ түркм. *Alkyş bilen är gögär, ýagmyr bilen – ýer* (alqış bilen är gögär, jaŷmīr bilen – jer) ~ әзерб. *Yağsa yağış, bitər qamış* (jaŷsa jaŷış, bitär qamış) ~ чув. *Сумәр сусан курăк тапранатъ тет* (çumär çusan kurăk tapranat). Паремияның жағдаяттық мәнінің дамуына *žañbir/žawun* лексемасының «ырыс», «несібе», «береке-байлық» семалары арқау болса, «жаңбыр – тамшы, тамшы – су, су – тіршілік нәрі» деген әмбебап тұжырымдамалық ұғым паремиялық семантиканың уәждік негізін құрайды.

## Қорытынды

Түркі халықтарының табиғат құбылыстары туралы пайымы мен өмірлік тәжірибесі олардың табиғатқа бейімделе тіршілік етуіне, табиғи құбылыстарды игілігіне жарата білуіне ықпал етті; адами қасиеттер мен адамгершілікке жат әдеттерді, этикалық талғамдары мен жағымды-жағымсыз эмоцияларын табиғат құбылыстарының қасиеттерімен салғастыра-салыстыра бағалауға дағдыланды. Түркілердің табиғат құбылыстары жайлы білім қорын айқындаудың лингвистикалық-ақпараттық көзі – атмосфералық құбылыстарды сипаттайтын метеонимдер мен олар қатысатын мақал-мәтелдер. Көне лексикалық қабатқа жататын метеорологиялық атаулардың терең мазмұны паремиялық мағынаның түрленуіне тікелей ықпал етеді.

Адамзат тіліндегі әмбебап құбылыс болып табылатын мақал-мәтелдер мазмұнының күрделі әрі тереңдігі, көп қатпарлығы – жағдаятты бейнелі-көркем түрде, бірақ нақты беруімен; жалпы адамзаттық тұрмыстың ортақ ұстанымдарын логикалық негізде бейнелеуімен; әр халықтың мәдени-дүниетанымдық, психологиялық ерекшелігін айқындауымен; кез келген нысанды, іс-әрекетті, жағдайды әр деңгейде бағалауымен; тәрбиелік мәнімен; мағыналық түрленуімен сипатталады.

Түркі тілдердегі метеорологиялық лексика қатысатын мақал-мәтелдердің мағыналық дамуы бірнеше уәждік қатынасқа негізделеді: 1) метеорологиялық құбылыс пен оның қасиеттері арасындағы қатынасқа негізделген уәж; 2) адам мен метеорологиялық құбылыс арасындағы қатынасқа негізделген уәж; 3) адами қасиеттер мен метеорологиялық құбылыстың қасиеттері арасындағы қатынасқа негізделген уәж; 4) адам тіршілігі мен тұрмысындағы метеорологиялық құбылыстың пайдасы мен зардабына негізделген уәж; 5) адамның табиғат құбылыстарын танып-білуі мен қабылдауындағы жағымды-жағымсыз эмоцияларға негізделген уәж. Паремиялық мағына құрылымындағы үш деңгейлі мәнінің қалыптасуы, тура мағынадан жалпылама-логикалық мағына мен жағдаяттық прагматикалық-функционалдық мәндердің өрбуі метеонимдердің семантикалық өрісі аясында жүзеге асады. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар тобына жататын тілдердегі құрамында метеонимдер бар паремиялық параллельдердің семантикалық дамуы негізінен жалпытүркілік дүниетанымға сәйкес өрбиді.

## Авторлардың қосқан үлесі.

**Н.В. Милованова** – әдебиетпен жұмыс, тілдік материалдар жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

**М.Қ. Ескеева** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
2. Данилова Л.В. Метеорологическая лексика тюркских языков. Сравнительно-историческое освещение: автореферат дисс. кандидата филологических наук. – Ташкент, 1972. – 23 с.
3. Шайхулов А.Г. Структура и идеографическая парадигматика односложных корневых основ в кыпчакских языках Урала-Поволжья в континууме ареальной, межтюркской и общетюркской лексики (синописис и таксономия когнитивной сферы «Природа живая и неживая»). – Уфа: Издательство БашГУ, 2000. – 381 с.
4. Левитская Л.С. Метеорология // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. 2-е изд., доп. – Москва: Наука, 2001. – 822 с.
5. Мусаев К.М. Климат // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка / под ред. Э.Р. Тенишева и А.В. Дыбо. – Москва: Наука, 2006. – 912 с.
6. Искандаров А.Г. Метеорологическая лексика башкирского языка: автореферат дисс. кандидата филологических наук. 10.02.02. – БашГУ. – Уфа, 2009. – 24 с.
7. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
8. Кокаре Э.Я. Теория и практика сравнительной паремиологии // Фольклор: образ и поэтическое слово в контексте. – Москва: Наука, 1981. – С. 274-289.
9. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 560 б.
10. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. – Москва: Наука, 1988. – 235 с.
11. Сүйерқұл Б.М., Жармуханова Ж.А. Түрік және қазақ мақал-мәтелдеріндегі табиғат құбылыстары атауларының семантикалық ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2021. – №2 (135). – Б. 138-148.
12. Древнетюркский словарь. Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р.Тенишева, А.М.Щербака. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

**Н.В. Милованова, М.К. Ескеева**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Влияние метеонимов на развитие паремической семантики**

**Аннотация.** Поскольку познание людьми окружающей среды основано на особенностях их восприятия природных явлений, метеорологические названия в языке относятся к древнейшему лексическому пласту. Метеонимы обладают глубоким этнокультурным содержанием и часто являются компонентом пословиц. Метеонимы в пословицах, дающие много информации о мировоззрении и культуре каждого народа, обладают высоким потенциалом трансформации паремического значения. В статье рассматривается семантическая природа паремиологических параллелей, имеющих в своем составе метеонимы, в языках кыпчакской, огузской, карлукской и болгарской групп тюркских языков. Анализируется функция метеонимов в формировании и развитии паремического значения и определяется, что они непосредственно влияют на изменение значения пословиц. Непрерывность трех уровней в семантической структуре пословиц, содержащих метеонимы, - буквальное значение синтаксической структуры,

определяемое на логической основе общее значение паремии, ситуативное или прагматико-функциональное значение, употребляемое в разных жизненных ситуациях, определяется на основе анализа семантического поля метеорологической лексики.

**Ключевые слова:** тюркские языки, метеоним, пословицы, пареомическое значение, семантическая структура, семантическая модификация, прагматически-функциональное значение.

**N.V. Milovanova, M.K. Yeskeyeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

